

## Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2019 - 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 мамырдағы № 360 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 262 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.03.2023 № 262 қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2019 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) бекітілсін.

2. Орталық, жергілікті атқарушы органдар, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар (келісу бойынша) және өзге де ұйымдар (келісу бойынша) Бағдарламаны іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын.

3. Жауапты орталық, жергілікті атқарушы органдар, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар (келісу бойынша) және өзге де ұйымдар (келісу бойынша) "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік жоспарлау жүйесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 29 қарашадағы № 790 қаулысына сәйкес Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары бойынша ақпарат берсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі*

*А. Мамин*  
Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2019 жылғы 31 мамырдағы  
№ 360 қаулысымен  
бекітілген

**Қазақстан Республикасының туризм саласын дамытудың 2019 – 2025 жылдарға арналған**

**МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫ**

МАЗМҰНЫ

1. Бағдарламаның паспорты
2. Кіріспе
3. Ағымдағы жағдайды талдау
  - 3.1. Туристік ресурстарды дамыту
    - 3.1.1. Орналастыру орындары
    - 3.1.2. Ойын-сауық орындары
    - 3.1.3. Мәдени-оқиғалық объектілер
    - 3.1.4. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар
    - 3.1.5. Кәсіпшілікті дамыту
    - 3.1.6. Туризмнің негізгі басым бағыттары: агротуризм, аңшылық-олжалық туризм, экологиялық туризм, этнографиялық туризм, балалар-жасөспірімдер туризмі, медициналық туризм, МІСЕ туризм.
  - 3.2. Туристік дестинациялар мен объектілерге көліктік қолжетімділік
    - 3.2.1. Әуежайлардың инфрақұрылымы және сервисінің сапасын арттыру
    - 3.2.2. Автомобиль жолдарының, Мемлекеттік шекарадан өткізу пунктерінің инфрақұрылымы
    - 3.2.3. Автомобиль көлігінің және тасымалдардың инфрақұрылымы
    - 3.2.4. Теміржол көлігінің және тасымалдардың инфрақұрылымы
  - 3.3. Туристік өнімдер мен көрсетілетін қызметтердің сапасы және қолжетімділігі
    - 3.3.1. Туризм индустриясында адами ресурстарды дамыту
    - 3.3.2. Туристік ұйымдардың қызметін мемлекеттік реттеу жүйесі
    - 3.3.3. Туроператорлар мен басқа туристік ұйымдар қызметтерінің цифрлық қолжетімділігінің деңгейі
    - 3.3.4. Туристік өнімдердің және туристік көрсетілетін қызметтердің қолжетімділігі
  - 3.4. Туристік климат
    - 3.4.1. Визалық және көші-қон режимдерін ырықтандыру
    - 3.4.2. Меймандостық мәдениетін дамыту
    - 3.4.3. Туристердің туристік объектілерде болуының қауіпсіздігін қамтамасыз ету
  - 3.5. Ішкі және халықаралық нарықтарда елдің туристік әлеуетін ілгерілету жүйесі
    - 3.5.1. Маркетинг пен брендингтің тиімділігі
    - 3.5.2. Халықаралық көрмелерге қатысу
    - 3.5.3. Ілгерілету бойынша шараларды қаржыландыру
    - 3.5.4. Бқтимал қаржыландыру көздері
    - 3.5.5. Цифрлық маркетинг
  - 3.6. Қазақстан Республикасының туристік саласын басқару

- 3.6.1. Қазақстан Республикасының туристік саласын басқару жүйесі
- 3.6.2. Қазақстан Республикасының туристік саласын мемлекеттік қолдау
- 3.6.3. Шетелдегі туризмді мемлекеттік қолдау
- 3.6.4. Статистикалық есеп жүйесі
- 3.7. SWOT-талдау
- 4. Бағдарламаның мақсаттары, міндеттері, нысаналы индикаторлары және іске асыру нәтижелерінің көрсеткіштері
  - 4.1. Туристік ресурстарды дамыту
  - 4.2. Туристік дестинациялардың және объектілердің көліктік қолжетімділігін қамтамасыз ету
  - 4.3. Туристік өнімдердің және көрсетілетін қызметтердің сапасымен қолжетімділігін арттыру
  - 4.4. Қолайлы туристік ахуал құру
  - 4.5. Елдің туристік әлеуетін ішкі және халықаралық нарықтарда ілгерілетудің тиімді жүйесін қалыптастыру
  - 4.6. Туристік саланы дамытуды басқару мен мониторингтеу жүйесін жетілдіру
- 5. Бағдарламаның негізгі бағыттары, қойылған мақсаттарына қол жеткізу жолдары және тиісті шаралар
  - 5.1 Туристік ресурстарды дамыту
  - 5.2 Туристік дестинациялардың және объектілердің көліктік қолжетімділігін қамтамасыз ету
  - 5.3 Туристік өнімдердің және көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін арттыру
  - 5.4 Қолайлы туристік ахуал құру
  - 5.5 Елдің туристік әлеуетін ішкі және халықаралық нарықтарда тиімді ілгерілету жүйесін қалыптастыру
  - 5.6 Туристік саланы дамытуды басқару мен мониторингтеу жүйесін жетілдіру
- 6. Қажетті ресурстар
- 7. Қосымшалар

## **БАҒДАРЛАМАНЫҢ ПАСПОРТЫ**

Бағдарламаның атауы

Қазақстан Республикасының туризм саласын дамытудың 2019–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы

Мемлекет басшысының 2018 жылғы 5 қазандағы "Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық жоспардың 19-тармағы: "Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың

<p>Әзірлеу үшін негіздеме</p>	<p>2019 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын әзірлеу және қабылдау";</p> <p>Елбасының 2018 жылғы 10 мамырдағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда аңшылық-олжалық, экологиялық, этнографиялық және агротуризмді дамыту шараларын көздейтін туризмді дамытудың мемлекеттік бағдарламасын әзірлеу жөніндегі тапсырмасы;</p> <p>"5 институционалдық реформаны іске асыру" Ұлт жоспары жөніндегі 100 нақты қадам", атап айтқанда туристік кластерлерді құрудың табысты тәжірибесі бар стратегиялық (негізгі) инвесторларды тарту шеңберінде индустрияландыру және экономикалық өсу бойынша институционалды реформаны іске асыру</p>
<p>Әзірлеу үшін жауапты</p>	<p>Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі</p> <p>1) Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігі, Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігі, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының Инвестициялар және инфрақұрылымдық даму министрлігі, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі, Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі, Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі, Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсіп министрлігі, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісу бойынша), облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдіктері;</p>
<p>Іске асыру үшін жауаптылар</p>	<p>2) Жобалық тәсілге сәйкес Бағдарламаның басқарушы кеңесі бағдарламаның жобалары мен іс-шараларын іске асыруға, оның ішінде өңірлерде іске асыруға Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің және басқа мемлекеттік органдардың саяси лауазымды тұлғаларының жауапкершілігін бекітетін болады</p>
<p>Бағдарламаның мақсаты</p>	<p>2025 жылға қарай Қазақстан Республикасының ЖІӨ жалпы көлемінде туризмнің кемінде 8 % үлесін қамтамасыз ету</p> <p>Туристік ресурстарды дамыту</p> <p>Туристік дестинациялар мен объектілердің көліктік қолжетімділігін қамтамасыз ету</p>

Міндеттері	<p>Туристік өнімдердің және көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін арттыру</p> <p>Қолайлы туристік ахуал құру</p> <p>Ішкі және халықаралық нарықтарда елдің туристік әлеуетін ілгерілетудің тиімді жүйесін қалыптастыру</p> <p>Туристік саланы дамытуды басқару мен мониторингтеу жүйесін жетілдіру</p>
Іске асыру мерзімдері	<p>2019 – 2025 жылдар</p> <p>2025 жылы мынадай көрсеткіштерге қол жеткізу:</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- сырттан келушілердің* санын 9 млн. адамға дейін, оның ішінде шеттен келген туристердің** санын 3 млн. адамға дейін ұлғайту;</li> <li>- ішкі туристердің санын 8 млн. адамға дейін ұлғайту;</li> </ul> <p>*келуші – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасын кесіп өткен шетел азаматы</p> <p>** шеттен келген турист – кәсіби қызметпен байланысты емес &gt;24 сағатты ҚР аумағында өткізген шетел азаматы</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- туристік салада жұмыс істейтіндердің санын 650 000 адамға дейін өсіру;</li> <li>- орналастыру орындары көрсеткен туристік қызметтер көлемінің 2,5 есе өсуі (270 млрд. теңгеге дейін);</li> <li>- негізгі капиталға инвестициялар көлемінің 3 есе өсуі (600 млрд. теңгеге дейін);</li> </ul>
Нысаналы индикаторлары	<ul style="list-style-type: none"> <li>- туристерді тарту үшін маркетинг пен брендингтің тиімділігі – 2025 жылға қарай "БЭФ саяхаттар мен туризмнің бәсекеге қабілеттілігінің индексі" рейтингінде 80-орын (2017 жылы – 102-орын);</li> <li>- әуе көлігінің инфрақұрылымын дамыту – 2025 жылға қарай "БЭФ саяхаттар мен туризмнің бәсекеге қабілеттілігінің индексі" рейтингінде 60-орын (2017 жылы – 71-орын);</li> <li>- жерүсті және порт инфрақұрылымын дамыту - 2025 жылға қарай "БЭФ саяхаттар мен туризмнің бәсекеге қабілеттілігінің индексі" рейтингінде 80-орын (2017 жылы – 91-орын);</li> <li>- туристік сервистің инфрақұрылымын дамыту - 2025 жылға қарай "БЭФ саяхаттар мен туризмнің бәсекеге қабілеттілігінің индексі" рейтингінде 70-орын (2017 жылы – 97-орын);</li> <li>- халықаралық ашықтық – 2025 жылға қарай "БЭФ саяхаттар мен туризмнің бәсекеге қабілеттілігінің индексі" рейтингінде 70-орын (2017 жылы – 113-орын);</li> </ul> <p>2019 – 2025 жылдары Бағдарламаны іске асыруға республикалық бюджетте қарастырылған жалпы шығындар 1 385 695,8 млн. теңгені құрайды<sup>1</sup> (РБ – 268 291,8 млн. теңге*, ЖБ 172 167,9 млн. теңге*, басқа көздер – 945 236,2 млн. теңге), оның ішінде: 2019 жыл:</p>

Қаржыландыру көлемі мен көздері

барлығы – 58 748,7 млн. теңге;  
РБ – 49 639,1 млн. теңге;  
ЖБ – 3 403,6 млн. теңге;  
басқа көздер – 5 706,0 млн. теңге.  
2020 жыл:  
барлығы – 216 890,2 млн. теңге;  
РБ – 37 142,6 млн. теңге;  
ЖБ – 17 783,2 млн. теңге;  
басқа көздер – 161 964,4 млн. теңге.  
2021 жыл:  
барлығы – 293 248,6 млн. теңге;  
РБ – 54 830,3 млн. теңге;  
ЖБ – 45 556,7 млн. теңге;  
басқа көздер – 192 861,6 млн. теңге.  
2022 жыл:  
барлығы – 325 273,6 млн. теңге;  
РБ – 51 637,7 млн. теңге;  
ЖБ – 37 863,7 млн. теңге;  
басқа көздер – 235 772,2 млн. теңге.  
2023 жыл:  
барлығы – 240 787,5 млн. теңге;  
РБ – 33 609,0 млн. теңге;  
ЖБ – 28 635,3 млн. теңге;  
басқа көздер – 178 543,2 млн. теңге.  
2024 жыл:  
барлығы – 157 236,6 млн. теңге;  
РБ – 22 115,4 млн. теңге;  
ЖБ – 19 939,6 млн. теңге;  
басқа көздер – 115 181,6 млн. теңге.  
2025 жыл:  
барлығы – 93 510,6 млн. теңге;  
РБ – 19 317,6 млн. теңге;  
МБ – 18 985,8 млн. теңге;  
басқа көздер – 55 207,2 млн. теңге.

\* сомалар тиісті қаржы жылына арналған мемлекеттік бюджетке сәйкес нақтыланатын болады

---

<sup>1</sup>есеп-қисаптар жаңа деректер ескеріле отырып түзетілуі мүмкін

## 2. КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының туризм саласын дамытудың 2019 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) Мемлекет басшысының 2018 жылғы 5 қазандағы "Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру" атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 19-тармағын; 2018 жылғы 9-10 мамыр аралығында Алматы облысына сапар

барысында Елбасы берген тапсырманы, "5 институционалдық реформаны іске асыру жөніндегі 100 нақты қадам" Ұлт жоспарын, атап айтқанда, туристік кластерлерді құрудың табысты тәжірибесі бар стратегиялық (негізгі) инвесторларды тарту шеңберінде индустрияландыру және экономикалық өсу бойынша институционалдық реформаны іске асыру үшін әзірленді. Бағдарлама сондай-ақ Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарында белгіленген экономиканы әртараптандырудың басты бағыттарына және "Қазақстанның әлемнің ең дамыған 30 мемлекетінің қатарына кіруі жөніндегі тұжырымдама туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 17 қаңтардағы № 732 Жарлығына сәйкес Қазақстанды 2050 жылға дейін ұзақ мерзімді дамытудың стратегиялық бағыттарына сәйкес әзірленді.

Бағдарлама Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 30 маусымдағы № 406 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының туристік саласын дамытудың 2023 жылға дейінгі тұжырымдамасында көрсетілген саланы дамытудың негізгі қағидаттарын ескере отырып әзірленді.

Әлемдік экономиканың дамуының қазіргі жағдайларында туризм жетекші және қарқынды дамып келе жатқан салалардың біріне айналып келеді. Бюджетке салықтық түсімдердің, шетел валютасы ағынының, жұмыс орындары санының өсуі есебінен туризм экономиканың басты секторларының (көлік, байланыс, құрылыс, ауыл шаруашылығы, жаппай тұтынылатын тауарлардың өндірісі) дамуына үлес қосады.

Тиімді геосаяси жағдайда орналасқан Қазақстан қомақты тарихи-рекреациялық ресурстарды әрі әлемдік мәдени және тарихи мұра объектілерін, бірегей табиғи алуан түрлілікті иелене отырып, жаңа туристік өнімдерді дамыту әлеуетіне және әлемдік туризм картасында ірі ойыншыға айналуы үшін барлық қажетті алғышарттарға ие.

Алайда, қазіргі уақытта туризм саласының даму қарқыны орташа, ұлттық ауқымдағы әлеуметтік-экономикалық әсері мардымсыз. Қазақстан Республикасына туристік ағынды ұлғайту мақсатында кедергілерді азайту және саланы стратегиялық жоспарлау арқылы саланың әлеуетін дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасау керек.

Осы Бағдарлама туристер қызығатын орындарды дамыту және еңбек ресурстарын туризм саласына жаппай тарту, сыртқы және ішкі туристік ағынды түбегейлі өсіру, қолайлы туристік ахуал құру арқылы туристік салаға инвестицияларды ұлғайту, ішкі және халықаралық нарықтарда Қазақстанның туристік әлеуетін танымал ету, елдің туристік саласын толыққанды институттандыру арқылы туристік көрсетілген қызметтер мен өнімдердің қолжетімділігін және сапасын, сондай-ақ халықтың өмір сапасының деңгейін арттыруға бағытталған.

Бұл ретте, Бағдарламаны іске асырудың бастапқы кезеңіндегі мемлекеттің белсенді рөлі бәсекеге қабілеттілікті одан әрі дамыту және арттыру үшін сала субъектілеріне қажетті қолдауды етеді.

Бағдарламаны қабылдау отандық туристік саланың тиімді дамуы үшін қажетті жағдай жасайды және 2025 жылы ЖІӨ құрылымында 8 %-дық үлеске қол жеткізу міндеттеріне жетуге мүмкіндік береді.

Ағымдағы жағдайды талдау және Мемлекеттік бағдарламаны әзірлеу барысында саланың негізгі проблемалары айқындалды және Мемлекеттік бағдарлама арқылы шешілуі тиіс басты міндеттер анықталды.

Олар мынадай міндеттер:

туристік ресурстарды дамыту;

1) туристік ресурстарды дамыту;

2) туристік дестинациялардың және объектілердің көліктік қолжетімділігін қамтамасыз ету;

3) туристік өнімдер мен көрсетілетін қызметтердің сапасын және қолжетімділігін арттыру;

4) елде қолайлы туристік ахуал құру;

5) туристік саланың инвестициялық тартымдылығын арттыру;

6) маркетингтің тиімділігін арттыру және ұлттық туристік брендті ілгерілету;

7) туристік саланы басқару жүйесін жетілдіру.

### **3. Ағымдағы жағдайды талдау**

Туризм әлем шаруашылығының аса ірі саласы болып қана қоймай, ең жылдам дамып келе жатқан саласы да болып табылады, оның өсу қарқындары экономиканың басқа салаларының өсу қарқындарынан 2 есе дерлік алда. Түйінді көрсеткіштер жағынан, оның ішінде инвестициялық салымдардың тиімділігі жағынан, туризмді мұнай өндіру өнеркәсібімен салыстыруға болады.

Әлемдік жиынтық өнімнің шамамен 10 %-ы, әлемдік көрсетілетін қызметтер экспортының 30 %-ы, әлемдік инвестициялардың 7 %-ы, жұмыс орындарының 10 %-ы және барлық салық түсімдерінің 5 %-ы туризм саласына тиесілі.

Бір шетел турісінен түсетін табысқа баламалы кіріс үшін әлемдік нарыққа шамамен 9 тонна тас көмір, немесе 15 тонна мұнай, немесе 2 тонна жоғары сұрыпты бидай шығару керек. Бұл ретте шикізат сату елдің энергия жеткізгіштерін сарқиды, ал туризм ресурстарды жаңғыртады. Елге келетін әрбір турист әрбір сағат сайын шамамен 20 доллар жұмсайды, 30 турист 1 жұмыс орнын береді.

Көрсетілетін қызметтермен экспорттық-импорттық операцияларды орындайтын сыртқы сауданың маңызды сегменті бола отырып, туризм "көрінбейтін" экспорт қасиетіне ие. Өнімі тұтынушыға тасымалданатын



экономиканың басқа салаларынан ерекшелігі туризм адамдардың рекреациялық ресурстар шоғырланған орындарға көші-қонын тудырады, ал бұл ресурстар белгілі бір жерде тұтынылады.

Қазіргі уақытта туризм бизнестің әлемдегі ең табысты түрлерінің бірі болып табылады. Әлемдік капиталдың шамамен 7 %-ын пайдалана отырып, туризм мұнай және мұнай өнімдерін, автокөліктерді экспорттаудан кейін үшінші орынды иеленді.

БҰҰ Бүкіләлемдік туристік ұйымының (бұдан әрі – UNWTO) бағалауы бойынша 2030 жылға қарай танымал қалалардағы әйгілі курорттарға және тарих пен мәдениет ескерткіштеріне шамамен 1,8 млрд. адам барады деп күтілуде, қонақүй-туристік көрсетілетін қызметтерден түсетін табыс шамамен 2 трлн. АҚШ долл. құрайтын болады, туризм саласында 550 млн. жұмыс орындары ашылады.

Іскерлік туризм индустриясы (MICE) қазіргі ұғымда экономиканың ең перспективалы секторларының біріне айналды. Бүгінгі күні шетелдік ірі компаниялар іскерлік сапарларға жылына шамамен 2 трлн. АҚШ долл. жұмсайды, бұл жалпы шығындардың ішінде кадрлық қамтамасыз ету, салық, жалға алу, IT және байланыс салаларына жұмсалатын шығындардан кейінгі басты бөлігі.

WorldTravel & TourismCouncil (бұдан әрі – WTTC) мәліметтері бойынша 2015 жылы іскерлік туризмнің әлемдік нарығының көлемі 1,106 трлн. АҚШ долл. асты. 2016 жылдың қорытындылары бойынша бизнес-сапарларға жұмсалған шығындар 1,150 трлн. АҚШ долл. дейін өсті, ал 2017 жылы бағалау мәліметтері бойынша 3,7 %-ға ұлғайды және 1,192 трлн. АҚШ долл. дейін жетті.

2026 жылға қарай іскерлік туризмнің жаһандық нарығы 1,658 трлн. АҚШ долл. бағаланады, ал жылсайынғы өсім орта есеппен 3,7 %-ды құрайтын болады.

Қытайда, Үндістанда және Ресейде туризмнің неғұрлым жылдам өсіп келе жатқаны байқалады. Ресей мен Қытайдың ең жақын көршісі ретінде Қазақстан да іскерлік және оқиғалық туризм бойынша әлемде өз орнын алуы мүмкін.

UNWTO болжамдарына сәйкес келесі екі онжылдықта экотуризм саласы қарыштап дамитын болады, ал экотуризмге жұмсалатын жаһандық шығыстар жалпы туризм индустриясымен салыстырғанда жоғары қарқынымен дамитын болады.

Бұдан басқа, бүгінгі күні әлемде ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға жыл сайын 8 млрд. адам барады, олардың 80 %-ы Еуропаға және Солтүстік Америкаға тиесілі. Нәтижесінде тікелей шығыстар түрінде 600 млрд. АҚШ долл. және тұтынушылық шығыстар түрінде қосымша 250 млрд. АҚШ долл. пайда келеді. Сонымен қатар, Халықаралық экотуризм қоғамының бағалауы бойынша нарық жыл сайын 25 %-ға өседі және 470 млрд. АҚШ долл. көлемінде табыс түсіреді.

Әлемдік туристік нарықтағы дәстүрлі аудандардың рекреациялық мүмкіндіктерінің шегіне жетуіне байланысты баруға болатын жаңа аумақтардың пайда болуы арқылы туризмнің өсуі күтіледі.

Азиялық саяхаттар мониторингінің болжамдарына сәйкес 2050 жылы ең қарқынды дамитын туристік нарықтар Бразилия, Ресей, Үндістан, Қытай, Мексика, Оңтүстік Корея, Малайзия, Таиланд болмақ.

Материалдық жағдайға сүйенетін болсақ, жалпы туристік ағында орта тап өкілдері басым. Сонымен бірге, арзан авиарейстердің таралуына, сапарлар мерзімдерінің қысқаруына (1-3 түн), орналасу мен көлік тандауда баламалы тандаудың пайда болуына байланысты бүкіл әлемде саяхаттардың құны төмендеу үстінде.

Туристік көрсетілетін қызметтер нарығындағы жаппай тұтынушының жаңа түрінің ерекшеліктері:

- 1) хабардар болу, білімнің жоғары деңгейі;
- 2) шамадан тыс жайлылықты қажет етпей, көрсетілетін қызметтер сапасына жоғары талап қою;
- 3) даралық және тәуелсіздік;
- 4) сананың экологиялылығы;
- 5) тосын шешімдер;
- 6) жинақылық;
- 7) демалыстағы дене және ой белсенділігі;
- 8) өмірден жақсы әсер алуға ұмтылу.

Осылайша, жаппай конвейерлік туризмнің көптеген мамандандырылған сегменттерге, "икемді" туристік өнімдерге, жаңа туристік бағыттарға, броньдаудың және сатып алудың онлайн-технологияларына сұраныс тудыратын жаппай сараланған туризмге түрленуінің айқын үрдісі байқалады.

2017 жылы WTTC әдіснамасы бойынша Қазақстанның ЖІӨ-дегі туризмнің жиынтық үлесі 6 %-ды құрады. Бұл көрсеткіш үш компоненттен тұрады: тікелей (1,9 %), жанама (2,9 %) және туынды үлес (1,2 %). Тікелей үлес ішкі және шетелдік туристердің шығыстары бойынша көрсеткіштерді, сондай-ақ туристік объектілерді ұстауға арналған мемлекеттік шығыстарды қамтиды. Жанама үлес туризмге инвестицияларды, туризм саласындағы компаниялардың сатып алудың жергілікті мазмұны мен саланы басқаруға арналған мемлекеттік шығыстарды, туристік объектілерді ілгерілетуді және туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Соңында, туынды әсер – туризм индустриясында компания қызметкерлерінің жалпы еңбек шығындары болып табылады.

1-сурет

**ЖІӨ-де туризмнің үлесін қалыптастыру құрылымы**

**Сала алдында 2025 жылға қарай туризмнің ЖІӨ үлесін 8%-ға дейін арттырудың стратегиялық міндеті тұр. Өсім негізгі 3 драйвер есебінен қамтамасыз етіледі.**



Мемлекеттік бағдарламаның стратегиялық мақсатына қол жеткізу – 2025 жылы ЖІӨ құрылымындағы туризмнің үлесін 8%-ға жеткізу үшін жоғарыда аталған үш драйвердің жылдық өсу қарқыны 7-8% болуы керек (2-сурет).

2-сурет

**Туризмнің ЖІӨ-дегі үлесін қамтамасыз ету мақсатына қол жеткізу үшін негізгі көрсеткіштердің қажетті өсу қарқыны**

Туризм үлесі бойынша мақсатқа жету үшін ЖІӨ 8%-ы негізгі көрсеткіштері жылына 7-8%-ға өсуі тиіс

XX ЖІӨ-дегі туризмнің үлесі, 2025 ж.



ДЕРЕЖКӨЗ: жұмыс тобының талдауы

Соңғы жылдары саланың көптеген көрсеткіштері бойынша (1-кесте) серпін оң болғанымен, ол тұрақсыз. Айталық, 2017 жылы ЭКСПО Халықаралық мамандандырылған көрмесінің өткізілуі есебінен көптеген көрсеткіштер өсті, ал 2018 жылы өткен жылдың жоғары базасына қарағанда шамалы төмендеуі байқалды.

Осылайша, ағымдағы ахуалды талдау және болжамдық деректер саланы серпінді дамыту мен Бағдарламаның нысаналы көрсеткіштеріне қол жеткізу үшін туризмнің барлық көрсеткіштері бойынша неғұрлым серпінді өсу қажет деп тұжырым жасау мүмкіндік береді.

1-кесте

2013 – 2017 жылдардағы туристік саланы дамытудың негізгі көрсеткіштері

№	Атауы	2013	2014	2015	2016	2017
1.	Көрсетілетін қызметтер экспорты, млн . АҚШ доллары, олардың ішінде:	5 384,7	6 618,1	6 476,0	6 309,7	6 436,60
	Халықаралық сапарлар (Қазақстан бейрезиденттеріне)	1 522,0	1 467,30	1 533,6		1 780,50

	көрсеткен қызметтер көлемі)				1 548,5	
	оның ішінде:					
	Қазақстан Т М Д елдерінің бейрезиденттеріне көрсеткен қызметтер көлемі	1 164,60	1 094,3	1 132,1	1 161,00	1 368,00
	Қазақстан басқа елдердің бейрезиденттеріне көрсеткен қызметтер көлемі	357,4	373	401,5	387,5	412,5
2.	Көрсетілетін қызметтер импорты, млн . А Қ Ш доллары, олардың ішінде:	12 458,4	12 916,2	11 582,2	11 062,8	10 849,5
	Халықаралық сапарлар (Қазақстан бейрезиденттерінен қабылдаған көрсетілетін қызметтер көлемі)	1 843,3	1 932,00	1 979,0	1 657,8	1 790,60
	оның ішінде:					
	Қазақстан Т М Д елдерінің бейрезиденттерінен қабылдаған көрсетілетін қызметтер көлемі	1 190,90	1 278,2	1 434,0	1 235,40	1 264,90
	Қазақстан басқа елдердің бейрезиденттерінен қабылдаған	652,4	653,8	545		525,7

	көрсетілетін қызметтер көлемі				422,3	
3.	Келу туризмі бойынша келушілер саны, адам	6 841 085	6 332 734	6 430 158	6 509 390	7 701 196
	оның ішінде:					
	ТМД елдері	6 213 390	5 655 246	5 835 592	5 935 690	7 060 630
	ТМД-дан тыс елдер	627 695	677 488	594 566	573 700	640 566
4.	Туризм саласында жұмыс істейтін қызметкерлердің саны, мың адам (өз бетінше жұмыспен айналысатындарды есепке алмағанда):					
	Туризм саласында қызметтер көрсететін туроператорлар, турагенттер және өзге ұйымдар қызметі	6,6	6,5	7,3	7,2	7,3
	Тұруды ұйымдастыру жөнінде көрсетілетін қызметтер	22	25,7	25,3	26,5	27,6
	Санаторий-курорттық ұйымдардың қызметі	10,8	10,3	10,5	10	9,6
	Демалысты, ойын-сауықты, мәдениетпен спортты ұйымдастыру бойынша қызмет	61,5	65,8	68,2	70,2	71,8
	Орташа айлық					

5.	номиналды жалақы, теңге (өз бетінше жұмыспен айналысатындарды есепке алмағанда):					
	Туризм саласында қызметтер көрсететін туроператорлар, турагенттер және өзге ұйымдар қызметі	70 475	71 233	85 002	94 465	108 152
	Тұруды ұйымдастыру жөнінде көрсетілетін қызметтер	76 360	86 272	106 823	112 582	118 606
	Санаторий-курорттық ұйымдардың қызметі	71 059	76 885	77 245	83 385	88 163
	Демалысты, ойын-сауықты, мәдениет және спортты ұйымдастыру бойынша қызмет	57 613	63 238	67 329	82 124	86 208

Дереккөз: ҚР ҰЭМ Статистика комитеті

Бүкіләлемдік экономикалық форумның (бұдан әрі – БЭФ) Саяхат пен туризмнің бәсекеге қабілеттілігінің жаһандық индексіне 2017 жылы Қазақстан 136 елдің ішінде 81-орын алды, 2015 жылғы 85-орынмен салыстырғанда позицияларын шамалы ғана жақсартты (рейтинг 2 жылда бір рет жарияланады).

Қазақстанда туризмнің дамуы үшін жоғары әлеует рейтингтің келесі көрсеткіштерінде көрсетілген:

- бүкіләлемдік мұраның мәдени объектілерінің саны бойынша – 61-орын;
- ауызша және болмашы мәдени мұра объектілерінің саны бойынша – 22-орын;
- бүкіләлемдік мұраның табиғи объектілерінің саны бойынша – 30-орын.

Сонымен бірге, БЭФ пікірінше, туризм саласында қазақстандық рейтингті мына факторлар айтарлықтай төмендетеді:

- туристік инфрақұрылым сапасының төмендігі (отельдер, курорттар, мәдени-сауықтыру объектілері және т.б.) – 121-орын;
- әуе қатынасының жеткіліксіз ашықтығы – 121-орын;
- визалық режимнің күрделілігі – 114-орын;
- жолдар сапасының төмендігі – 106-орын;
- автокөлікті жалға алу бойынша компаниялардың аздығы – 113-орын.
- маркетинг пен брендингтің төмен тиімділігі – 102-орын.

Бұл ретте, бұл бағыттар туризм саласын дамытудың жай-күйін анықтайтын және саланы дамыту бойынша мақсаттарға қол жеткізу үшін назар аудару қажет негізгі көрсеткіштердің бірі болып табылады.

### **3.1. Туристік ресурстарды дамыту**

Туристік ресурстар туристік инфрақұрылымды қалыптастырады. Туристік инфрақұрылымның құрамында екі негізгі элемент бар. Бірінші элемент – орналастыру және тамақтандыру қызметтерін, меймандостық қызметтерін ұсынатын кәсіпорындар. Екінші элемент – туристік өнімді қалыптастыруға қатысатын кәсіпорындар. Олар туристерсіз де жұмыс жасай алады, алайда туристік ағын дестинацияда ұлғайған кезде олардың экономикалық қызмет көрсеткіштері айтарлықтай жоғарылайды. Мұндай объектілерге ойын-сауық орындарын, мәдени-оқиғалық объектерді, ұлттық парктерді және т.б. жатқызуға болады. Дестинациялардың туристік ресурстары дегеніміз де осы.

Жеткілікті мөлшерде дамыған туристік ресурстар туристік дестинацияның қолжетімділігін, туристердің орналасу жайлылығын қамтамасыз етеді, мемлекетке және кәсіпкерлерге табыс әкеледі.

Қазақстан туризмі статистикасының көрсеткіштерін қалыптастыруда туристік инфрақұрылым объектілерінің қызмет көрсеткіштері маңызды рөл атқарады, олар: объектілердің саны, олар қызмет көрсеткен келушілердің саны, көрсетілген қызметтер көлемі. Сондай-ақ туристік инфрақұрылым кәсіпорындарының көрсеткіштері сала ретінде туризмнің ел ЖІӨ-сіне үлесін есептеу кезінде маңызды.

Қазақстанның туристік инфрақұрылымының кәсіпорындарының саны жыл сайын тұрақты түрде өсіп келеді. Алайда, қонақүйлер жыл сайын 8,5%-ға ұлғайғанымен толтырылудың орташа пайызы бұрынғы деңгейінде қалып отыр (соңғы бірнеше жылда орта есеппен 22-25 %-ға).

Демалысты және ойын-сауықты, мәдениетті және спортты ұйымдастыру қызметтерін ұсынатын объектілер өндірген өнімнің және көрсеткен қызметтердің көлемі де жыл сайын 10-15 %-ға өсіп келеді.

Бұл ретте, өңірлерде туризмнің дамуы бар жүйеге түсірілмеген, ең перспективалы туристік дестинацияларды және туристік өнімді дамыту бойынша өңірлік, сондай-ақ жалпы елге ортақ стратегия жоқ.



Тұрақты туристер ағынын қамтамасыз ету және халықаралық туристік ағындардың бір бөлігін Қазақстанға бағдарлау үшін туристік ресурстардың даму деңгейін арттыру керек. Елге келуге сұраныстың басты генераторы ретінде туристік ресурстарды дамытуға мемлекет пен бизнес бар күш-жігерін жұмсауға тиіс.

Халықаралық рейтингтерде (туризмнің бәсекеге қабілеттілігі бойынша 81-орын, табиғи ресурстарды пайдалану тиімділігі бойынша 99-орын, туристік көрсетілген қызметтер сервисінің деңгейі бойынша 97-орын және т.б.) Қазақстанның туристік саласының төмен көрсеткіштері қазіргі уақытта мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдау (саланы жүйелік қолдау бойынша 93-орында) туризм саласын айтарлықтай ілгерілету үшін жеткіліксіз екенін көрсетті.

Қазақстан "жаңадан дамып келе жатқан туристік дестинация" болып табылады. Қазақстандағы туризм инфрақұрылымы шектеулі, туристік өнімдер мен көрсетілетін қызметтер жеткіліксіз. Осындай жағдайларда туризмнің негізгі инфрақұрылымын қамтамасыз ету, өнімдерді әзірлеуде инвестициялар тарту үшін қолайлы жағдайлар жасау, елді туристік дестинация ретінде жақсы қабылдауды қалыптастыру тұрғысынан мемлекеттің араласу қажеттілігі айқын.

Шет елдерінің тәжірибесі көрсеткендей, дамудың осындай кезеңінде объектілердің ашықтықты (визалық режимді жеңілдету), қолжетімділікті (әуе көлігімен және жерүсті көлікпен қамтамасыз ету), инфрақұрылымды және халықаралық стандарттар бойынша орналастыру орындарын қамтамасыз етуге бағытталған бірінші кезектегі шаралардың тиімділігін көрсетеді.

Туристік объектілердің жай-күйін диагностикалау көрсеткендей, Қазақстан Республикасында қазіргі уақытта "туристік магниттер" және "туристік өсу нүктелері" деп аталатын 100-ден астам белгілі туристік объектілер бар.

Сонымен бірге, ресурстардың шектеулі болуына және аталған объектілердің бәрін дамытуға қомақты инвестициялар салу қажеттілігіне байланысты республикалық деңгейде де өңірлік деңгейде де ең тартымды объектілерге басымдық беру немесе іріктеп алу қажеттігі туындайды.

Осыған орай, Қазақстанды туристендіру картасына ең маңызды туристік объектілерді іріктеу жұмысы атқарылды.

Объектінің туристік магнит ретіндегі бірегейлігі мен туристік ағынның әлеуетті өсуі іріктеу критерийлері ретінде пайдаланылды. Сондай-ақ объектілердің тарихи-мәдени маңызды да ескерілді. Мысалы – ЮНЕСКО немесе Ұлы Жібек жолы объектілерінің тізбесіне енген ескерткіштер, сондай-ақ "Рухани жаңғыру" бағдарламасының Киелі объектілері.

Осы объектілердің әлеуетін, болжанатын экономикалық әсерді, сондай-ақ республикалық деңгейде негізгі мәселелерді шешу қажеттілігін назарға ала отырып, Туристендіру картасының объектілері екі деңгейге бөлінді:

біріншісі – республикалық деңгейдегі ТОП-10 басым объектілер;

екіншісі – өңірлік деңгейдегі объектілер.

Республикалық және өңірлік деңгейдегі Туристендіру картасы объектілерінің тізбесі қоса берілген (2 және 3-қосымшалар).

ТОП-10 енген ең перспективалы бағыттар ретінде Қазақстанның мына 10 басым туристік аумақтары қарастырылады:

Алакөл көлі – әлеуеті бір жылда 2 500 000 турист (қазіргі ағым – бір жылда 772 000 турист);

Алматы өңірінің тау кластері – әлеуеті бір жылда 2 500 000 турист (қазіргі ағым – 500 000);

Щучинск-Бурабай курорттық аймағы – әлеуеті бір жылда 2 000 000 турист (қазіргі ағым – 750 000);

Баянауыл курорттық аймағы – әлеуеті бір жылда 450 000 турист (қазіргі ағым – 200 000);

Имантау-Шалқар курорттық аймағы – әлеуеті бір жылда 400 000 турист (қазіргі ағым – 130 000);

Балқаш көлі – әлеуеті бір жылда 400 000 турист (қазіргі ағым – 130 000);

Түркістанның тарихи-мәдени туризмін дамыту – әлеуеті бір жылда 1 500 000 турист (қазіргі ағым – 500 000);

Маңғыстаудың жағажай туризмін дамыту – әлеуеті бір жылда 750 000 турист;

Нұр-Сұлтан қаласында MICE туризмді дамыту – әлеуеті бір жылда 1 000 000 турист;

"Байқоңыр" туристік аймағын ойын-сауық туристік хабы ретінде дамыту әлеуеті – жылына 250 000 мыңнан 500 000 мыңға дейінгі турист.

Бұл дестинациялар туризмді дамытудың басты бағыттары ретінде анықталды, олардың әрбіреуі өз ерекшелігіне, өзіне тән өніміне/әлеуетіне ие.

Туризм индустриясын тиімді дамыту үшін турөнімдерді тиісті құрылымдау және позициялау табыстың басты факторларының бірі болып табылады, мұның туризмді жоспарлау және дамыту жолында елдің әкімшілік-аумақтық бөлінуіне міндетті түрде сәйкес келуі шарт емес. Қазақстанның кейбір өңірлерінің (облыстарының) бірегей "тәжірибесі" мен сипаттамалары ортақ болуы мүмкін әрі олар бірегей басым эксперименталдық құрылыммен бір туристік кластерге түрлендірілуі және туризмнің сыртқы нарықтарына бірегей сауда ұсынысы ретінде берілуі мүмкін.

Таңдалған 10 бағытты дамыту тиімділігі заманауи туристік кешенді қалыптастырудың және Қазақстан экономикасына туризмнің қосатын үлесін арттырудың басты шарты болып табылады.

### **3.1.1. Орналастыру орындары**

Орналастыру орындарының болуы сапар үшін дестинацияны таңдау кезінде басты рөл атқарады. Олардың жеткілікті болуы және сервис деңгейі елдің ішінде де, сондай-ақ сырттан да туристік ағынның көлеміне маңызды әсер етеді.

Ресми статистиканың мәліметтеріне сәйкес 2017 жылы Қазақстанда орналастыру орындарының саны 2 987 бірлікті құрады (өсу қарқыны – 108,4%), оларда 65 791 нөмір бар (өсу қарқыны – 108,8%), сонымен бірге бір уақыттағы сыйымдылық 152 601 кереует-орынды құрады (ЖКИ – 110,5%).

2-кесте

### Қазақстан Республикасында орналастыру орындары бойынша негізгі көрсеткіштер


	2013	2014	2015	2016	2017
Орналастыру орындарының саны, бірлік	1 678	2 056	2 338	2 754	2 987
Нөмірлер саны	41 197	49 128	53 126	60 427	65 791
Бір мезеттегі сыйымдылық, кереует-орын	92 053	109 094	118 355	138 062	152 601
Ұсынылған кереует-тәулік	7 186 444	7 165 232	6 925 106	7 582 785	9 544 646
Орналастыру орындары келушілерге қызмет көрсетті	3 307 752	3 804 447	3 802 225	4 217 782	5 279 406
Кереует-орындардың толтырылуы, %-бен	21,4	21,7	23,2	24,0	25,0

Орташа жылдық толтырылуы (толтырылған кереует-орындардың жалпы нөмір қорына арақатынасы) да оң қарқын көрсетті, 25%-ды құрады (өсу қарқыны – 104,2%). Сонымен бірге толтырылудың ең жоғары деңгейі 5\* санатындағы қонақүйлерге (38,7%), ең төмен – 1\* санатындағы қонақүйлерге (25,5%) тиесілі.

Өңірлердің арасында толтырылу бойынша ең жоғары деңгей Батыс Қазақстан облысына (33,4%) тиесілі болса, ең төмен деңгейді Жамбыл облысы көрсетті (17%).

3-сурет

### Қазақстан өңірлерінде қонақүйлердің толтырылуы (кереует-орын, %)



4-5 жұлдызды отельдер сегментінде пайдалылықтың ең тиімді көрсеткіші байқалады. Орналастыру орындарының орташа өтелуі іске асырылатын жобаның санатына және орналасу орнына байланысты 5-10 жылды құрайды.

Алайда, ресми статистикалық мәліметтерге сәйкес Қазақстанның ешбір өңірі 30% деңгейінде орташа жылдық жүктелу деңгейіне дейін жеткен жоқ, сонымен бірге бизнесмендер жаңа отельдер ашып, жұмыс істеп тұрғандарын кеңейтуді жалғастыруда.

Қонақүй бизнесін жүргізудің әлемдік тәжірибесінде қабылданғандай, қонақүйдің толыққанды жұмысы үшін жүктелу 40-60% деңгейінде болуы керек. егер осы сала елімізде пайдасыз болса, онда жұмыс істеп тұрған қонақүйлерді кеңейту емес, орналастыру орындарын жабу үрдіске айналар еді.

Қазақстан Республикасында мекен ету орындарының құрылымын талдау көрсеткендей, сыныпталатын қонақүйлер ұсыныс нарығының небары 10%-ын ғана құрайды, орналастыру қызметтерінің қалған үлесі халықаралық нормаларға және стандарттарға сәйкес келмейтін санаты жоқ орналастыру орындарына тиесілі.

Мұндай жағдайға әкелетін себептердің арасында қонақүй саласының қазіргі реттелуін атап өтуге болады. Айталық, Қазақстан Республикасында қонақүйлер мен отельдер сыныптау бойынша мемлекетаралық және ұлттық стандарттар қабылданған және қолданылып келеді. Алайда, "Техникалық реттеу туралы" 2004 жылғы 9 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қонақүй қызметтеріне қойылатын талаптар міндетті болып табылмайды, демек, Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрінің 2008 жылғы 11 қарашадағы N 01-08/200 бұйрығымен бекітілген Туристерді орналастыру орындарын сыныптау қағидалары ұсынымдық сипатына ие.

Бұдан басқа, қонақүйлерді жұлдыз саны бойынша сертификаттау кезінде сәйкестікті тексеру өтініш берген кезде бір мезгілде жүргізіледі және одан әрі берілген санатқа сәйкестік мәніне мониторинг жүргізіледі.

3-кесте

### Санаты бойынша орналастыру орындарының үлестірілуі

	2013 жыл	2014 жыл	2015 жыл	2016 жыл	2017 жыл
БАРЛЫҒЫ, оның ішінде:	1 678	2 056	2 338	2 754	2 987
5-жұлдыз	17	20	20	20	22
4-жұлдыз	53	61	75	85	87
3-жұлдыз	103	122	138	138	132
2-жұлдыз	22	20	19	20	18
1-жұлдыз	17	19	17	15	14
санаты жоқ қонақүй	955	1 184	1256	1 441	1 578
басқа жатын орындар	511	630	813	1 035	1 136

Жалпы елге келушілер (ішкі және келу туризмі) 13,3 млн. адамды құрады, олардың ішінде орналастыру орындарында 5,3 млн. тіркелді, бұл елде тіркелген туристтердің шамамен 1/3 бөлігін құрады. Келушілердің қалғаны – шамамен 8 млн. адам басқа орналастыру орындарын пайдаланды (туыстарды, достарды және т.б.).

Барлық туристік ағымдарды талдау үшін ресми статистика деректеріне әкімшілік көздерінің (ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметінің деректері бойынша), сондай-ақ үй шаруашылықтарын тексеруден және шетел қонақтарының деректері кіретініне қарамастан, қонақүйлердің толуына байланысты көрсеткіштер әлі де нақты көрсетілмейді. Жоғары дәрежедегі қонақүйлер орташа жылдық жүктемелері бойынша нақты деректерді жасырады деп болжам жасауға болады.

Толтырылуға қатысты фактілердің бұрмалануы қызмет көрсетілген келушілердің саны (курорттық аймақтарды қоса алғанда), көрсетілетін қызметтер көлемі және т.б. сияқты басқа да статистикалық деректерге әсер етіп, қателіктерге алып келеді, бұл жағдай өз кезегінде шетелдік туристер мен инвесторлар үшін қазақстандық туристік дестинация тартымдылығының төмендеуіне әсер етеді.

Соңғы 3 жылдың қаңтар-наурыз кезеңіндегі орналастыру орындарының көрсеткіштерін талдайтын болсақ, қызмет көрсетілген келушілердің саны жыл

сайын өсіп келеді. Айталық, 2016 жылғы қаңтар-наурыз кезеңінде 839 825 келушіге қызмет көрсетілді, 2017 жылы – 932 603 келуші, 2018 жылы – 968 015 келуші.

Сонымен бірге, 2016 жылы ұсынылған орын-тәулік саны қаңтар-наурыз айларына 1 264 361 құрады, 2017 жылы 1 587 161 дейін өсті, ал 2018 жылы 1 547 130 дейін төмендеді.

Тиісінше, толтырылу көрсеткіші де 2016 жылы қаңтар-наурыз айларында 19,7 %-дан 2017 жылы 21,5 %-ға дейін пропорционалды өсті және 2018 жылы 20,1 %-ға дейін төмендеді.

Бұл отельдердің толтырылу көрсеткішін арттыру үшін қызмет көрсетілген келушілердің санын ұлғайтудың ғана емес, сондай-ақ ұсынылған орын-тәулік санын ұлғайтудың да маңызы бар деген тұжырымға келуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, мейманханашылардың пікірінше, орналастыру орындарының жүктелу көрсеткіштерін арттыру үшін, бірінші кезекте, сұраныс генерациясын арттыру керек. Демек, қосымша туристтерді өзіне тартқысы келген дестинация туристі дестинацияда қосымша уақытқа кідіртуге ықпал ететін оқиғалар қатарын және шараларды енгізетін оқиғалар күнтізбесін қайта қарауы және кеңейтуі тиіс. Келушілер аз келетін маусымда мейманханаларды жүктеу үшін бұл ерекше маңызға ие болады.

Көрсетілетін қызметтерді талдау көрсеткендей, туристік инфрақұрылым кәсіпорындары жыл сайын тұрақты түрде өсіп келеді.

Сонымен бірге, орналастыру орындары көрсеткен қызметтердің жартысынан көбі (55%) Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларына тиесілі.

4-кесте

### Өңірлер бөлінісінде көрсетілген қызметтер, мың теңге

	2013	2014	2015	2016	2017
Қазақстан Республикасы	59 714 164,2	72 401 941,1	72 597 228,3	82 853 434,6	108 359 760,4
Ақмола облысы	3 329 941,1	3 987 484,3	4 255 885,7	5 020 856,3	5 656 946,1
Ақтөбе облысы	1 305 907,8	1 697 767,8	1 445 833,9	1 549 764,0	2 078 793,3
Алматы облысы	1 101 212,4	2 244 240,7	3 202 810,2	4 779 411,8	8 280 288,8
Атырау облысы	8 412 823,5	5 472 461,5	6 802 761,1	7 086 544,2	7 192 536,3
Батыс Қазақстан облысы	1 317 940,0	1 465 823,5	1 970 286,6	2 906 309,2	3 121 014,4
Жамбыл облысы	537 390,2	669 522,3	874 895,3	1 004 788,6	1 258 402,0
Қарағанды облысы	2 884 647,3	3 399 112,3	3 418 374,4	3 872 377,1	4 226 003,2
Қостанай облысы	1 018 681,6	1 109 894,3	1 075 420,3	1 122 255,6	1 506 394,8

Қызылорда облысы	822 941,9	900 957,0	739 374,3	783 860,6	933 647,9
Маңғыстау облысы	5 010 419,4	5 097 621,0	4 656 540,8	3 922 236,3	4 154 705,1
Түркістан облысы	1 398 196,2	1 539 512,2	1 915 253,7	2 730 818,9	3 652 733,9
Павлодар облысы	1 450 686,5	1 612 252,1	1 550 449,8	1 591 832,4	1 852 259,7
Солтүстік Қазақстан облысы	432 000,0	473 721,1	583 507,5	826 061,4	1 000 726,3
Шығыс Қазақстан облысы	2 940 325,5	3 677 811,8	3 290 367,2	3 877 789,5	4 278 273,5
Нұр-Сұлтан қ.	13 292 428,2	18 456 615,4	18 228 423,7	22 116 316,7	36 687 488,0
Алматы қ.	14 458 622,6	20 597 143,8	18 587 043,8	19 662 212,0	22 479 547,1

### Курорттық аймақтар

Қазақстанда сондай-ақ 20 курорттық аймақ бойынша статистикалық есеп жүргізіледі.

2017 жылы барлық 20 курорттық аймақта 815 орналастыру орны тіркелді, жыл сайын бұл көрсеткіш өсіп келеді және екі жылда 26,5% өсу қарқынын көрсетті. Бұдан басқа, курорттық аймақтарда 144 санаторий-курорттық ұйым тіркелді, олардың 48 – курорттық аймақтарда.

Сонымен қатар келушілердің ұлғаюы және көрсетілген қызметтер көлемінің ұлғаюы байқалады. Айталық, 2016 жылмен (730,8 мың адам) салыстырғанда 2017 жылы (979,5 мың адам) курорттық аймақтарға 34 %-ға және 2015 жылмен (530 мың адам) салыстырғанда 84,8%-ға көбірек адам барды сол уақытта көрсетілген қызметтер көлемі 12,5 млрд. теңгені құрады, бұл екі жылдық кезең ішінде 61,5 %-дан астам өсуді көрсетеді.

Алматы курорттық аймағы (Алматы облысының барлық курорттық аймақтарын, оның ішінде Алакөл көлінің Алматы бөлігін қамтиды) қызмет көрсетілген келушілердің саны жағынан алдыңғы қатарда, көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 1,8 есе және 2015 жылмен салыстырғанда 3,8 есе жақсарды. Мәселен, 2017 жылы бұл курорттық аймақ 426,3 мың адамға қызмет көрсетті, сол уақытта екі жыл бұрын келушілер саны 111,3 мың адамды құраған болатын. Осы көрсеткіш бойынша екінші және үшінші орындарды Щучинск-Бурабай курорттық аймағы (150,2 мың адам) және Алакөл – ШҚО жағажайы курорттық аймағы (79,2 мың адам) алады. Келушілердің ең аз саны Катон-Қарағай курорттық аймағында тіркелді (842 адам).

### Мейманханалар

Қазіргі уақытта экологиялық туризмнің белсенді дамуына және танымалдылығының жоғарылауына байланысты мейманханада орналастыру қызметінің өзектілігі өсіп келеді.

Айталық, 2005 жылдан бері Алматы, Қарағанды, Түркістан, Ақмола және Шығыс Қазақстан облыстарында 80-нен астам мейманханалар ашылып, жұмыс істеп тұр.

Ағымдағы жылдың басында Алматы облысында Эко және агротуризмді дамытудың еуропалық орталығының (ЕСЕАТ, Нидерланды) "Орталық Азияда инклюзивті экономикалық даму қауымдастығына негізделген туризмді және ауыл туризмін ұйымдастыру бизнесінің әлеуетін күшейту, 2017-2019 жж." жобасының шеңберінде тағы 10 мейманханалар ашылды<sup>2</sup>.

Бұл жоба Орталық Азияның 4 елінде (Қазақстанда, Қырғызстанда, Өзбекстанда, Тәжікстанда) қатар жүзеге асырылып жатыр және жобаның түпкі мақсаты туристтердің Орталық Азия өңірінде трансшекаралық саяхат жасау мүмкіндігі үшін бірыңғай Орталық Азия желісін құру болып табылады.

Осылайша, Орталық Азияға кешенді турларға сұраныстың белсенді өсуінің аясында мейманханалар бүгінгі күні сұранысқа ие қызмет болып табылатыны белгілі.

Бұдан басқа, туристтерге қызмет көрсету үшін мейманханалар ашу тәжірибесі өңірлерде және ауылдық жерлерде бұқаралық кәсіпкерлікті дамыту үшін жақсы бизнес-кейс болып табылады. Осыған орай, "Нәтижелі жұмыспен қамту бағдарламасының" екінші бағытына аналогия бойынша өңірлерде мейманханалар ашу жобаларын одан әрі жүзеге асыру мүмкіндігін, оның ішінде өңірлерде эко-туристік қызметтердің провайдерлерін оқыту және олардың қызметтерін одан әрі ілгерілету мүмкіндігін қарастыру керек.

Бұл сегментті ілгерілетудің ең қолжетімді әрі өнімді тетіктері – Booking.com, TripAdvisor, AirBnB және т.б. сияқты сайттар болып табылады.

Дегенмен, мейманханалардың көпшілігі еліміздің шалғай аймақтарында орналасқандықтан, ғаламтор желісінің болмауы немесе нашар болуы қаупі бар. Сонымен қатар, мейманханалар иелерінде онлайн-ілгерілету үшін қажетті дағды жоқ.

#### Хостелдер

Қазақстанда хостелдер нарығы 2014 жылдан бастап белсенді дами бастады.

Айталық, 2015 жылы (Қазақстандық қонақүйлер және мейрамханалар қауымдастығының мәліметтері бойынша) Алматыда 53 хостел жұмыс істесе, ал 2017 жылдың маусым айының соңында – 98 (шамамен 6 мың кереует-орын),



Нұр-Сұлтанда – шамамен 100 (шамамен 6,4 мың кереует-орын) жұмыс істеді. Сондай-ақ 2017 жылы қазақстандық нарыққа Nice ресейлік хостелдер желісі енді (Алматы, Ақтөбе қалаларында).

Алматының хостелінде бір тәулік үшін орташа баға 2 мың теңгені құрайды, Нұр-Сұлтан қаласында – 3 мың теңге. Осылайша, нарықтың әлеуетті сыйымдылығы жылына 11,7 млрд. теңгені құрайды.

Хостел қызметтері Қазақстанның өңірлерінде дамымаған. 2018 жылдың шілдесінде Booking.com сайтында Шымкент қаласы бойынша небары 7 хостел, Қарағандыда – 1 хостел, Атырауда – 1, Ақтөбеде – 1, Қостанайда – 1 хостел болды. "Маңғыстауда хостелдер" сұрауы бойынша Интернет желісінде ақпарат мүлдем жоқ.

Өңірлердегі хостел қызметтерінің сұранысқа ие болмауы бағасы төмен бюджеттік қонақүйлердің болуымен және тәулікке жалға берілетін пәтерлердің қолайлы бағасымен түсіндіріледі.

Онлайн-броньдау сайттары хостелдердегі ұсыныстарды қалыптастырудың негізгі арналарының бірі болып табылады, мұндағы аса маңызды көрсеткіш – қонақтардың пікірлері мен ұсынымдарының саны. Оң пікірлер мен ұсынымдар көп болған сайын, жарнаманың конверсиясы соғұрлым жоғары болады.

Хостелдер үшін 5.5.3 "Баспананың басқа түрлерінде көрсетілетін қызметтер" коды көзделген статистикада ескерілмейді.

Орналастыру орындары нарығында хостел сияқты модельдің табысты жұмыс істеуі үшін хостелдердің қызметі үшін институционалдық негіз құру қажет.

2017 жылы Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті төрағасының бұйрығымен "Хостелдерге қойылатын жалпы талаптар" Қазақстан Республикасы Ұлттық стандарты бекітілді, алайда ол ұсынылдық сипатта. Тиісінше, осы стандарт талаптарының қаншалықты орындалатындығына бақылау жасалмайды.

#### Кемпингтер

Кемпингтер – туристерді орналастырудың қолжетімді орны болып табылады. Әлемдегі кемпингтер саны жыл сайын өсіп келеді, өйткені ең төменгі инвестициялармен кемпингтер көптеген туристерді қабылдай алады.

Мысалы, Еуропада 25 мыңға жуық кемпинг бар, олар кереует-орындарының саны бойынша орналастырудың басқа түрлерінің бәрінен асып түседі. Бұдан Қазақстан қалып қойған жоқ, кемпингтердің саны жыл сайын өсіп келеді.

Қазақстандағы кемпингтердің кең тараған түрі – киіз үй глампингі (кемпинг түрлерінің бірі), ол туристер үшін қазақтың көшпелі дәстүрін көрсетеді және шетелдік туристер арасында өте танымал.

Жайлылық пен қызмет көрсетудің әртүрлі деңгейлеріне, сондай-ақ қазақстандық кемпингтерде ұсынылатын қызметтердің жоғары деңгейіне

байланысты, бір күндік кемпингте тұру құны 5 мыңнан 35 мың теңгеге дейін болады. Аймақтық кемпингтердің автотұрақтарында бір автоүйге күнделікті тұрақ құны 5 мың теңгеден 10 мың теңгеге дейін. Сонымен қатар Алматы мен Нұр-Сұлтандағы Қонақүйлердің автотұрақтарында бір автоүйге күнделікті тұру құны 10 мың теңгеден 60 еуроға дейін жетеді, бұл тіпті еуропалық стандарттар бойынша өте жоғары баға болып табылады.

Қазақстанның транзиттік әлеуетін одан әрі дамыту үшін ақылы жолдарға инвестицияларды қайтару, ұлттық саябақтардың қызметін монетизациялау, жоспарланған ойын-сауық іс-шараларға көршілес елдерден көптеген автотуристерді тарту Қазақстанның аймақтарында этноауылдар, трейлерлер парктерін, глампингтер, шатырлы лагерлер түрінде ең қолжетімді орналастыру ретінде кемпингтер желісін кеңейту қажеттігі туындайды.

Қазақстандық кемпингтерде туристерге қызмет көрсету деңгейін жоғарылату үшін ең жақсы халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, "Кемпингтерге қойылған жалпы талаптар" Қазақстан Республикасы Ұлттық стандарттың Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің мақұлдауын қоса алғанда, кемпингтердің саралануы мен ең төменгі талаптарын көрсете отырып, олардың қызметі үшін оларды жобалау мен пайдаланудың институционалдық негіз құру қажет.

Осылайша, келтірілген статистикалық мәліметтер, бір жағынан, Қазақстанда орналастыру орындарының жеткіліксіз даму фактісін, басқа жағынан статистикалық есептің жетілмегендігін, статистикалық ақпараттың бір мәнді еместігін көрсетеді.

Жалпы алғанда, Қазақстанда бүгінгі күні кіру туризмі секторы ел аумағында өткізілетін іскерлік оқиғалық шараларды өткізу есебінен қолдау табады. Қазақстан әлемде сыртқа шығатын туристердің ең жылдам өсіп келе жатқан нарығының ортасында орналасқандықтан, елде іскерлік туризмді дамыту перспективалары да бар. 2020 жылға қарай болжанатындай, Қытай және Ресей, сондай-ақ Үндістан және Таяу Шығыс жыл сайын 220 млн. сыртқа шығатын туристердің өсімін береді.

Ішкі туристер үшін, сондай-ақ шеттен келген туристер үшін де Қазақстанда туризмнің төмен тартымдылығының салдарынан басқа салалармен салыстырғанда туризм саласының инвестициялық тартымдылығының төмен деңгейі байқалады.

Статистикалық мәліметтерге сәйкес 2016 жылы негізгі капиталға салынған инвестициялардың жалпы көлемі 7 762,3 млрд. теңгені құрады, олардың ішінде мекен ету және тамақтану бойынша қызметтерді дамытуға 1%-дан астамы жіберілді (80,8 млрд. теңге), бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 60 %-ға көп. Өнер, ойын-сауық және демалыс саласында 2016 жылы тартылған

инвестициялардың жалпы көлемінен 0,9 % жұмсалды (68,8 млрд. теңге), алдыңғы кезеңмен салыстырғанда 42 %-ға қысқарды.

2017 жылы елдегі туризм салалары бойынша негізгі капиталға инвестициялар (14 ЭҚЖЖ) 295,7 млрд. теңгеге тартылды, бұл 2016 жылмен салыстырғанда 36,6 %-ға көп (202,6 млрд. тг.).

Мемлекеттік қолдау тетіктерінің жеткіліксіз дамуына және сала субъектілері үшін "ұзын" және қолжетімді ақша қаражатының болмауына байланысты ірі инвестициялық жобалар жүзеге асырылмайды.

Техникадағы және технологиялардағы прогресспен байланысты технологиялық факторлар туризмнің дамуына әсер етеді, қызметтердің жаңа түрлерін өндіру, оларды өткізу және клиенттерге қызмет көрсетуді жетілдіру үшін мүмкіндіктер ашады.

### **3.1.2. Ойын-сауық орындары**

Ойын-сауық орындары да туристерді тарту құралы болып табылады.

Ойын-сауық орындарының қызмет ету саласы ресми статистиканың екі саласында көрсетілген.

"Қызметтер" деген бөлімде шығармашылық, өнер және ойын-сауық саласында көрсетілетін қызметтердің, сондай-ақ демалысты ұйымдастыру және спорттық қызметтердің көлемі туралы ақпарат көрсетілген.

Сонымен бірге ойын-сауық және тынығу парктерінің, музейлердің және мәдени-демалыс ұйымдарының қызметі туралы ақпарат бюллетеньдерде "Мәдениет" деген бөлімде қамтылған.

Қазақстан Республикасының аумағында 2017 жылдың соңына жұмыс істейтін ойын-сауық және демалыс парктерінің жалпы саны 143 бірлікті құрады (олардың ішінде 101 – ашық аспан астында, 42 – үй-жайда).

Өңірлер бөлінісінде ойын-сауық және демалыс парктерінің ең көп саны Түркістан (42 бірлік) және Қарағанды (19 бірлік) облыстарында қамтылған.

Техникадағы және технологиялардағы прогресспен байланысты технологиялық факторлар туризмнің дамуына әсер етеді, қызметтердің жаңа түрлерін өндіру, оларды өткізу және клиенттерге қызмет көрсетуді жетілдіру үшін мүмкіндіктер ашады.

### **3.1.2. Ойын-сауық орындары**

Ойын-сауық орындары да туристерді тарту құралы болып табылады.

Ойын-сауық орындарының қызмет ету саласы ресми статистиканың екі саласында көрсетілген.

"Қызметтер" деген бөлімде шығармашылық, өнер және ойын-сауық саласында көрсетілетін қызметтердің, сондай-ақ демалысты ұйымдастыру және спорттық қызметтердің көлемі туралы ақпарат көрсетілген.

Сонымен бірге ойын-сауық және тынығу парктерінің, музейлердің және мәдени-демалыс ұйымдарының қызметі туралы ақпарат бюллетеньдерде "Мәдениет" деген бөлімде қамтылған.

Қазақстан Республикасының аумағында 2017 жылдың соңына жұмыс істейтін ойын-сауық және демалыс парктерінің жалпы саны 143 бірлікті құрады (олардың ішінде 101 – ашық аспан астында, 42 – үй-жайда).

Өңірлер бөлінісінде ойын-сауық және демалыс парктерінің ең көп саны Түркістан (42 бірлік) және Қарағанды (19 бірлік) облыстарында қамтылған. Ауылдық жерлерде 23 парк орналасқан. 2017 жылы парктер 4541 мәдени-бұқаралық шара өткізді.

Парктерде бос уақыт өткізу объектілерінің жалпы саны 3199 бірлікті құрайды. Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында ойын-сауық және демалыс парктері анағұрлым жақсы жаракталған. Оларда тиісінше 544 және 540 бос уақыт өткізу объектілері орналасқан. Объектілердің көбін ойын автоматтары – 1770, аттракциондар – 981, басқа объектілер – 448 құрайды. Сонымен бірге келушілер саны бойынша аттракциондар көш бастап келеді – 11,4 млн. адам Бос уақыт өткізу объектілері не келушілердің жалпы саны 20,4 млн. адамды құрады және 2016 жылмен салыстырғанда 17,0%-ға ұлғайды.

Қазақстан Республикасында адамдар ең көп баратын ойын-сауық және демалыс парктері Алматы қаласында (7 млн. 510 мың адам), Нұр-Сұлтан қаласында (2 млн. 988 мың адам) және Түркістан облысында (2 млн. 325 мың адам) орналасқан.

Сондай-ақ демалысты ұйымдастыру кезінде көрсетілетін қызметтер мен спорттық қызметтердің көрсеткіші бірқалыпты өсу қарқынына ие. 2015 жылы бұл көрсеткіш 139 988,5 млн. тг құрады, 2016 жылы – 160 921,1 млн.тг., 2017 жылы – 180 856,7 млн.тг.

Ойын-сауық парктерінің жалпы саны 143 бірлікті құрайды, олардың ішінде жабық парктер – небәрі 42. Ашық аспан астында 101 парк орналасқан. Жылы маусымның ұзақтығына байланысты оңтүстік облыстарда ашық парктерге деген сұраныс өте жоғары.

Тиісінше жалпы еліміз бойынша, кез келген маусымда бару үшін қолжетімді жабық парктерге мұқтаждық жоғары.

Жабық парктердің көбі Нұр-Сұлтан қаласында (8), Шығыс Қазақстан облысында (6) және Қарағанды облысында (6), Алматы қаласында (5) шоғырланған. Ақмола, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Қызылорда, Павлодар облыстарында жабық ойын-сауық парктері жоқ.

Ойын-сауық парктерін салуды жоспарлау және олардың жұмысы кезінде негізгі проблемалар мыналар: жер учаскелерін бөлудің ұзақ процесі (екі жылға

дейін), өтелудің ұзақ мерзімі (шамамен 10 жыл), дайын мамандардың жеткіліксіздігі, қосарланған салық салу.

### **3.1.3. Мәдени-оқиғалық объектілер**

Қазақстанда 2017 жылы музейлердің саны 240 бірлікті құрады (2016 жылмен салыстырғанда 2 көп). Ең көбі Шымкент қаласында және Түркістан облысында – 28, Алматы облысында – 26, Қарағанды облысында – 22, Ақтөбе облысында – 20, Атырау облысында 17 шоғырланған.

Тарих пен мәдениет ескерткіштерінің, қорық-музейлердің саны 2017 жылы 1453 бірлікті құрады.

2017 жылы республика музейлерінде 153 665 экскурсия өткізілді және тыңдаушыларға 13 440 дәріс оқылды.

Келушілердің жалпы саны 6450,2 мың адамды құрады, олардың ішінде балалар – 2841,0 мың адам немесе 44,0%.

Республика музейлері өткізген көрмелердің саны 2017 жылы 9206 бірлікті құрады, олардың ішінде 10 көрме шетелде өткізілді.

240 музейдің ішінен интернет желісіне 203 музей қосылған, 149 музейде меншікті интернет-ресурс бар.

Музейлердің ғимараттарының және үй-жайларының саны 395 құрайды, олардың ішінде жылытылмайтын ғимараттар – 26, күрделі жөндеуді талап ететіндер – 40, апаттық жағдайда – 4.

2017 жылы Қазақстан Республикасында мәдени-бос уақыт өткізу ұйымдарының саны 3185 бірлікті құрады, олардың ішінде ауылдық жерлерде – 2912 бірлік.

2017 жылы мәдени-бос уақыт өткізу ұйымдары 299,2 мың мәдени-бұқаралық шара өткізді, оларға 39,9 млн. адам қатысты. Көрермендер залдарында орындардың саны 523,8 мың бірлікті құрады.

Бүгінгі күні бизнес өкілдері музейлердің туристік объекті ретінде жеткілікті бейімделмегенін атап өтуде. Музейлер және мәдениет объектілері мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылады және коммерциялық құраушыны дамытуға мүдделі емес. Сонымен бірге көптеген объектілерде әуесқойлық фото- және бейнетүсірілім жасау үшін ақы төлеу белгіленген, бұл қолданыстағы заңнамаға да, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің бұйрықтарына да (2015 жылғы 26 қаңтардағы № 21 және 2018 жылғы 25 желтоқсандағы № 372) қайшы келеді.

Көптеген әлем музейлері мұндай тәжірибеден әлдеқашан бас тартқан және келушілерінің фотосуреттерін өз объектілерін танымал етудің құралы ретінде пайдалана отырып, қолжетімділік саясатын ұстанады.

Сондай-ақ музейлерде және басқа да бұқаралық мәдени объектілерде шетел тілдерін білетін экскурсия жетекшілері жеткіліксіз, радио- және аудиобабықтар

(шетел тілдеріндегі аудиогидтер) барлық жерде бола бермейді, объектілер персоналының қызмет көрсету және дайындық деңгейінің төмендігі байқалады. Ақылы негізде туристік топтарды әкелетін туристік компанияларға қатысты икемді саясат қолданылмайды (топтық жеңілдіктер барлық жерлерде бола бермейді, туристік компанияның бірге жүретін адамы үшін жеңілдікпен өту мүмкіндігі жоқ және т.б.).

Мәдениет объектілерінің өздері тарихи-мәдени мұра объектілерін сапалы ақпараттық қолдау (мысалы, ақпараттық буклеттерді, кітапшаларды, афишаларды, флаерлерді, 3D технологияларын пайдаланумен тақырыптық каталогтарды басып шығару және тарату арқылы) мүмкіндігінің жоқтығын атап өтеді.

#### **3.1.4. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар**

Қазақстанда ерекше қорғалатын табиғи аумақтар (бұдан әрі – ЕҚТА) ел аумағының шамамен 9%-ын – 24,7 млн. га алып жатыр.

Биоалуандылықтың сақталуын қамтамасыз ету мәселелерінде ЕҚТА-ның елдің жалпы аумағына қатынасы маңызды орын алады.

Биологиялық әртүрлілік туралы конвенция (2010 жыл, Жапония) тараптарының 10-шы Конференциясында қабылданған жаһандық нысаналы міндет бойынша 2020 жылға қарай қорғалатын табиғи аумақтарды әлемдегі жерүсті экожүйелерінің 17%-на дейін кеңейту арқылы биоалуандылықты сақтауды қамтамасыз ету көзделген. Оның ішінде, әлемдік тәжірибеде қабылданғандай, экожүйелердің орнықты дамуы үшін ЕҚТА шамамен 10-12% болуы тиіс.

Осыған сүйене отырып, репрезентативтілікті қамтамасыз ету үшін 2020 жылға қарай Қазақстанның ЕҚТА аумағын ел аумағының 9,4%-ға дейін жеткізу жоспарлануда.

Қазіргі уақытта 13 мемлекеттік ұлттық табиғи парк, 10 мемлекеттік табиғи қорық, 6 мемлекеттік табиғи резерват, 50 мемлекеттік табиғи қамал қызмет етеді. Одан басқа республикада республикалық маңызы бар мемлекеттік табиғи-қорық қорының 127 геологиялық, 58 геоморфологиялық және 19 гидрогеологиялық объектісі, 5 мемлекеттік қорықтық аймағы, 26 табиғат ескерткіштері, 5 республикалық маңызы бар мемлекеттік ботаникалық бақ және 2 жергілікті маңызы бар мемлекеттік табиғи парк қызмет етеді.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы туристік қызметті реттейтін негізгі нормативтік құқықтық актілер "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасының Заңы, Қазақстан Республикасының Жер және Орман кодекстері болып табылады.

ЕҚТА экологиялық туризмді дамытудың ең маңызды буыны болып табылады, себебі олардың аумақтарында туристерді қызықтыратын бірегей табиғи кешендер мен тарихи-мәдени мұра объектілері орналасқан.

Қазіргі уақытта ЕҚТА жеке түрлерінде әртүрлі режимдер қолданылады, олар рұқсат етілген туристік қызметтің көлеміне қарай ерекшеленеді. Мысалы, мемлекеттік табиғи қорық аумағында қорғаудың қорықтық режимі орнатылады, мемлекеттік табиғи қорықтың қызметімен байланысты емес ғимараттарды (құрылыстарды), жолдарды салуға, құбырларды, электр беру желілерін және басқа коммуникациялар мен объектілерді салуға тыйым салынады.

Бұл ретте мемлекеттік табиғи қорықтардың күзет аймақтарының аумағында қорықтың экологиялық жүйелерінің жай-күйіне теріс әсер етпейтін туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыруға болады. Алайда жеке тұлғалар мемлекеттік табиғи қорықтар аумағына рұқсат беретін құжаттар болған кезде ғана жіберіледі.

Бірегей табиғи кешендерді туристік және рекреациялық мақсаттарда пайдалануға арналған ЕҚТА-ның мемлекеттік ұлттық табиғи парк (бұдан әрі – МҰТП) сияқты түрі туристік қызметті жүзеге асыру үшін анағұрлым қолжетімді болып табылады. МҰТП экологиялық туризмді дамыту үшін үлкен әлеуеті бар және ЕҚТА-ның ерекше түрі ретінде ұлттық парктар мен олардың қорғалатын аумақтарын экологиялық-ағартушылық, ғылыми, туристік, рекреациялық және шектелген шаруашылық мақсаттарда пайдалануды реттеу міндеттерін орындайды. Осыған орай МҰТП аумағын қорық режимі, экологиялық тұрақтандыру және рекреациялық қызмет, шектеулі шаруашылық қызмет аймақтарына бөлу жүзеге асырылады..

Бұл ретте қорық режимі және экологиялық тұрақтандыру аймағында кез келген шаруашылық қызметке, оның ішінде рекреациялық пайдалануға тыйым салынады, алайда реттелетін экологиялық туризмге рұқсат етіледі.

Туристік және рекреациялық қызмет аймағында мемлекеттік табиғи-қорық қорының табиғи кешендері мен объектілерінің сақталуын қамтамасыз ететін қаумалдық қорғау режимі белгіленеді, оның аумағында реттелетін туристік және рекреациялық пайдалануға (аң аулаудан басқа), оның ішінде рекреациялық жүктемелердің нормалары ескеріле отырып, туристік маршруттар, соқпақтар ұйымдастыруға, демалу алаңқайлары мен тамашалау алаңдарын, жағажайларды, қайық станцияларын, суда жүзетін көлік түрлері мен жағажай құрал-жабдығын прокатқа алу пункттерін орнатуға жол беріледі.

Шаруашылық қызметі шектелген аймақта рекреациялық орталықтарды, қонақ үйлерді, кемпингтерді, музейлерді және туристерге қызмет көрсететін басқа да объектілерді салуға және пайдалануға рұқсат етіледі.

"Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру талаптары жеке реттеледі:

1) МҰТП-дағы туристік қызметті туристік операторлық қызметке арналған лицензия болған кезде туристік қызметтер көрсететін жеке және заңды тұлғалар жүзеге асырады;

2) учаскелер 5 жылға дейінгі мерзімге қысқа мерзімді пайдалануға және 49 жылға дейінгі мерзімге ұзақ мерзімді пайдалануға беріледі;

3) туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру үшін учаскелер МҰТП инфрақұрылымын дамытудың бас жоспарына сәйкес және туристік, рекреациялық және шаруашылық қызмет шектелген аймақтарда ғана беріледі.

МҰТП-да құрылысты жүзеге асыру шарттары:

1) шарттың қолданылу мерзімі өткен соң алдыңғы пайдаланушының шарттың қолданылу мерзімін ұзартуға артықшылықты құқығы бар;

2) учаскені пайдалану құқығын беретін туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыруға шарт жасау қажеттілігі;

3) учаскені мемлекеттік табиғи-қорық қоры объектілерінің сақталуы мен қоршаған ортаны қорғау жөніндегі талаптардың сақталуын қамтамасыз ететін жай-күйге келтіру міндеті. Өз кезегінде шарт жасау және тендер рәсімі жекелеген қағидалармен реттеледі.

ЕҚТА келушілер санының өсуіне қарамастан, турист ер легінің қарқынды өсуі әзірге байқалмайды.

---

2Бұл жобаны "Қазақстан туристік қауымдастығы" ЗТБ жүзеге асырады

5-кесте

### Қазақстан ЕҚТА келушілердің саны

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға бару, мың адам	2012	2013	2014	2015	2016	2017
	811,1	840,8	1 046,4	1 070,4	1 191,8	1 261,9

Басқа елдердегі ұлттық парктерге бару деңгейіне қарағанда бұл сан көп емес.

Мысалы, Cambridge (Ұлыбритания) университетінің сарапшылық деректері бойынша АҚШ-та тек "Golden Gate" ұлттық паркіне жыл сайын 13,7 миллион адам, ал "Гранд Каньонға" 4,29 миллион адам келеді.

Басқа елдердің де көрсеткіштері керемет: Ұлыбританияда – "Lake District" ұлттық паркі – 10,5 млн. адам, "New Forest" ұлттық паркі – 4,3 млн. адам, Канадада "Seven Montain" ұлттық паркі – 9,2 млн. адам және т.б.



Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында ЕҚТА-дағы туризмді белсенді дамытуға кедергі болатын нормалар әлі де бар.

Мысалы, Қазақстан Республикасының Орман кодексіне сәйкес мемлекеттік орман қорларының учаскелерінде ұзақ мерзімді орман пайдалану құқығы Қазақстан республикасының азаматтарына және шетелдік тұлғалар қатыспайтын заңды тұлғаларға ғана беріледі.

Осыған байланысты шетелдік инвесторлар МҰТП аумағында туристік объектілерді салуға және туристік қызметті дамытуға қызығушылық танытпайды.

Инвесторлар тарапынан қызығушылықтың төмен болуы қажетті инфрақұрылымның (кіру жолдары, электр беру желілері, коммуникация, сумен жабдықтау, кәріздендіру) болмауына да, сондай-ақ ЕҚТА (таулар, өзендер, батпақтар) жер учаскелерінің қашықтығы мен онда жүрудің қиындығына байланысты.

Сонымен қатар, соңғы жылдары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына ЕҚТА-дағы инфрақұрылымды дамыту жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру рәсімдерін жеңілдетуге бағытталған түзетулер енгізілуде.

Айталық, МҰТП жер учаскелерін туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру үшін ұзақ және қысқа мерзімді пайдалануға бекітіп беру жөніндегі рәсімдерді жеңілдету мақсатында уәкілетті органның учаскелерді құрылыс объектілерін салу үшін пайдалануға рұқсат беруі мен эскиздік жобаны келісуі жөніндегі ереже алып тасталды.

Бұдан басқа, туристік және рекреациялық мақсаттағы объектілерге жолдарды салу мен реконструкциялау жөніндегі іс-шараларды табиғат қорғау мекемелерінің қаржыландыруына қатысты норма енгізілді. Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 54-бабына ЕҚТА аумағында республикалық маңызы бар инфрақұрылымды дамыту объектілерін (жолдар, көпірлер, электр беру желілері және басқа коммуникациялар) салу жөніндегі іс-шараларды жергілікті атқарушы органдардың тікелей қаржыландыруына мүмкіндік беретін өзгерістер енгізілді.

Табиғат қорғау мекемелерін басқару тиімділігін және олар қабылдайтын шешімдердің ашықтығын арттыру үшін Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығы қабылданды, ол үйлестіру кеңесінің құрамына қоғамдық бірлестіктер мен бизнес құрылымдардың, сондай-ақ жергілікті атқарушы және өкілді органдарды өкілдерін енгізуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, МҰТП-да туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру қағидаларына конкурстық рәсімдердің ашықтығын арттыру үшін тендерлік комиссияның құрамына үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерін тарту бөлігінде өзгерістер енгізу мәселесі қаралып жатыр.

Кейіннен Қазақстан Республикасының орнықты туризмді дамытуды реттейтін заңнамасын үздік халықаралық тәжірибені ескере отырып жетілдіруді жалғастыру қажет.

Осылайша, келушілердің жыл сайын өсуіне қарамастан, қажетті инфрақұрылымның (жолдар, сумен жабдықтау, су тарту, электр беру желілері) болмауына байланысты ЕҚТА-да экологиялық туризмді дамыту тиісті деңгейде жүрмейді, бұл кәсіпкерлерді де ЕҚТА-да туристік инфрақұрылымды дамытуға ынталандырмайды.

Сонымен қатар, еліміздің ішкі және кіру туризмін, оның ішінде орналастыру орындарын табысты дамыту үшін бүгінгі күні туристің тұруына қолайлы жағдай жасау – "туристік райдерді" сақтау қажеттігі орын алып отыр. Осы райдердің іргелі әрі өте маңызды құрамдас бөлігі – осы бағыттағы халықаралық талаптарға сәйкес жабдықталған санитариялық-гигиеналық тораптардың (бұдан әрі – СГТ) болуы.

Қазақстанда көптеген тарихи-мәдени және табиғи, сондай-ақ туристер үшін тартымды басқа да жерлер мен объектілер бар. Бұл объектілер, көбінесе, елді мекендерден және бизнес объектілерінен қашық орналасқан және қажетті инфрақұрылымы, соның ішінде СГТ жоқ.

Бүгінгі таңда елімізде саяхаттай жүріп, қазіргі кезде саланың осы мәселесі шешілмегенін байқаймыз, атап айтқанда елді мекендерден шалғай туристік көрікті жерлерде ерекше байқалады.

Жоғарыда баяндалғанды ескерсек, СГТ желісінің құрылысы елдің ішкі және кіру туризмін дамытуда шеңберіндегі аса маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

Қазіргі уақытта осы бағыттағы жұмыс ішінара – республикалық маңызы бар жолдардың бойындағы жол маңында қызмет көрсету объектілерінде шешілуде. СГТ жүйесін дамытудағы басты проблема объектілерді күтіп ұстау болып табылады. Бизнес өкілдері елді мекендерден шалғай орналасқан объектілерді күтіп ұстауға дайын емес.

Бүгінгі күні СГТ жанында/ жақын орналасқан объектілердің халықаралық стандарттарға, санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға және осындай объектілерді салу мен пайдалануға қатысты басқа да стандарттарға сәйкес келмейтіні туралы айтуға болады. Ең алдымен, туристер жүретін жолдардың бойындағы және туристік көрікті жерлердегі "көше дәретханаларының" жағдайы басты мәселе күйінде қалып отыр.

Құрылыс секторын регламенттейтін нормативтік-құқықтық базада "жайлы дәретхана", "жалпы пайдаланудағы жайлы дәретхана" деген ұғымдар жоқ. ҚНЖЕ

және санитариялық-эпидемиологиялық талаптар тиісті өзгерістер енгізуді талап етеді, соның ішінде туристік көрікті жерлер, жол сервисінің объектілері, жалпы қалалық орталықтар және т.б. үшін қажет.

Бүгінгі таңда СГТ мәселелері жол сервисінің объектілерін салу бойынша "ҚазАвтоЖол" ҰК"АҚ жүргізіп жатқан жұмыстары шеңберінде ішінара шешілуде. Қазіргі уақытта осы объектілерді салу және пайдалану ҚР СТ 2476-2014 "Жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдары. Жол сервисі объектілеріне және олар көрсететін қызметтерге қойылатын талаптар" ұлттық стандартымен (бұдан әрі – Ұлттық стандарт) реттеледі.

Заманауи, жабдықталған жол сервисі объектілерінің болуы жол қозғалысына қатысушылардың Қазақстан Республикасында, оның ішінде туризм мақсатында ыңғайлы жол жүруін қамтамасыз етеді.

"ҚазАвтоЖол" ҰК" АҚ ұлттық маңызы бар жолдарда, демалыс орындарында және мәдени-тарихи орындардың жанында орналасқан алаңдарда немесе аялдамаларда жылы аялдама пункттерін, сондай-ақ "KazWay" модульдік павильондарын орнату бойынша жұмыстар жүргізіп жатыр. Бұл пункттер жылы дәретханамен, күту залымен және сауда-саттық орнымен жабдықталған.

"Kazakh Tourism" ҰК" АҚ 2018 жылы жаңа туристік маршруттарды дамыту үшін табиғи, туристік және тарихи орындарын зерттеу мақсатында 20 табиғат объектісінде 6 кластер бойынша 6 маршрутта "Ұлы дала еліне саяхат" атты экспедиция ұйымдастырып өткізді.

Анықтама (экспедициялардың тізімі):

- Алматы облысының аумағында "Тянь-Шань інжу-маржаны";
- Шығыс Қазақстан облысының аумағында "Алтай – өркениеттің бесігі";
- Алматы облысының аумағында "Жоңғар Алатауы";
- Ақмола, Павлодар, Қарағанды және Солтүстік Қазақстан облыстарының аумағында "Сарыарқа";
- Ақтөбе, Қызылорда, Маңғыстау облыстарының аумағында "Теңізден теңізге дейін";
- Алматы, Түркістан, Жамбыл облыстарының аумағында "Жаңа Жібек жолы".

Экспедиция тобы Қазақстан Республикасының табиғи, тарихи және сакралды объектілерін зерттеді. Экспедициялар барысында кейбір объектілерде, атап айтқанда: Алакөл (батыс және шығыс бөліктері), Сауыр Тарбағатай, Шекелмес мүйісі, "Қиын Керіш" сазбалшық шатқалы және т.б. жерлерде СГТ мүлдем жоқ екені анықталды.

Экспедиция жүргізген объектілердің бір бөлігінде СГТ бар, алайда олардың жай-күйі қанағаттанғысыз (далада орналасқан, санитариялық жағдайлар жасалмаған, жылу мен су жоқ) және туристердің баруына қолайсыз. Осындай күйдегі СГТ мына объектілерде де анықталды: Таңбалы петроглифтері, Шарын

шатқалы, "Қорғандар жазығы", Қайыңды көлі, Төменгі Көлсай көлі, Тамшалы шатқалы және т.б.

Экспедициялар еліміздің ішкі және келу туризмін дамыту үшін тартымды болып табылатын басты тарихи-мәдени және табиғат объектілерінің бірінде ғана жүргізілгенін атап өту қажет. Экспедициялардың қорытындылары туралы есептерде көрсетілген барлық объектілердегі СГТ жағдайы осы мәселені жүйелі түрде шешу өткір қажет етілетінін тағы да растайды.

Халықаралық тәжірибе көрсетіп отырғандай, елдің ауқымында және қысқа мерзімде жайлы санитариялық-гигиеналық тораптардың мәселелерін шешу үшін мемлекеттің қатысуы қажет. Мәселен, Қытай Халық Республикасы 2015 жылы СГТ бойынша проблемалы мәселелерді шешу шеңберінде "дәретхана төңкерісі" бағдарламасы туралы жариялады, ол туристік көрікті жерлердегі СГТ жағдайын жақсартуға және олардың деңгейін жұлдыздар санатындағы ең төменгі стандарт 3-санатқа дейін жеткізуге бағытталған. Осы бағдарламаны іске асыруға Қытай басты туристік қалаларында және ауылдық жерлерде СГТ жаңарту және салу мақсатында 21 млрд. юань (3 млрд. АҚШ доллары) бөлген. Бағдарламаны насихаттау мақсатында Қытай туризм агенттігі үлгілі СГТ (он туристік дестинацияда) тізімін жариялады, сондай-ақ объектілерді отельдер сияқты (1-ден 5 жұлдызға дейін) сертификаттау жүйесін әзірледі. Зерттеушілердің пікірінше, Қытай үкіметі жобаны іске асыру арқылы мынадай халықаралық және мемлекеттік мақсаттарды орындай алды: БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттарын жүзеге асыру (Sustainable Development Goals); мемлекеттің барлық өңірлердің, атап айтқанда ауылдық жерлердің дамуын қолдауы; қоршаған ортаны қорғау және ресурстарды қалпына келтіру; аурулардың алдын алу және кедейлікпен күрес.

Өзбекстан Республикасында туристер баратын объектілеріндегі (мәдени мұра объектілері, қасиетті жерлер, музейлер және т.б.), қоғамдық тамақтандыру пункттеріндегі, адамдар жиналатын пункттердегі (базарлар, вокзалдар), жол бойындағы инфрақұрылым объектілеріндегі (барлығы 3660 объект) СГТ жағдайына түгендеу жүргізілді. Қазіргі уақытта Мемлекеттік туризм комитетінің қаражаты есебінен жүргізілген түгендеу қорытындысы бойынша жағдайы қанағаттанарлықсыз деп танылған СГТ жөндеу жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар, Мемлекеттік туризм комитеті "UzFinder" электрондық мобильдік қосымшасын әзірледі (бағдарлама автоматтандырылған режимде GPS технологиясы бойынша туристік инфрақұрылым объектілерінің орналасқан жерін, соның ішінде картадағы СГТ-ды анықтайды), ол туристерге жақын орналасқан СГТ орнын анықтауға көмектеседі. Мобильді қосымша 2018 жылдың қазан айында іске қосылды және туристік инфрақұрылымның жаңа объектілерін құруды ескере отырып үнемі жаңартылып тұрады. СГТ бойынша проблемалы

мәселелерді шешуге үкімет бюджеттен 100 миллион сом (4,3 млн. теңге) бөлді – қазіргі заманғы санитариялық-гигиеналық тораптарды қайта жаңартуға, күрделі жөндеуге және салуға бағытталған шаруашылық жүргізуші субъектілердің шығындарына; санитариялық ережелерге, нормалар мен гигиеналық нормативтерге сәйкес келетін санитариялық-гигиеналық тораптарды, туристік инфрақұрылым объектілерін күтіп ұстауға шаруашылық жүргізуші субъектілердің шығындарына 12 миллион сомға дейін (520 мың теңге).

Оңтүстік Кореяда 2002 жылғы футболдан Әлем чемпионатының алдында ел үкіметі заңнамаға өзгерістер енгізу арқылы СГТ-ны жаңғыртуды жүргізді. Елдегі барлық СГТ тегін. Дәретхана өзі тұрған мекеменің немесе объектінің беделін көрсетеді. Телефонды тегін зарядтауға болатын және вайфайлы кабиналары бар. Оңтүстік Корея өңірлерінде СГТ салу мен күтіп ұстауға жыл сайын қалалық бюджеттің 4%-ынға дейін қаражат бөлінеді. 2004 жылы үкімет СГТ салу нормалары жазылған заң қабылдады.

### **3.1.5. Қолөнершілікті дамыту**

Қызмет түрі ретінде қолөнершілік ұлтты мәдени сәйкестендірудің ажырамас бөлігі әрі елдегі туристік индустрияның қажетті құрамдас бөлігі болып табылады.

Қолөнершіліктің көпғасырлық тарихына ие және қолөнершілер мен шеберлерді қолдайтын шет елдер халықаралық деңгейде бизнес-құрылымдардың көшбасшылары болып табылады, италян керамикасы және аяқ киім ісі, түрікмендік және түрік кілем тоқу өнері, авторлық жиһаз, былғарыдан жасалған бұйымдар, әртүрлі елдердің бірқатар зергерлік бренд өнімдері соның айқын үлгісі. Бұдан басқа, қолөнершілікті дамытуды мәдени-ойын сауық шараларының элементіне айналдыруға болады және халықаралық аренада туристік объект рөлінде шығады (шеберханалары бар қолөнершілік орталықтары).

Қолөнершілікті дамытудың халықаралық тәжірибесі дамыған елдердің мәдениетін және дәстүрлерін сақтауда қолөнершілік ісінің маңызды рөлін айғақтайды.

Ұлыбританияда көпғасырлық қолөнершілік ісі тарихи дамудың бірнеше кезеңінен өтті және бүгінгі күні британ қолөнершілігі өз өнімімен ішкі нарықты қамтамасыз етеді, шеберханалар мен цехтар ұрпақтан ұрпаққа беріледі. 1971 жылдан бастап қолөнер мәселелеріне консультативтік комитет – Crafts Council жетекшілік етеді, ол Ұлыбританияның Мәдениет істері, бұқаралық ақпарат құралдары және спорт министрлігімен өзара іс-қимыл жасайды. Қазіргі уақытта британдық қолөнер өркендеп келе жатқан сектор болып табылады, ол Ұлыбритания экономикасына 3,4 млрд. фунт стерлинг кіріс әкеледі, бұл жалпы

қосылған құнның 0.3%-ын құрайды. London Craft Week, British Craft Trade Fair сияқты жыл сайынғы фестивальдер үздік қолөнер өнімдерінің 200 000-нан астам авторларын біріктіреді.

АҚШ-та заманауи қолөнершіліктің өңірлік (штаттар бойынша) тарихпен байланысты көпвекторлы бағыты бар және American Craft Council ұлттық үкіметтік емес ұйымына біріктірілген. Сондай-ақ, америкалық қолөнершіліктің мәртебесі әртүрлі бағыттардағы (ағаш, шыны, металл, зергерлік бұйымдар, керамика және т.б.) қолөнер өнімдері ұсынылған көрме залдарының, арт-орталықтардың, крафт-музейлердің есебінен жоғарылайды, бүгінгі күні олардың саны шамамен 224 объектіге дейін жетті және қоғамның назарын аударып бастады. Бұдан басқа, АҚШ-та қолөнер мектептері мен арт-студиялар өте танымал (300-ден астам).

Ресей Федерациясындағы қолөнершіліктің де тарихы бай және әртүрлі бағытта дамыған. Бұл сектор Ресей Федерациясының Қолөнер қызметін дамыту туралы федералдық заңымен қорғалған. Мұнда қолөнер қызметі шағын кәсіпкерліктің бір түрі ретінде көрсетілген. Бизнесі ілгерілету үшін салық жеңілдіктері, мемлекеттік қолдау нысандары, қолөнершіні тіркеу, қолөнерші куәлігі ескерілген, нәтижесінде бұл сектор қарқынды даму мүмкіндігіне ие болады. Қолөнер қызметі субъектілерінің қызметін жалпы үйлестіру үшін коммерциялық емес, мемлекеттік емес ұйым – Ресейдің қолөнер палатасы жауап береді, ол Ресей Федерациясының қолөнершілер субъектілерінің палаталарын біріктіреді.

Қазіргі кезеңде Қазақстанда қолөнершіліктің рөлі ұлттық мәдениеттегі көп ғасырлық қолөнер тарихына қарамастан, көлеңкеде қалып отыр. Көбінесе, қолөнер шеберлері өз күш-жігерін өндірістік аспектілерге ғана жұмсайды. Көп жағдайда, қолөнершілік – толықтай қол еңбегі, мамандар өндірістерін тиімді кеңейте алмай қалады. Білдектерді және жабдықтарды сатып алу қолөнершілерден ірі қаржы салымдарын талап етеді.

Елімізде өнімді өткізу, ілгерілету, өткізу алаңдарын қамтамасыз ету мәселелері ретке келтірілген жоқ. Нәтижесінде қолөнерші азғантай табыс алады, табыстың негізгі бөлігі қайта сату бизнесінің үлесінде қалады. Сонымен бірге, көптеген қолөнершілер өз қызметтерін ресми түрде тіркемей жұмыс істеуге бейім.

Бүгінгі күні Қазақстандағы қолөнер қызметі – экономиканың шеткері саласы, оны жаңа деңгейге көтеру қажет.

Қолөнершілікті дамытудың негізгі проблемалы мәселелері және оларды шешу жолдары мынадай:

Біріншіден, қолөнер қызметі тоқыраған уақытта Қазақстанда қолөнердің кейбір түрлері, материалдармен жұмыс істеудің бірегей техникалары мен

әдістері жоғалды. Кейіннен халқымыздың шынайы қолөнері туралы ұғым да ұмытылды және ол көбінесе, қолмен орындалатын жұмыстарының барлық түрлері, оның ішінде handmade (қолөнер) өнімдері де, қолөнер бұйымдары ретінде сыныптала бастады. Осыған орай қолөнер өнімін сыныптауды қалпына келтіру, сапа стандарттарын әзірлеу мәселесі туындайды. Бұл үшін Қазақстанның ғылыми қауымдастығын және көрнекті қолөнершілерін жұмылдырып, қолөнер қызметі бойынша республикалық сараптамалық-консультациялық кеңес құру қажет.

Екіншіден, қолөнершілердің саны бойынша статистикамен және қолөнер бұйымдары мен көрсетілетін қызметтерінің өндірістік көлемін талдаумен, сондай-ақ олар жөнінде басқа мәліметтермен жұмыс жүргізілмейді. Қазақстандық қолөнершілер жеке кәсіпкерлер болып табылады немесе кәсіпкерліктің белгілі бір нысанын айқындамай қызмет етеді (патент, жеке тұлға, заңды тұлға), мұның өзі қолөнер нарығының ағымдағы жағдайы жөнінде транспарентті/ашық ақпарат алуды қиындатады. Шынайы қолөнершілердің көп бөлігі шалғайдағы аймақтарды мекен етеді, бұл қолөнершіліктің ерекшелігімен негізделген, олардың шеберлігі жоғары дәрежеде болса да, көлеңкеде қалып қойып отыр. Қолөнер өнімдерін жасаушылармен толыққанды жұмыс істеу үшін басқа елдердің, мысалы Ұлыбританияның, крафт-менеджмент тәжірибесін үлгі ретінде алу керек, онда орталық басқару органы және қолөнер бойынша үкіметтік емес ұйымдар бірлесіп жұмыс жасайды.

Үшіншіден, қолөнер ісінің жандануы тарихи отанына оралған және әулеттерінің дәстүрін (атакәсіптерін) жалғастырып жатқан этностық қазақтардың есебінен жүзеге асырылады, Сәндік-қолданбалы өнер факультетінің түлектері болса, өз білімдерін қолдана алмай отыр. Түлектер басқа мамандықтарға қайта біліктілік алуға мәжбүр, соның салдарынан қолөнершілік қызметтің даму әлеуеті жоғалады. Екінші жағынан, қолөнершілердің және дипломы бар түлектердің шеберлігі арасында үйлесімсіздік сезіледі. Осы бағытты жаңғырту үшін шынайы қолөнершілер үшін де, сондай-ақ әртүрлі бағытта білім алған жас мамандар үшін де біліктілік алудың және қайта маманданудың күрделі бағдарламаларын, " Craft-management" бағыты бойынша халықаралық білім беру бағдарламаларын әзірлеу керек. Бұдан басқа, халықаралық крафт-менеджмент тәжірибесіне сүйене отырып, крафт-музейлер, қолөнер орталықтары идеясын ілгерілету немесе елдің жетекші музейлері мен көрме залдарында экспонат түрінде үздік қолөнер өнімдерін орналастыру мүмкіндігі пайда болады.

Төртіншіден, осы заманғы қазақстандық қолөнершілер бетпе-бет келетін негізгі мәселелердің бірі мемлекеттік қолдау нысандарының тұрлаусыздығы болып табылады. Қолөнершіні өзін-өзі жұмыспен қамтыған халыққа, ал қолөнершілік субъектілерін шағын бизнеске жатқызу белгілі бір

қолайсыздықтарға әкеледі, олар: салық салудың жалпы анықталған жүйесі, өндіріс шағын болса да, кредит берудің жоғары пайызы немесе шағын пайыздық мөлшерлемелер бойынша кредит беру талаптарына сәйкес келмеу (start-up жобалары), қолөнершілердің коммерциялық үй-жайды ұстауға дәрменсіздігі. Осы мәселелерді реттеу үшін мемлекеттік қолдаудың бірнеше нысандарын бөлу керек, олар – қаржылай көмек (гранттар, субсидиялар), мүліктік көмек (ғимарат, жер, жабдық), ақпараттық-консультациялық (мемлекеттік құрылымның және коммерциялық емес ұйымдардың бірлескен қызметі), сондай-ақ бизнес-жобаларды МЖӘ форматында қарастыру (әлеуметтік-мәдени жобалар бағыты бойынша). Салықтар бойынша – микро және шағын кәсіпкерлікке қатысына қарай, өзіндік сипатын ескере отырып, арнайы салықтық режимге қосу мүмкіндігін қарастыру керек (агроөнеркәсіптегі сияқты).

Бесіншіден, қолөнер өнімін өндіру шикізат мәселесімен бірге жүреді. Ұлыбританияда нағыз ұлттық қолөнер өнімі ретінде 100% Ұлыбританияда өндірілген бұйым танылады. Қазақстанда да өндеуді талап ететін қажетті шикізат бар. Шикізат өнімін өндіру қазақстандық қолөнершілердің ішкі және сыртқы нарықтары (өнімді өткізу) үшін мол мүмкіндіктер ашады. Өндірістің басым бөлігі агроөнеркәсіппен байланысты, осыған орай "ТДҰА" АҚ гранттық бағдарламалары мен "ҚазАгро" ұлттық басқарушы холдингі" АҚ микрокредит беру бағдарламалары арқылы бастапқы инвестицияларды тарту мүмкіндігі пайда болады.

### **3.1.6. Туризмнің негізгі бағыттары**

#### **Агротуризм**

Агротуризм келуші қонақтарға орналасу, демалу, тамақтану, экскурсиялық қызмет көрсету бойынша, олардың бос уақыты мен спорттық іс-шараларды, балық аулау мен аңшылықты ұйымдастыру, білім мен дағды алу, сондай-ақ ауылдық жерде туризмнің белсенді түрлерімен айналысуға мүмкіндікті қалыптастыру мен ұсынуды көздейтін салыстырмалы түрде жаңа және перспективалы бағыт болып табылады.

Таза ауа, үйдегідей жағдай, пәк табиғат, табиғи азық-түлік, тыныштық және бір сарынды тұрмыс-тіршілік агротуризмнің тартымды ерекшеліктері болып табылады. Бұл қоршаған ортаны қорғаудың қуатты құралы, бұл құрал үшін табиғатқа ұқыпты қарау экономикалық тұрғыдан тиімді болмақ, жергілікті халықты осы процеске тартуға ықпал етеді.

Осыған байланысты, өңірде агротуризммен айналысатын ШОБ қалыптастыру және дамыту үшін тетіктердің әдістемелік құралдарын қалыптастырған, қонақүй ашатын кәсіпкерлерге консультативтік көмек көрсеткен, жергілікті деңгейде ақпараттық қолдау және қонақүйлерін ілгерілету үшін пәрменді құралды айқындаған жөн.



## Аңшылық-олжалық туризм

Туристердің жабайы әлем өкілдерімен заңнамамен қатаң реттелетін баяу (бақылау), сондай-ақ белсенді (аңшылық) қатынас жасауын көздейтін тұрақты туризмнің бір бөлігі. Әлемде аңшылық туризм дұрыс басқарылатын болса, жабайы табиғатты сақтау үшін пайдалануға болатын қаржы қаражатын тартудың тиімді тетігі ретінде танылған.

Әлемде аңшылық туризмнің дамуын талдау оның серпінді дамып келе жатқан сала екенін көрсетеді. Мысал ретінде қаржылық есеп саласындағы үлгілі елдердің бірі – АҚШ тәжірибесін келтіруге болады. Айталық, АҚШ-тың Ішкі істер министрлігінің мәліметтері бойынша аңшылық туризмнен ел экономикасына түскен табыс 2017 жылы 156 млрд. АҚШ долл. құрады. Аңшылықтың жалпы мультипликативті әсері 61 млрд. АҚШ долларын құрайды. АҚШ-тың аңшылық шаруашылықтары 700 мыңнан астам жұмыс орнын ашады және жылына 16 млрд. АҚШ долларынан астам жалақыны қамтамасыз етеді.

60-шы жылдардың соңында Еуропада белсенді демалыстың осы түрі күрт танымал бола бастады. Қазіргі уақытта аңшылық туризм Испанияда, Мажарстанда, Францияда, Германия мен кейбір басқа да елдерде де анағұрлым дамыған.

Африканың кейбір дамушы елдері үшін аңшылық туризмнің баға жетпес экономикалық маңызы бар. Мұнда ол туризмнің басқа нысандарымен қатар ел экономикасына қолма-қол валюта алу көздерінің бірі болып табылады. Мысалы, Африкадағы сафари бүгінгі күні тұтынушыларға кеңінен танымал аңшылық туристік өнім болып табылады. ОАР-ға жылына 8 мыңға жуық аңшы барады, ал осы саладан түсетін жиынтық кіріс жылына 100 млн. АҚШ долларын құрайды.

Қазақстан аңшылық объектілері болып табылатын дәстүрлі жануарлар әлемінің өкілдеріне ерекше бай. Әртүрлі сараптамалық бағалаулар бойынша Қазақстанда сирек кездесетін және жойылып бара жатқан түрлерді қорғауға жұмсалатын шығыстарды аңшылық туризмін дамыту есебінен толықтай жабуға болады.

Бүгінгі күні сирек кездесетін және жойылып бара жатқан жануарлар түрлерін аулау Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешіміне сәйкес мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы берілген биологиялық негіздеме бойынша жүргізіледі. Әлемдік тәжірибеде кәрі аталық жануарларды аулаудың ғылыми негізделген лимиті популяцияға кері әсерін тигізбейтіні, ал кейбір жағдайларда оның өнімділігін арттыратыны дәлелденген. Кейбір мемлекеттер үшін ол сирек кездесетін жануарлар түрлерін сақтап қалудың бірден бір тәсіліне айналды. Мысалы, қуыс мүйізді тұқымдастардың кейбір түрлерінің кәрі

аталықтары жас аталыққа күйлеуге қатысуға мүмкіндік бермей, бірақ өзі барлық аналықтарды ұрықтандыруға қауқары болмаған кезде олардың аналықтары қысыр қалады.

Сирек кездесетін жануарлардың көптеген түрлері популяциясының Қазақстандағы қазіргі жағдайы тұрақтанды және кәрі жануарларды аңшылық мақсаттарында қорықпай пайдалануға болады деп айтуға мүмкіндік бар. "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Заңның 15-бабына сәйкес сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жануарларды аңшылық олжа алу мақсатында аулау көзделмеген. Осыған байланысты аталған Заңға тиісті өзгерістер енгізу қажет. Сондай-ақ Қызыл кітап туралы ережені ғылыми негізделген аулауға толық тыйым салуды алмастыру бөлігінде қайта қарап шыққан жөн.

Сарапшылардың пікірінше, қазіргі уақытта олжалы аңшылықты дамытуда, әсіресе шетелдік азаматтар үшін кедергілер бар. Мәселен, "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Заңға және оның негізінде бекітілген Аң аулау қағидаларына сәйкес аңшылық атыс қаруын әкелу кезінде аң аулауда лақтырылатын аңшылық қаруды (садақты) қолдануға тыйым салынған, сондай-ақ аңшылық қаруды жалға алу мүмкіндігі жоқ.

Қазақстанның әлеуеті көптеген су тоғандарында көл балығы мен өзен балығын аулау мүмкіндігімен ұсынылған және мұндай жағдайларда елімізде балық аулау туризмі жылдам әрі жаппай дамып келеді. Сондай-ақ, суасты аңшылық түрі қарқынды дамып келеді. Көптеген туристік объектілердің ұсынылатын қызметтер пакетінің тізіміне балық аулау қосылған.

Шығыс Қазақстан облысындағы "Рахман қайнары" санаторий-курортының тәжірибесінен үлгі алуға болады. "Өлі" деп саналған көлге аква-мәдениетіне тиісті зерттеу жүргізілгеннен кейін балықтардың кейбір түрлері жіберілді, бұл осы курорт-санаторий мекемесіне туристердің онсыз да мол легін ұлғайтуға мүмкіндік берді.

Жалпы, аңшылық инфрақұрылымы дамыған алуан түрлі жануарлар әлемінің болуы елімізге қомақты ақша қаражатын тартуға, табиғатты сақтауға көмектесуге және мыналардың есебінен өңірдің дамуына ықпал етуге қабілетті:

1) мемлекет жалпы аңшылыққа құқық сату есебінен және жекелеген жануарлар түрін атуға лицензия беру үшін қаражат алады;

2) жеке аңшылық шаруашылықтары аңшылықты ұйымдастыру есебінен қаражат алады;

3) шағын және орта бизнестің жергілікті өкілдері орналастыру, тамақтандыру, аңшыларды тасымалдау, кәдесыйларды сату, аңшылық олжаларды дайындау есебінен пайда табады.

Аңшылық туризмнің құрылған инфрақұрылымы жергілікті халықты жабайы табиғатты сақтауға қосымша көтермелей отырып, осы аумақтарда экологиялық туризмді дамытуға мүмкіндік береді.

#### Экологиялық туризм

Көптеген елдерде экологиялық туризмді дамытуға барған сайын баса назар аударылуда.

Соңғы бес жылда шетелдік туристер тарапынан Қазақстанның рекреациялық ресурстарына деген қызығушылықтың едәуір артқанын байқауға болады. Айталық, рекреациялық қызметтерді көрсету көлемінде кіру туризмінің үлесі айтарлықтай өсті. Егер 2012 жылы шетелдік туристердің спорттық және рекреациялық көрсетілетін қызметтерге жұмсаған шығыстарының үлесі 37% ғана болса, 2016 жылға қарай шығыстар сомасы 3 есеге артып, 63%-ға жетті.

Жалпы, туристердің рекреациялық және спорттық көрсетілетін қызметтерді тұтынуы туралы статистикалық мәліметтерге сүйенсек, туристердің осы көрсетілетін қызмет түрлеріне сұраныстары экономика ауқымында мардымсыз болса да, үнемі үстінде (соңғы төрт жылына 5%-ға жуық), бұл экологиялық туризмді дамыту үшін қолайлы жағдай жасайды.

Кірістер мен шығыстар туралы деректерге сүйене отырып, туристік лагерьлердің, демалыс және ойын-сауық парктерінің/кемпингке арналған алаңдардың, рекреациялық автопарктердің және трейлер парктерінің көрсетілетін қызметтеріне, сондай-ақ мәдениет және демалыс парктерінің, тақырыптық парктердің көрсетілетін қызметтеріне деген сұраныс тұрақсыз екенін көруге болады. Сонымен қатар, ботаникалық бақтар мен хайуанаттарға бағының көрсетілетін қызметтеріне, табиғат қорықтарының туристік көрсетілетін қызметтеріне және жануарлар дүниесін қорғауға сұраныстың артуы байқалады.

Экологиялық туризмді дамытуда ЕҚТА ерекше рөл атқарады. ЕҚТА-да өткізілген экскурсиялар саны бес жылда орта есеппен 12,1%-ға, ал келушілер саны 10,1%-ға өсті. Бұл ретте гидтер саны (46 адам) 2012 жылдан бері өзгермеген. Өткізілген экскурсиялардың (2012 жылға қатысты 2016 жылы 58%) және ЕҚТА-ға келушілердің (47%-ға) өскеніне қарамастан, келушілер саны Қазақстан халқының жалпы санының небәрі 6,65%-ын құрайды.

Осылайша, экологиялық туризм пайдалы бағытқа айналуы мүмкін деп айтуға болады.

#### Этнографиялық туризм

Қазақстан – тарихи және мәдени мұрасы бай ел. Еуразия орталығында орналасқан Қазақстан әлемнің ежелгі өркениеттері тоғысқан торапта, Батыс пен Шығыс, Оңтүстік пен Солтүстік арасындағы көліктік, әлеуметтік және экономикалық, мәдени және идеологиялық қиылыста тұр. Ерте заманда Қазақстан даласы арқылы Ұлы Жібек жолы өтті. Тарихтың әртүрлі кезеңдерінде

қазіргі Қазақстан аумағында өзіндік мәдени тарихы бар мемлекеттер пайда болып дамыған.

Көптеген тарих және мәдениет ескерткіштері, географиялық көрнекі орындар сол дәуірдің мұрасы болып табылады.

Мәдени демалыс ойын-сауық пен демалыстың өзге түрлері сияқты бір орында тұрмайды. Ол жаңа функцияларға ие болып, өз мәнінің аса үлкен шегін белгілей отырып, кеңейеді және оңтайланады. Бұл процесте халықаралық стандарттарға сәйкес келетін экологиялық бос уақытты өткізу және демалыс орталықтары мен этно-парктерді, әртүрлі мәдени, табиғи және тарихи қорықтарды құру ерекше рөл атқарады.

Табиғи көрнекі жерлерден басқа, Қазақстан әлемдік маңызы бар Ұлы Жібек жолында орналасқан тарихи-мәдени ескерткіштерге бай. Ұлы Жібек жолында транзиттік турларды ұйымдастыру әсіресе өзекті, өйткені ол Қазақстанға Жапония, Малайзия, Қытай, Корея сияқты елдердің, сондай-ақ Еуропа мемлекеттерінің қызығушылығын тудыратын аймаққа кіруге мүмкіндік береді. Ұлы Жібек жолы – Қазақстандағы туризмді дамытудың басым бағыттарының бірі.

Әлемдік тәжірибе шетелде өз елінің мәдениетін танымал етудің тиімді құралы ретінде мәдени-танымдық туризм ерекше рөл атқаратынын көрсетеді. Шетелдік туристерді тарту да креативті индустрияны қарқынды дамытудың маңызды шарты болып табылады.

Адамдардың басым бөлігі көпұлтты мегаполистер мен қалаларда тұратын қазіргі уақытта этнографиялық туризм ерекше өзекті әрі танымал бола бастады, бұл жерде өзінің немесе халықтың өзге этнографиялық тобының салт-дәстүрімен, әдет-ғұрпымен, сәулетімен, ұлттық костюмдерімен және мерекелерімен, мәдениетімен тілімен танысуға болады.

Этнографиялық туризм отбасылық қатынастарды нығайтуға, жастарды рухани-ізгілікке тәрбиелеуге, мәдени және отбасылық құндылықтарды сақтауға және дамытуға ықпал ететін болады.

#### Балалар-жасөспірімдер туризмі

Балалар-жасөспірімдер туризмінің (бұдан әрі – БЖТ) елдің әлеуметтік дамуына қосатын үлесі қомақты. БЖТ:

- адамзат жинақтаған өмірлік тәжірибе мен материалдық-мәдени құндылықтарды жас ұрпаққа берудің, құндылық бағдарларын қалыптастырудың, ұлтты рухани сауықтырудың және мәдени тұрғыдан дамытудың маңызды тәсілі, тұлғаны әлеуметтендіру жолдарының бірі;

- тұлғаны табиғатпен қарым-қатынас жасау арқылы адамның салауатты өмір салтының қалыптастыру, бос уақытты белсенді өткізуді және іспен шұғылдануды ұйымдастыру, табиғатта өзін-өзі ұстау мәдениетін дамыту, тарих пен мәдениет

ескерткіштеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу, туған өлкені тәжірибеде танып білу жолымен тәрбиелеудің бірегей моделі;

- өскелең ұрпақты әлеуметтік бейімдеу, кәсіптік бағдарлау, азаматтық пен отансүйгіштікке тәрбиелеу құралы;

- отбасының барлық мүшелерін отбасылық демалыс нысандарына тартудың пәрменді тетігі болып табылады.

БЖТ балалар мен 18 жасқа толмаған жастарды қамтиды. Статистикаға сәйкес 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша олардың саны 3 050 770 баланы құраған, оның 2,6%-ы туристік-өлкетану бағытымен қамтылған. Еуропада бұл көрсеткіш 20% және одан жоғары, Ресейде – 14%, Белоруссияда – 10,6%.

6-кесте

### ҚР-дағы балалар мен жасөспірімдер туризмі бойынша статистика

Атауы	2015 жыл	2018 жыл	Динамика
1-11-сыныптар оқушыларының жалпы саны	2.629.904	3.050.770	+ 420.866
БЖТ жүйесімен қамтылған	59.980 (2,3 %)	80.256 (2,6%)	+ 20.276 (+0,3%)
БЖТ және өлкетану орталықтары мен станцияларының жалпы саны	35	40	+5
Туристік бағыттағы үйірмелер саны	735	2.188	+ 1.453

БЖТ-ны жедел дамытуға кедергі келтіретін факторлар:

Бірінші. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін БЖТ жүйесіне қажетті қолдау, оның ішінде мемлекеттік қолдау көрсетілген жоқ. Содан бері БЖТ-ны дамыту тәжірибесі, дәстүрлері мен институционалдық тетіктері жоғалды.

Екінші. Ұзақ уақыт бойы ірі салымдар, заманауи жабдықтар мен құралдар, оқулықтар мен компьютерлік техника тапшылығын бастан өткерген, балалар туристік ұйымдарының материалдық-техникалық базасы моральдық жағынан ескірген. Ел бойынша туристік жабдықтармен толықтырылу деңгейі орта есеппен 51,5%-ға жуық. Сонымен бірге Атырау, Маңғыстау, Солтүстік Қазақстан облыстары мен Алматы қаласы сияқты өңірлерде БЖТ-ның материалдық-техникалық базасы 10-нан 20%-ға дейін. Қостанай және Қызылорда облыстарында туристік-өлкетану бағытындағы ұйымдар мүлдем жоқ.

4-сурет

## Жас туристер станциялары орталықтарының инфрақұрылымы



Отсутствуют станции юных туристов в Костанайской и Кызылординской областях

Қызылорда мен Қостанай облыстарында станциялар жоқ

Үшінші. Оқушылардың қатысуымен өңірлік және республикалық іс-шаралар жүйесін кепілдендірілген қаржыландыру жоқ, бұл оқушылар мен оқытушылардың БЖТ-ға қатысу деңгейіне теріс әсер етеді. МҰТП-ға, музейлерге бару үшін төлем, әуе және теміржол көліктеріне арналған қымбат билеттер каникул кезеңінде балалар мен жастарды жастар туризмі саласына жаппай тартуға ықпал етпейді.

Төртінші. Спорттық туризмде дарынды балаларды қолдау жеткіліксіз. Аз қамтылған отбасылардан шыққан балалар; ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар; ерекше білім алға мұқтаж балалар жастар туризмінің іс-шараларымен толық қамтылмайды, бұл олардың әлеуметтік бейімделуін қиындатады және қоғам үшін қосымша әлеуметтік шығындар тудырады.

Бесінші. Туристік-өлкетану бағытындағы технологиялармен таныс оқытушылар мен мамандардың біліктілік деңгейі жеткіліксіз. Туристік-өлкетану бағытындағы оқытушылардың біліктілігін арттыруды қажеттілік 69,2%-ды құрайды.

Алтыншы. Орталық және жергілікті атқарушы органдар тарапынан БЖТ дамыту мәселелері бойынша жұмыстардың үйлестірілуі жеткіліксіз. БЖТ дамыту мәселелері бойынша нормативтік құқықтық базаны жетілдіру талап етіледі.

Медициналық және санаторийлік-курорттық туризм

Медициналық туризм әлемде медициналық қызметтер алу мақсатында адамдардың өздері үнемі тұратын жерлерінен шығуы дегенді білдіреді.

Қазақстан медициналық, сондай-ақ сауықтыру туризмін дамыту үшін айтарлықтай әлеуетке ие.

Бұл – Нұр-Сұлтан қаласында жоғары технологиялы медициналық қызметтер көрсететін заманауи медициналық кластердің болуы, заманауи медициналық клиникалардың, стоматологиялық, косметологиялық және ЭКО-орталықтардың дамыған желісі және т.б. Қазақстанның жеті клиникасын JCI (JointCommissionInternational) халықаралық аккредитациялық комиссиясы сертификаттаған, ол медициналық көрсетілетін қызметтер мен пациенттер қауіпсіздігінің алтын стандарты болып табылады, тағы бір клиниканы EFQM – Еуропалық сапа менеджменті ұйымы сертификаттады.

Сауықтыру туризмін дамыту үшін Қазақстан аумағында алуан түрлі туристік-рекреациялық ресурстар бар. Қазақстанда 20 курорттық аймақ тіркелген және жұмыс істейді, олардың негізгі бөлігіне (10-нан астамы) барлау жасалған және зерделеген табиғи емдік факторларға ие әрі бальнеологиялық, балшықпен емдейтін, климаттық курорттар болып табылады. 500-ден астам емдік минералды су көздері, 78 балшық көлі, 50 климаттық жерлер сияқты табиғи емдік факторлары бар курорттық аймақтар Қазақстанда рекреациялық-сауықтыру туризмін дамытуға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректері бойынша Қазақстанда сыйымдылығы 21 291 орынға ие 144 санаторийлік-курорттық ұйым (бұдан әрі – СКҰ) жұмыс істейді, олардың ішінде 18 475 орын тәулік бойы қолжетімді. Санаторийлердің 80%-ы жеке құрылымдар болып табылады. Президент Істері басқармасының Медициналық орталығының, Ішкі істер, Денсаулық сақтау министрліктерінің және т.б. ведомстволық шипажайлары мемлекеттік санаторийлер болып табылады.

Бұл ретте медициналық қызмет көрсетуді дамыту мәселесі қазақстандық СКҰ-ның шетелдік курорттардан бірден бір айырмашылығы болып табылады. Шетелдік курорттар көпжұлдызды қонақүйлерде орналасқан, олардағы сервис тамаша, ойын-сауық (SPA-отельдер) ұсынылады. Қазақстанда кеңес дәуірі кезеңінен бері санаторийлердің жүйе түзуші факторы санаторий-курорттық медицина болды.

Санаторийлердің қызметі туризм саласы мен денсаулық сақтау саласының мүдделерін түйістіреді.

Екі саланың статистика деректерінің негізінде соңғы жылдары санаторийлердің саны айтарлықтай өзгермегенін көреміз: 66 бірлік (2014 жылы), 62 бірлік (2015 жылы), 66 бірлік (2016 жылы), 65 бірлік (2017 жылы).

Санаторийлердегі демалушылардың саны 2014 жылғы 213 630 адамнан 2015 жылы 173 695 адамға дейін едәуір төмендеді, одан кейін 2016 жылы 189 399 адамға дейін жоғарылады және кейіннен 2017 жылы қайтадан 176 953 адамға дейін төмендеді.

2016 жылы санаторийлерде демалған 189 399 адамның арасында бейрезиденттер 2 581 адамды құрады (1,4%). 2017 жылы демалған 176953 адамның арасынан бейрезиденттер – 2297 адам (1,3%). Яғни бейрезиденттердің саны нақты мәнде де, пайыздық мәнде де төмендеді.

Нашар материалдық-техникалық база, маркетингтік стратегияның болмауы, қосымша қызметтердің көрсетілмеуі көптеген санаторийлердің қызметіндегі негізгі "осал" тұстар болып табылады. Сондай-ақ бұл салаға мемлекеттік қолдау көрсетілмейді. Санаторий-курорт кешенін жаңарту және осы секторды жаңғырту қажет. Бұл үшін Қазақстанда сауықтыру медицинасының әлеуметтік құрамдас бөлігінің рөлі артуға тиіс.

Санаторий-курорттық туризмнің ерекшелігі мынада: сауықтырудан мейлінше тиімділігіне әсер алу үшін санаторийде неғұрлым ұзақ уақыт (14 күннен 21 күнге дейін) болған жөн. Бұл ретте санаторийлерде бос уақытты өткізу үшін қосымша қызметтер жоқтың қасы, іс-шаралар, экскурсиялар және т.б. ұсынылмайды. Бұдан басқа, санаторийлерде және курорттарда емделу қымбат тұрады.

Бүгінгі күні Қазақстанның табиғи, климаттық және емдік ресурстарға бірегей өңірлерін дамытудың маңызды міндеті санаторийлік және туристік кешендерді құру негізінде сапалы емдік-сауықтыру қызметтерін көрсету жөніндегі ұсыныстарды ұлғайту болып табылады, оларда денсаулықты қалпына келтіру және ойын-сауық іс-шаралары мен әсер алу теңгерімі сақталатын болады.

Бұдан басқа, санаторий-курорттық емдеуді қамтитын туристік өнім жыл бойы ұсынылуға тиіс. Бұл үшін көрсетілетін қызметтердің құнын төмендетуге және негізгі маусымнан тыс уақытта туристерді тартуға мүмкіндік беретін әртүрлі мүмкіндіктерді қарастыру керек. Мұндай мүмкіндіктерге санаторийлер үшін салық жеңілдіктері, жүктелудің белгілі бір үлесін мемлекет тарапынан кепілді түрде қамтамасыз ету, азаматтар үшін көтермелеу жүйесі (туристік сертификаттар жүйесінің шеңберінде санаторийде демалуға жұмсалған шығындарды өтеу) жатады.

Ел ішінде туристік пакеттер сататын туристік компаниялар санаторийлердің туристік компанияларды тарта отырып, агенттік желілерді дамыту бөлігінде белсенділік танытпайтынын айтады. Қазақстандық нарықта Қазақстанның бірқатар қалаларында агенттік желісін құрған бірнеше санаторийді ғана атап өтуге болады, бұл санаторийлер өздеріне жыл бойы сатылымдарды және орындарды толтырудың жоғары деңгейін қамтамасыз етті.

Медициналық туризм бойынша Қазақстан Оңтүстік Корея, Түркия, Қытай, Германия, Англия, Израиль, БАӘ, Шығыс Еуропа сияқты елдерге "туристік донор" болып қалып отыр.

Медициналық шығу туризмінің жоғары деңгейінің себептері – клиникалардың менеджменті мен сервисінің төмен деңгейі, халықтың жеткілікті



құлағдар болмауы, Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау және медицина жүйесіне халықтың ниеттес болуының төмендігі.

Қазақстанда сапасы шетелдікпен бірдей медициналық қызметтер алуға болады, бірақ нарық жүйелендірілмеген, клиникалардың саны шектеулі, олар бей-берекет таныстырылады және медициналық туризмге маманданған шетелдік клиникалардың қалыптасқан маркетингтік саясатымен бәсекелесе алмайды. Сонымен бірге елімізде медициналық туризм үшін қажетті және жеткілікті жағдайларды қамтамасыз етуде клиникалар мен туроператорлардың қызметі бірыңғай үйлестірілсе, осы салада біршама прогреске қол жеткізуге болады. Мұндай үйлестіруді Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі "KazakhTourism" ҰК" АҚ-мен бірлесіп жүзеге асыра алады.

Бұл үшін жағымды факторлар да бар, олар: жоғары санатты медициналық мамандар, жоғары технологиялы клиникалар, Қазақстан Республикасының бірқатар жерлерінде емдік факторлар ретінде сипатталатын бірегей табиғат жағдайлары, медициналық туризмде жұмыс жасау дағдысы бар туроператорлар.

Осылайша, мыналар медициналық кіру туризмін дамыту үшін негізгі тежеуші факторлар болып табылады: құқықтық базаның және қалыптастырылған медициналық туристік өнімнің болмауы, оның ішінде талдау үшін басым медициналық көрсетілетін қызметтер тізімінің және олардың бәсекелік артықшылықтарын ілгерілетудің болмауы, медициналық ұйымдарда және санаторийлерде клиникалық мүмкіндіктерге сәйкес келетін менеджмент пен сервистің жеткіліксіз деңгейі, пациенттер мен туроператорлар үшін ақпараттық негіздің, сондай-ақ туроператорлар мен клиникалар арасында жедел коммуникацияның болмауы, келетін, іштегі және шығатын медициналық туристердің жетілмеген және шынайы емес статистикасы, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің тарапынан орталықтандырылған үйлестірудің жеткіліксіз деңгейі.

Қазақстанда медициналық туризмді дамыту денсаулық сақтау саласын дамыту үшін қосымша түрткі болмақ, өйткені медициналық туризмнің дамуы медицинаны барынша жылдам қарқынмен дамуға итермелейді және Қазақстан Республикасы халқы денсаулығының жақсаруына ықпал етеді, ішкі туризмнің дамуына, туризмдегі маусымдылықты жаюға жағдай жасайды, елде туристердің ұзақ уақыт болуын қамтамасыз етеді, қосымша табыс әкеледі, өйткені медициналық туристің түбіртегі қарапайым туристің түбіртегінен шамамен 1,3 есе жоғары, мультипликативті әсерді қамтамасыз етеді (медициналық туриспен бірге келгендер отельдерде тұрады және т.б.). Медициналық туризм санаторий-курорттық саланың дамуын қамтамасыз етеді, емдік табиғи факторларды пайдалануды жүйелендіреді, қосымша жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді, инвестициялық тартымдылықты жоғарылатады.

## MICE (іскерлік) туризм

Бизнес немесе MICE туризмінің дамуы әлемнің көптеген өңірлерінде туризмнің басым бағыттарының бірі болып табылады. Туризмнің осы түрін дамыту табиғи ресурстардың және теңізге шығудың, тарихтың немесе аңыздың болуын талап етпейді, сондықтан қарқынды дамуға бағытталған жана қалалар мен мегаполистердің іскерлік туризмді тартудағы және дамытудағы мүмкіндіктері бірдей.

Қазақстанда, атап айтсақ, Нұр-Сұлтан және Алматы қалалары сияқты өңірлерде іскерлік туризмді дамытуға зор көңіл бөлінеді. Нұр-Сұлтан қаласында MICE туризмді дамыту Республикалық туристендіру картасының TOP-10-дығына кірді.

2006 – 2016 жылдары Нұр-Сұлтан қаласында халықаралық конгрестер мен конференциялар қауымдастығының (ICCA) талаптарына сәйкес келетін 36 халықаралық іс-шара өткізілді. Кездесулерде барлығы 14814 халықаралық делегат тіркелді, бұл Нұр-Сұлтан қаласының жалпы кірісін 15,2 млн. АҚШ долларына толықтырды. Бір делегаттың кездесуге жұмсайтын орташа шығыны шамамен 678 АҚШ долларын немесе күніне 218 АҚШ долларын құрайды.

Сонымен қатар, 2018 жылы Нұр-Сұлтан қаласында қатысушылар саны 200-ден 5000-ға дейін жеткен бағыты мен ауқымы әртүрлі 140-қа жуық іскерлік іс-шара өткізілді.

Конгрестер мен конференциялардың халықаралық қауымдастығы жыл сайын MICE-дестинациялар рейтингін жариялайды, Нұр-Сұлтан қаласы 286-орында тұр. Аталған рейтингтің ТОП-

100-дігіне кіру мақсатында Нұр-Сұлтан қаласы жыл сайын кемінде жылына 30 іс-шара өткізуі қажет.

5-сурет

### Конгрестер мен конференциялардың халықаралық қауымдастығының рейтингі

Rank	City	Number of Meetings
1	Barcelona	195
2	Paris	190
2	Vienna	190
4	Berlin	185
5	London	177
6	Singapore	160
7	Madrid	153
8	Prague	151
9	Lisbon	149
10	Seoul	142

193	Тбилиси	14	іс-шара
286	Нұр-Сұлтан	9	іс-шара
286	Баку	9	іс-шара
325	Киев	7	іс-шара
358	Минск	6	іс-шара

MICE немесе іскерлік туризмді дамыту шетелдік делегаттардың келуінен кіріс алып қана қоймай, сонымен қатар іс-шараны ұйымдастырудан да пайда табуға, әлемдік жетекші сарапшылар мен экономика салаларының көшбасшыларын, сондай-ақ қала мен Қазақстан Республикасының нарық сегменттерінің одан әрі өсуіне және дамуына дайындығын көрсету арқылы өңірге инвестиция тартуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, Нұр-Сұлтан қаласындағы MICE туризмнің қарқынды дамуы үшін қосымша ынталандыру шараларын қарастыру және үздік халықаралық тәжірибені пайдалану қажет. Мысалы, БАӘ Дубай штатында жанама салықтарды қайтару тетігі қолданылады. Басқа қалаларда – Сеул, Прага, Санкт-Петербург инвестициялық шығындарды субсидиялау тетіктері пайдаланылады.

ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесін өткізу қаланың туризмін дамытудың катализаторы болды.

Қонақүйлер саны 13,2 % ұлғайды (2018 жылғы қаңтар-наурыз айлары – 189 қонақүй, 2016 жылғы қаңтар-қыркүйекте қонақүйлер саны 167 болды). Сондай-ақ халықаралық рейстердегі жолаушылар ағыны өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 16%-ға өсті (2017 жылдың 6 айы бойынша – 1,2 млн. жолаушы, 2018 жылдың 6 айы бойынша – 1,4 млн. жолаушы). Биылғы жылы Нұр-Сұлтан қаласы Ресей туристерінің арасында көктемгі және күзгі саяхаттар мен шопинг үшін ТМД-ның үздік қалаларының рейтингінде 2-орынды иеленді.

Нұр-Сұлтан республикалық және халықаралық деңгейдегі түрлі форматты ойын-сауық пен спорттық іс-шаралар өткізілетін орталыққа айналып келеді.

Елорданың 20 жылдығын мерекелеу аясында былтырғы жылы қалада 700-ге жуық мәдени, спорттық және іскерлік іс-шаралар өткізілді. Олардың арасында халықаралық деңгейдегі 40-қа жуық ірі іс-шара бар, олар КХЛ жұлдыздарының мерейтойлық 10-шы матчы, мұздағы спидвейден Әлем чемпионатының бірінші кезеңі, Дэвис Кубогының әлемдік тобының матчы, Ironman 70.3 сияқты оқиғалар бар.

Нұр-Сұлтанның үздік концерт алаңдарында ДДТ рок-тобы, Баста, Монатик, Мот, Скриптонит, "The Pink FloydShow" трибьют-тобы, "Ұлы дала бірлігі" Openair, Ленинград тобының концерті және Нұр-Сұлтанның 20 жылдығына арналған үлкен гала-концерт өтті.

Халықаралық тәжірибеге сәйкес бүгінгі күні жарқын және танымал іс-шараларды өткізу туристер ағынын ұлғайтудың ең тиімді тетіктерінің бірі болып табылады.

Сипатталған туристік бағыттардың тізбесі толық емес. Бағдарламада туризмнің басқа барлық салаларын қолдау және дамыту көзделеді: білім беру,

элеуметтік, гастрономиялық, экологиялық, кемпингтік, автокеруен, іскерлік, сауда, спорттық, сакралдық, діни, ностальгиялық, аттылы-жаяу және т.б.

Бағдарламаның негізгі міндеті тұтастай туризмді дамыту үшін жалпы жағдай жасау болып табылады. Бұл ретте осы міндетті орындау үшін күш-жігердің шоғырлануы жаппай келу және ішкі туризм бойынша ағындарды қамтамасыз етуде тиімді болатын негізгі шараларға бағытталады.

### **3.2. Туристік дестинацияларға және объектілерге көліктік қолжетімділік**

Туристік объектілердің және дестинациялардың көліктік қолжетімділігі Қазақстан Республикасында ішкі және кіру туризмін одан әрі дамыту үшін айқындаушы факторлардың бірі болып табылады.

Сонымен бірге туристің "клиенттік жолында" туристік өнім бағасындағы көлік құраушысы 50% және одан көп құрайды. Осыған орай, туристік объектілерге қолжетімділікті жеңілдету, жол бойындағы сервисті, әуежайларды, теміржол вокзалдарын және автостанцияларды қоса алғанда, туристің сапары барысында жайлылықты қамтамасыз ету қажет.

#### **3.2.1. Әуежайлардың инфрақұрылымы және сервис сапасын арттыру**

Талдамалық зерттеулер бойынша Қазақстанның туристік объектілеріне бару үшін туристердің 28 %-ы авиакөлікті пайдаланады. Сонымен бірге келетін турист үшін, әсіресе, алыс шетелден келген турист үшін көліктің бұл түрі негізгі болып табылады.

Осыған байланысты елдің авиациялық инфрақұрылымының жағдайы өзекті болып табылады.

Қазіргі уақытта республикада республикалық және облыстық маңызы бар 18 әуежай жұмыс істейді, оның ішінде 17 әуежайға халықаралық рейстерге қызмет көрсетуге рұқсат берілген.

Бүгінгі күні Қазақстан әуежайларының 15-інің (Нұр-Сұлтан, Атырау, Ақтау, Ақтөбе, Қызылорда, Көкшетау, Тараз, Талдықорған, Орал, Петропавл, Павлодар, Шымкент, Қарағанды, Жезқазған, Алматы) ұшу-қону жолағы және 11 жолаушылар терминалы (Алматы, Нұр-Сұлтан, Атырау, Ақтау, Ақтөбе, Көкшетау, Тараз, Петропавл, Павлодар, Жезқазған, Қарағанды) реконструкцияланды.

2020 жылдың соңына дейін Қостанай және Өскемен қалалары әуежайларының ұшу-қону жолақтарын қалпына келтіру жоспарлануда.

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің деректеріне сәйкес 2017 жылы әуежайлар қызмет көрсеткен жолаушылар саны 14,6 млн. адамға дейін ұлғайды, бұл 2016 жылмен (12,2 млн. адам) салыстырғанда 19,7%-ға артық, транзиттік жолаушылар саны 620 мың адамға дейін ұлғайды, бұл 2016 жылмен (

476 мың адам) салыстырғанда 30 %-ға көп, қазақстандық тасымалдаушылар жеткізген жолаушылардың саны да 7,4 млн. адамға дейін ұлғайды, бұл 2016 жылмен (6 млн. адам) салыстырғанда 23 %-ға көп.

Бұл ретте әуежайлар инфрақұрылымын одан әрі жетілдіру және жолаушыларға қызмет көрсету сапасын арттыру мақсатында оларды реконструкциялау және жаңғырту бойынша жұмыстарды жалғастыру қажет.

#### Халықаралық авиатасымалдар

Қазақстан Республикасы әлемнің ірі қалаларымен және халықаралық қаржы орталықтарымен авиақатынастарды ашу жұмысын жүргізді. Қазақстан 38 шетелдік мемлекетпен әуе қатынасы саласында үкіметаралық келісімдер жасады.

Қазақстанға және Қазақстаннан 98 маршрут бойынша авиатасымалдар орындалады: ТМД елдерімен – 56 маршрут, ЕО елдерімен – 12 маршрут, Оңтүстік Шығыс Азия елдерімен – 15 маршрут, Таяу Шығыс елдерімен - 15 маршрут.

Әлемнің 22 елімен және мына қалаларымен байланыс қамтамасыз етілген: Франкфурт, Ганновер, Лондон, Париж, Амстердам, Варшава, Будапешт, Ыстамбұл, Киев, Минск, Мәскеу, Санкт-Петербург, Екатеринбург, Новосибирск, Омбы, Томск, Тбилиси, Батуми, Баку, Ашғабад, Ташкент, Душанбе, Бішкек, Тегеран, Абу-Даби, Дубай, Шаржы, Үрімші, Сиань, Бейжің, Сеул, Куала-Лумпур, Бангкок.

2019 жылы Токиомен, 2022 – 2023 жылдары Нью-Йоркпен қатынас ашу жоспарлануда.

ТМД-ның, Еуропаның және Оңтүстік-Шығыс Азияның ірі қалаларымен тікелей авиақатынастардың болуына қарамастан, Қазақстанда келу және ішкі туризмнің дамуын тежейтін бірқатар себептер бар, олардың бірі бұқаралық туризм үшін авиабилеттің қымбаттығы болып табылады.

Қазіргі уақытта Қазақстанға және Қазақстаннан екі жақты тасымалдарды 28 шетел тасымалдаушысы жүзеге асырады. Елдердің арасындағы әуе қатынасы үкіметаралық келісімдермен, өзара түсіністік туралы екіжақты меморандумдармен, авиация билік өкілдерінің келіссөздер хаттамаларымен айқындалған уағдаластықтар шеңберінде жүзеге асырылады.

Сонымен қатар, отандық авиакомпаниялар ішкі және халықаралық тасымалдаудың қарқынды дамып келе жатқан сұранысын қанағаттандыру үшін әуе кемелерінің тапшылығын сезінуде.

Айталық, мына статистикалық ақпарат осының жарқын мысалы бола алады. Ұлттық тасымалдаушы "AirАстана" – 32 әуе кемесі, ал ТМД-ның аумағы мен халқының саны жағынан шағын елдерінің авиатасымалдаушыларының әуе

кемелерінің саны онымен шамалас: "Belavia" – 28 әуе кемесі, "МАУ" – 45 әуе кемесі, "УзбекистонХавоЙуллари" – 27 әуе кемесі және "Түрікмен авиажелілері" – 25 әуе кемесі.

ЭКСПО-2017 халықаралық мамандандырылған көрмесін өткізу кезеңінде және қазіргі уақытта Нұр-Сұлтан қаласының үстінен әуе бостандығының 3 және 4-деңгейін қолдану тәжірибесі тиімді болды (шет мемлекеттердің авиатасымалдаушыларына аптасына 7 рейске дейін орындау құқығы берілді). Будапешт – Нұр-Сұлтан маршруты бойынша "Wizzair" авиакомпаниясы ұша бастады, Варшава – Нұр-Сұлтан маршрутымен "LOT" поляк авиатасымалдаушысы, Хельсинки – Нұр-Сұлтан маршруты бойынша "Finnair" авиакомпаниясы, Нұр-Сұлтан – Батуми маршруты бойынша "Georgian Airways" авиакомпаниясы және т.б. ұшуды қайта бастады.

Нәтижесінде 23 жаңа халықаралық маршрут ашылды. Қазақстанға "WizzAir", "FlyDubai", "AirArabia" және "Победа" секілді low-cost компаниялар тартылды.

Халықаралық әуе кеңістігін реттеудің әлемдік тәжірибесінде транзиттік жолаушылар ағынын ұлғайту үшін авиация билігі әуе бостандығының 5-ші деңгейін қолдана отырып, "Ашық аспанды" пайдаланады, әрі кейбір мемлекеттер (мысалы, Тайланд) елде туризмді дамыту, аз пайдаланылатын маршруттарды толтыру, сондай-ақ әуежайлардың инфрақұрылымының бос қуаттарын жүктеу үшін бұл құқықты басқа елдердің тасымалдаушыларына береді.

Халықаралық ашықтық көрсеткіші бойынша БЭФ-тің ең ашық елдер рейтингінің ТОП-5-тігіне Сингапур, Аустралия, Чили, Колумбия, Жаңа Зеландия кіреді. Бұл елдердің барлығы әуе бостандығының 5-деңгейінің элементтерімен ашық аспан саясатын ұстанады.

Қазақстанда хабтарды дамыту үшін Қазақстан Республикасында авиация нарығын ырықтандыру саясаты кезең-кезеңімен жүргізіледі. Нәтижесінде Нұр-Сұлтандағы "ашық аспан" режимі ұзартылды және әділ бәсекелестікті сақтау мақсатында субсидияланғандардан басқа барлық тасымалдаушылар үшін жарамды.

Бұл ретте, "ашық аспан" нормаларын қазақстандық тасымалдаушылардың мүдделерін есепке алмай бір уақытта қолданған кезде қазақстандық авиациялық көрсетілетін қызметтер нарығына өз үкіметтері қолдайтын шетелдік авиатасымалдаушылардың келу тәуекелі туындайды, бұлар демпингтік шаралар арқылы отандық тасымалдаушылардың бәсекеге қабілеттілігін төмендетеді.

Жоғарыда баяндалғанның негізінде нарықтық тетіктерді пайдалана отырып және отандық әуе тасымалдаушылардың бәсекеге қабілеттілігін сақтай отырып, елдің әуе кеңістігін реттеуден біртіндеп бас тарту арқылы туристік нарықтың қарқынды дамытуға болады.

Ішкі авиатасымалдар

Қазіргі уақытта ішкі авиарейстерді аптасына 600-ден астам рейспен 53 ішкі маршрут бойынша жеті қазақстандық авиакомпания орындайды, олар: "AirAstana", "Scat", "QazaqAir", "BekAir", "Жетісу авиа", "Жезқазған Эйр" және "Южное небо".

2012 жылдан бастап ішкі авиациялық тасымалдар нарығында барлық шектеулер алынып тасталды, яғни жүйелі ішкі коммерциялық әуе тасымалдарын орындауға рұқсаты бар әрбір қазақстандық авиакомпания өзінің қалауы бойынша сұранысқа сәйкес Қазақстанда кез келген ішкі маршрутта жүйелі рейстерді орындау құқығына ие.

Бұл ретте, Қазақстанның барлық өңірлерінен Нұр-Сұлтан және Алматы сияқты ірі қалаларға ұшу географиясы жолға қойылса, ал қазіргі уақытта Қазақстанның қалған өңірлері арасында байланыс жоқтың қасы, мұның өзі ішкі туризмнің дамуына кедергі келтіреді. Мысалы, Батыс Қазақстанның туристеріне қысқа уақытта Шығыс Қазақстанға, ал Солтүстік Қазақстаннан Оңтүстік Қазақстанға авиакөлікпен бару қиын.

Осыған орай, ел өңірлерінің арасында ішкі авиатасымалдарды дамыту, оның ішінде авиамаршруттарды қосымша субсидиялау арқылы дамыту қажеттілігі туындайды.

Айталық, 2018 жылы 1,8 млрд. теңге сомасына мынадай авиамаршруттар субсидияланды:

- 1) "Қарағанды – Қызылорда– Қарағанды";
- 2) "Өскемен – Қарағанды– Өскемен";
- 3) "Петропавл – Шымкент – Петропавл";
- 4) "Алматы– Балқаш – Алматы";
- 5) "Нұр-Сұлтан – Үржар– Нұр-Сұлтан";
- 6) "Нұр-Сұлтан – Үшарал – Нұр-Сұлтан";
- 7) "Көкшетау– Ақтау – Көкшетау";
- 8) "Алматы – Көкшетау – Алматы";
- 9) "Нұр-Сұлтан – Петропавл – Нұр-Сұлтан";
- 10) "Алматы – Петропавл– Алматы";
- 11) "Алматы – Үржар– Алматы";
- 12) "Алматы – Үшарал – Алматы";
- 13) "Нұр-Сұлтан – Талдықорған – Нұр-Сұлтан";
- 14) "Нұр-Сұлтан – Балқаш – Нұр-Сұлтан";
- 15) "Өскемен – Семей – Үржар – Семей – Өскемен";
- 16) "Өскемен – Зайсан – Өскемен";
- 17) "Талдықорған – Үшарал – Талдықорған".

Өңірлік авиацияны дамытудың да маңызы бар. Кең-байтақ аумағы бар Қазақстан жергілікті маңызы бар, оның ішінде облысаралық автомобиль

жолдарының дамытылмай қалуына байланысты республикамыздың ірі қалаларын туристік дестинациялармен үнемі байланыстыруды қамтамасыз ете алмайды, сол себепті қазіргі уақытта қажетті туристік қолжетімділік жоқ, демек қазақстандық демалыс аймақтарының тартымдылығы төмен. Бұл проблеманың шешімі негізгі туристік бағыттар мен ірі қалалардың, облыс орталықтарының арасында тұрақты және (немесе) маусымдық авиамаршруттарды дамыту болып табылады.

Осыған байланысты өңірлік авиациялық секторды облыс орталықтары мен туризм орталықтары арасындағы тұрақты авиақатынастар желісін қалыптастыру арқылы қалпына келтіру ұсынылады.

Авиаотынмен қамтамасыз ету

Қазақстан Республикасында азаматтық авиацияның бәсекелес саласының және халықаралық авиациялық хабтың қалыптасуын айқындайтын факторлардың бірі авиаотынмен қамтамасыз ету мәселесі болып табылады, мемлекет мұны жан-жақты бақылауға алмаса, ол тежеуші факторға айналады. Соңғы жеті жылда Қазақстан Республикасының авиатасымалдаушылары азаматтық авиация саласында тапшылық мәселесін шешу мақсатында авиаотынның отандық өндірушілеріне берілген авиаотынға еркін баға белгілеу жағдайларында жұмыс істеуге мәжбүр (2011 жылдан бастап авиаотынның құнын реттеу алып тасталды).

Авиакеросиннің жоғары бағасы жолаушылар үшін авиабилеттердің құнына және туристердің авиакөлікті пайдалану қолжетімділігіне айтарлықтай әсер етеді

Қазақстандық авиатасымалдаушылар отандық авиаотын бағасының үнемі өсуімен және қымбат импортқа тәуелділіктің жаппай ұлғаюымен бетпе-бет келді ("AirAstana" АҚ жылына 300 000 тоннаны құрайтын жалпы мұқтаждықтың 60%-ға дейінгісі – 180 000 тоннасын импорттайды). 2017 жылы Қазақстан Республикасының нарығында авиациялық отынның тапшылығы шиеленіскен кезде зауытта отандық авиаотынның бағасы жарты жыл ішінде 18%-ға ұлғайды, ал әлем нарығында баға 17 %-ға азайды.

Мысалы, Мәскеуден Нұр-Сұлтанға дейін ұшып бару үшін авиабилеттің құны бір отбасыға (2 ересек, 2 бала) кем дегенде 500 мың теңгені құрайды. Бұл ретте, Мәскеуден Бакуге, Тбилисиге немесе Ташкентке дейін ұшып барудың бағасы айтарлықтай аз (тиісінше 250, 300 және 450 мың теңге).

Авиабилеттер бағасының қолжетімділігі бойынша Қазақстан қазіргі уақытта батыстағы елдерден ғана емес, Ресейден де қалып қойды. Қазақстандағы орташа еңбекақыға сатып алуға болатын жолаушы-километр саны Ресейдің осыған ұқсас көрсеткішінен 2 есе дерлік төмен және батыс елдерінің көрсеткіштерінен 8 есе төмен.



2018 жылы 37%-ға қымбаттап, өсу қарқыны сақталады және сол арқылы Еуропадағы, тіпті мұнай өңдеумен айналыспайтын өңірлердегі бағалар деңгейіне жетті.

Қазақстан әуежайларындағы авиакеросиннің 1 тоннасының құны шамамен 580 – 900 АҚШ долл. құрады. Салыстыратын болсақ: Франкфурт әуежайында авиакеросин 641 АҚШ долл., Хитроу қаласында – 652 АҚШ долл., Ыстамбұлда – 652 АҚШ долл. тұрады.

Әлемде көп жылдар бойы байқалып отырған саяси және энергетикалық тұрақсыздық жағдайларында ТМД-ның басқа елдері мен ҚХР-да азаматтық авиацияны авиаотынмен қамтамасыз ету мемлекеттің жан-жақты тұрақты бақылауында.

Мысалы, Ресейде авиаотынның басым бөлігін өндіретін "Газпром нефть" ЖАҚ-ның "Аэрофлот" ұлттық авиатасымалдаушысына және басқа ірі авиакомпанияларға бекітілуі мемлекеттің бақылауында. Қытайда "Қытай ұлттық авиаотын компаниясы" (CNAF) бірыңғай мемлекеттік авиаотын өндіруші ұлттық авиатасымалдаушыларға ("AirChina", "ChinaSouthern" және т.б.) және қалған авиакомпанияларға бекітілген, Әзербайжанда, Түрікменстанда, Өзбекстанда, Беларуста ұлттық мұнай компаниялары ұлттық авиатасымалдаушыларға (Беларусь мұнай компаниясы "Belavia" компаниясына, "УЗНЕФТЕПРОДУКТ" АҚ "UzbekistanNavaYollari" компаниясына және т.б.) бекітілген.

Баяндалғанның негізінде авиациялық керосин бағасын мемлекеттік реттеуді енгізу мәселесін қарастыру қажет.

### **3.2.2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасындағы автомобиль жолдарының және өткізу бекеттерінің инфрақұрылымы**

ИИДМ деректеріне сәйкес қазіргі уақытта Қазақстанда жалпыға ортақ пайдаланудағы автомобиль жолдарының ұзындығы 95,6 мың км, оның ішінде, республикалық маңызы бар – 24,4 мың км, облыстық және аудандық маңызы бар – 71,2 мың км.

Экономиканың және халықтың сапалы әрі қауіпсіз автомобиль жолдарына мұқтаждығын қанағаттандыру, сондай-ақ Қазақстанның транзит-көлік әлеуетін іске асыру мақсатында автожол саласында бірқатар бағдарламалар қабылданды, олар: Қазақстан Республикасының автожол саласын дамытудың 2001 – 2005 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (2001 жыл), Қазақстан Республикасының автожол саласын дамытудың 2006 – 2012 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (2005 жыл), Қазақстан Республикасында көлік инфрақұрылымын дамыту жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған бағдарлама (2010 жыл), Қазақстан Республикасы көлік жүйесінің инфрақұрылымын

дамытудың және ықпалдастырудың 2020 жылға дейінгі мемлекеттік бағдарламасы (2014 жыл), сондай-ақ "Нұрлы жол" инфрақұрылымды дамытудың 2015 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (2015 жыл).

Аталған бағдарламаларды іске асыру халықаралық негізгі алты транзиттік дәлізді қоса алғанда, республикалық маңызы бар шамамен 11,5 мың км және жергілікті маңызы бар 20 мың км автомобиль жолдарын салуға және қайта салуға мүмкіндік берді.

Автожол саласын дамытуға 2 567,8 млрд. теңге бөлінді, оның ішінде жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарын дамытуға және жөндеуге 800 млрд. теңгеден астам бюджеттік инвестициялар салынды.

Ұзындығы 8 мың км асатын республикалық маңызы бар "Алматы – Нұр-Сұлтан", "Нұр-Сұлтан – Қостанай – Челябинь", "Самара – Шымкент", "Атырау – Орал", "Ақтөбе – Қарабұтақ – Қостанай обл. шек.", "Алматы – Бішкек", "Атырау – Ақтау, Ресей Федерациясының шекарасы – Павлодар – Майқапшағай", "Таскескен – Бақты", "Шонжы – Құлжат", "Нұр-Сұлтан – Щучинск", "Щучинск – Көкшетау" автомобиль жолдарының учаскелері реконструкцияланды.

Жалпы ұзындығы 216 километр құрайтын "Қызыләскер – Кировский", "Риддер – Ресей Федерациясының шекарасы" автомобиль жолдары, "Нұр-Сұлтан қаласының Шығыс, Солтүстік және Оңтүстік айналма жолдары", Щучинск-Бурабай курорттық аймағына кірер жол, "Алатау" ИТП" ЕЭА кірер жол, Қостанай қаласының айналма жолы, Көкшетау қаласының айналма жолы салынды.

Орал қаласы маңында Жайық өзені, Сырдария өзені, Қиғаш өзені, Павлодар қаласындағы Ертіс өзені арқылы өтетін көпірлер салынды.

"Нұр-Сұлтан – Щучинск" учаскесінде автомобиль жолдарымен жүру үшін төлем алу жүйесі алғаш рет 2013 жылы енгізіледі.

2018 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша республикалық маңызы бар автомобиль жолдарының 86%-ы және облыстық, аудандық маңызы бар автомобиль жолдарының 66%-ы жақсы және қанағаттанарлық жай-күйде. Атқарылған жұмыстардың нәтижесінде республикалық маңызы бар автомобиль жолдары 40 %-дан аса жақсарды.

Жалпы, 2015 – 2017 жылдары I және II техникалық санаттардың параметрлері бойынша 1,8 мың километр автожол салынды және реконструкцияланды, оның ішінде "Батыс Еуропа – Батыс Қытай" транзит дәлізі бойынша, "Нұр-Сұлтан – Теміртау", "Алматы – Қапшағай", "Қапшағай – Балпық би", "Бейнеу – Ақтау" және "Көкшетау – Петропавл" учаскелері бойынша қозғалыс толық ашылды, сондай-ақ Павлодар қаласында ұзындығы 12 км құрайтын Ертіс өзені арқылы өтетін Орталық Азиядағы ең үлкен көпір салынады.

Осы мақсаттарға 932,4 млрд. теңге, оның ішінде Ұлттық қордан – 472,8 млрд. теңге бөлінді. Барлық жобаларға 80 мың адам қатысты, отандық өндірушілер материалдарының үлесі 95 %-дан асады.

2018 жылы жалпы ұзындығы 4,6 мың км болатын республикалық маңызы бар автомобиль жолдарын салу және реконструкциялау бойынша 24 жобаны іске асыру жоспарланып отыр, оны іске асыруға 232,4 млрд. теңге көзделген.

"Теміртау – Қарағанды", "Орталық – Шығыс", "Нұр-Сұлтан қаласының оңтүстік-батыс айналма жолы", "Щучинск – Зеренді", "Қостанай – Денисовка", "Бейнеу – Ақтау", "Бейнеу – Ақжігіт", "Жетібай – Жаңаөзен", Қордай кентінің айналма жолы, "Нұр-Сұлтан – Петропавл", "Ақтөбе – Мақат", "Атырау – Астрахань", "Үшарал – Достық", "Күрті – Бурылбайтал", "Қалбатау – Майқапшағай", "Қапшағай – Талдықорған", "Талдықорған – Өскемен", "Таскескен – Бақты", Осиновский асуы, "Мерке – Бурылбайтал", "Орал – Каменка" және "Ұзынағаш – Отар" сияқты 22 жоба бойынша жұмыс жалғасты. Сондай-ақ жаңа "Балқаш – Бурылбайтал" жобасын бастау жоспарланды.

2018 жылдың қорытындысы бойынша 528 км жолда қозғалыс ашу жоспарланып отыр (Орталық – Шығыс – 243 километр; Орталық – Оңтүстік – 30 километр; Орал – Каменка – 35 километр; Бейнеу – Ақжігіт – 85 километр; Алматы – Талдықорған (Сарқанд қаласын айналып өту учаскесі) – 16 километр; Қордай кентін айналып өту – 19 километр; Нұр-Сұлтан – Петропавл – Ресей Федерациясының шекарасы (Қорғанға) – 25 километр; Таскескен – Бақты – 10 километр; Щучинск – Зеренді – 30 километр; Талдықорған – Өскемен – 20 километр; Қалбатау – Майқапшағай – 9 километр; Нұр-Сұлтан қаласының Оңтүстік-Батыс айналма жолы – 6 километр).

Республикалық және жергілікті маңызы бар жолдардың құрылысы мен реконструкциясы жоспарға сәйкес және жүйелі түрде жүргізіліп жатқанын айта кету керек. Бұл ретте Туристендіру картасының объектілеріне "соңғы миля" деп аталатын көліктің қолжетімділігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмысты жалғастыру қажет.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан өткізу пункттері

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында 52 автомобиль, 27 теміржол, 1 өзен және 3 теңіз өткізу пункті, Ресей Федерациясымен шекарада 105 оңайлатылған өткізу пункті, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы адамдарды, көлік құралдарын және жүкті өткізу жүзеге асырылатын 22 басқа орын ашылған.

Қолданыстағы өткізу пункттерінің ішінде 35 пункт халықаралық тасымал үшін, 17 екіжақты автотасымал үшін ашық. Қазақстан – Ресей шекарасында 30 өткізу пункті жұмыс істейді, Қазақстан – Қырғызстан шекарасында – 7, Қазақстан – Өзбекстан шекарасында – 8, Қазақстан – Түрікмен шекарасында – 1.

Бұл ретте келушілердің (туристердің) шамамен 85%-ы Қазақстанға автомобиль көлігімен келеді.

Туристер Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан автокөлікпен өткен кездегі проблемалы мәселелердің бірі автокөлік өткізу пункттерінің дамымағандығы, атап айтқанда өткізу пункттерінің аумағын кеңейту үшін жеткілікті жер қорының болмауы, шекаралық және кедендік бақылаудың техникалық құралдарының жетілмегендігі, туристік жолаушылар көлігін бақылау үшін жеке жолақтардың болмауы, жолаушылар терминалдарының дұрыс дамымағандығы, өткізу пункттеріндегі кіреберіс жолдардың және инфрақұрылымның дамымағандығы болып табылады.

Өткізу пункттерінің нашар дамуының себептеріне мыналарды жатқызуға болады: қазіргі уақытта өткізу пункттері жол және көлік инфрақұрылымының ажырамас бөлігі ретінде қарастырылмайды, өткізу пункттерін дамыту бойынша бірыңғай мемлекеттік саясат және уәкілетті орган құрылымында өткізу пункттерін дамыту бойынша жеке құрылымдық бөлімше жоқ, өткізу пункттерінің әртүрлі ведомстволарының балансында болуы (ИИДМ, Қаржымині МКК, ҰҚК ШҚ), сондай-ақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасындағы өткізу пункттерін жаңғырту және реконструкциялау бойынша нақты стратегияның және іс-шаралар жоспарының болмауы.

Туристік жолаушылар көлігін басым бақылаудың болмауы да жағдайды қиындатады, соның салдарынан туристік автобустар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында орта есеппен 2-ден 10 сағатқа дейін бақылауды күтуге мәжбүр. Сонымен бірге, халықаралық автомобиль тасымалдары туралы қолданыстағы екіжақты үкіметаралық келісімдер туристік жолаушылар көлігі ұғымын қамтымайды, сондай-ақ туристік жолаушылар көлігін бірінші кезекте бақылау туралы нормалар жоқ.

### **3.2.3. Автомобиль көлігі және тасымалдау инфрақұрылымы**

Теңізге шығатын жолы жоқ ел ретінде Қазақстан үшін Еуропа және Азия елдері арасында тасымалдарды және сыртқы сауданы жүргізу үшін халықтың қажеттіліктерін қамтамасыз етуде автомобиль көлігі өте маңызды рөл атқарады.

Республикада 36 автовокзал және 105 автостанция жұмыс істейді, олар жергілікті атқарушы органдардың тізіліміне енгізілген. Олардың ішінде 55 %-ы ғана ұлттық стандарттарға сәйкес келеді.

Тұрғындарының саны 100-ден асатын елді мекендерді жүйелі автобус қатынасымен қамтамасыз ету 78 %-ды құрайтынын атап өткен жөн.

Жолаушыларды тасымалдауды 2 724 жүйелі автобус маршрутында автокөлік құралдарының паркі 17 475 автобусты құрайтын 926 тасымалдаушы жүзеге асырады, оның ішінде облысаралық тасымалдарды паркінде 810 автокөлік құралы бар 88 тасымалдаушы 105 маршрут бойынша, халықаралық

тасымалдарды паркінде 660 автокөлік құралы бар 61 тасымалдаушы 121 маршрут бойынша жүзеге асырады.

2017 жылы жүйелі жолаушылар маршруттарында 17475 автобустың ішіндегі 11 572 бірлік (60 %) 7 жылдан астам пайдаланылады. 5-7 жыл ішінде парктің тозуы 90 % және одан жоғары деңгейге жетеді деп күтілуде.

Әлеуметтік маңызы бар маршруттар бойынша кейбір автотасымалдардың шығындылығына байланысты ЖАО жыл сайын тасымалдарды субсидиялауды жүргізеді. Мәселен, 2017 жылы әлеуметтік маңызы бар қала (ауыл), қала маңындағы, аудан ішіндегі, ауданаралық жүйелі жолаушылар тасымалдарына ЖАО төлеген субсидиялардың сомасы 2,8 млрд. теңгені құрады.

Туризмдегі және саяхаттардағы құндылықтар тізбегін талдай отырып, келу туризмде де, ішкі туризмде де туристердің негізгі шығыстары көлік шығыстарына келетіндігі анықталды. Осыған байланысты турпакеттегі көліктік құрамдас бөлікті төмендету жөнінде жұмыс жүргізу қажет.

Бұл ретте, ішкі туризмде туристердің негізгі шығындары автокөліктің үлесіне тиесілі. Сонымен бірге, туристік автобустардың жаппай жетіспеушілігі және олардың тозуы байқалады.

Жолаушылар автокөлігінің тозғандығын назарға ала отырып, "БРК-Лизинг" АҚ-мен бірлесіп, 2018 жылы 10 млрд. теңге көлемінде республикалық бюджеттен және инвестициялық қаражат есебінен тең қаржы бөлу арқылы жеңілдікпен кредиттеу тетігі әзірленді.

Жеңілдікпен лизингтік қаржыландыру жолаушыларды автобуспен тасымалдауды ұйымдастырумен және/немесе қызмет көрсетумен айналысатын кәсіпорын – лизинг алушы үшін 15 %-ға дейінгі алғашқы жарнамен жылдық 7 % мөлшерлеменен 7 жыл мерзімге дейін ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыру операторы ретінде "БРК-Лизинг" АҚ арқылы беріледі.

#### **3.2.4. Теміржол көлігі және тасымалдар инфрақұрылымы**

Теміржол көлігі ішкі туристер үшін көліктің ең қолжетімді түрі болып табылады.

Жолаушылар көлігінің басқа түрлерімен салыстырғанда теміржол көлігінің бірқатар басымдығы бар, олардың маңыздылары мыналар болып табылады:

1) жыл мезгіліне, тәулікке және әуе райына қарамастан тасымалдардың жүйелі болуы;

2) салыстырмалы түрде құнының төмен болуы.

Қазақстандағы теміржолдың пайдаланылатын ұзындығы – 16 мың км құрайды. Өңірлердің арасында ішкі коммуникацияларды қамтамасыз ету, халықтың мұқтажыдығын қанағаттандыру және Қазақстанның экспорттық және транзиттік әлеуетін арттыру үшін 2 500 км жаңа теміржол салынды, оның ішінде:

1) "Ақсу – Дегелең", ол Павлодарды Семеймен жалғады (187 км);

2) "Хромтау – Алтынсарин", ол Қостанай және Ақтөбе облыстарын қосты (404 км);

3) "Шар – Өскемен", ол шығыс өңірінің бірыңғай теміржол инфрақұрылымын қалыптастырды (150 км);

4) "Өзен – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы", ол Қазақстанның батысын Түркіменстанмен қосты, Түркіменстан және Иран арқылы Парсы шығанағына дейін тікелей маршрутты қамтамасыз етті (146 км);

5) "Жетіген – Қорғас", ол Қазақстан Республикасының транзиттік әлеуетін арттыруға бағытталған, Қытайдан Қазақстанның оңтүстік өңірлеріне және Орталық Азия елдеріне дейінгі қашықтықты 550 км қысқартуға мүмкіндік берді (293 км);

6) "Арқалық – Шұбаркөл", ол орталық Қазақстаннан солтүстік өңірлерге дейінгі қашықтықты 540 км қысқартуға мүмкіндік берді (214 км);

7) "Жезқазған – Бейнеу", ол Қытайдан Еуропаға дейінгі қашықтықты шамамен 1 200 км қысқартуға мүмкіндік берді (1036 км);

8) "Боржақты – Ерсай", ол Құрық перспективалы портын теміржол магистралімен қосты (14 км);

9) "Шу – Алматы" учаскесіндегі екінші жол, ол 112 км екінші жолдарды қамтиды.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында 302 теміржол вокзалы жұмыс істейді. Қызмет көрсетілетін жолаушылардың және техникалық жабдықтардың көлеміне байланысты теміржол вокзалы сыныптарға бөлінеді.

Жолаушылар тасымалдары бойынша маршруттардың жалпы саны 73-ті құрайды, олардың ішінде субсидияланатын 57 маршрут, коммерциялық 16 маршрут бар.

Сонымен бірге бүгінгі күні мынадай проблемалар бар:

1) туристік бағыттар бойынша маршруттардың жетіспеушілігі;

2) теміржол вокзалдарының қанағаттанғысыз жай-күйі;

3) жылжымалы құрамның тапшылығы, жолаушылар вагондарының әбден тозуы.

### **3.3. Туристік өнімдердің және көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қолжетімділігі**

Туристік ұсыныстың сапасы мен қолжетімділігі көбінесе саланың кадрлық қамтамасыз етілуіне, орналасқан жерлеріне, тамақтандыру, ойын-сауық орындарындағы сервис деңгейіне, келу орындарында және көлікте сервистік қызмет көрсетуге, мемлекеттік көрсетілетін қызметтерге, онлайн броньдауға және туристік өнімдерді төлеуге және т.б. байланысты болады.

#### **3.3.1. Туризм индустриясындағы адами ресурстарды дамыту**

Жоғары туристік ұсыныстың негізгі факторларының бірі туризм саласын жоғары білікті кадрлық персоналмен қамтамасыз ету болып табылады.

Туристік өнімнің өнеркәсіптік тауарлардан өзгеше маңызды ерекшелігі адамдардың өндірістік процеске белсенді қатысуы болып табылады. Осылайша, адами фактор туризм саласының біртекті болмауына және сапасына қатты әсер етеді. Туризм индустриясында персонал ұйымның бәсекелік артықшылықтарының негізгі ресурстарының бірі болып табылады, демек туристік ұйымдарда қызмет көрсету сапасы қызметшілердің біліміне, шеберлігіне және саналылығына байланысты.

Туристік салада мамандар тапшылығы, сондай-ақ оларды даярлау сапасының проблемасы ҚР туристік саланың орнықты әрі тиімді дамуындағы маңызды проблемалардың бірі болып табылады. Туризм саласында жалпы білікті персоналдың жетіспеушілігі туристік қызметтер көрсету кезінде анық байқалады.

Қазақстан туризм саласында білікті кадрлардың қолжетімділігі бойынша 136 елдің ішінде 71-ші орында тұр. Қазіргі уақытта Қазақстанда туризм индустриясы үшін кадрларды даярлау 61 ЖОО-да жүзеге асырылады, жылына 3500 маман шығарылады.

Қазақстанда туристік бағдарлаудың білім беру бағдарламаларының спектрі ауқымды болғандығына қарамастан, қазіргі уақытқа дейін практикаға бағытталған білім берудің жүйелі тәсіліне, туристік саланың кәсіпқой жеке санаттарын, мысалы, экскурсия жетекшілерін, гидтерді, ойын-сауық бағдарламаларының аниматорларын кәсіптік даярлауға, туристік қызметтердің заманауи нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, кәсіптік талаптарды айқындауға мұқтаждық байқалады.

Жұмыс істеп тұрған оқу орындарында халықаралық стандарттарға сәйкес әзірленген оқу жоспарлары жоқ, пайдаланылатын техникалық материалдардың сапасы нашар, туризм және/немесе қонақүй бизнесі саласында халықаралық тәжірибесі мен білімі бар оқытушылар және профессорлар жеткіліксіз. Қолданыстағы академиялық бағдарламалар практикалық жұмысқа бағдарланбағандықтан, туризм секторының нақты мұқтаждықтарын қанағаттандырмайды. Соның салдарынан бейінді жоғары оқу орындарының кадрлары сұранысқа ие болмай қалады.

Қазақстандық білім беру жүйесімен салыстырғанда еуропалық білім беруде оқу уақытының 50 %-дан 70%-ға дейінгі кезеңін өндірістік практикада өткізу көзделеді. АҚШ-тағы кадрлар даярлау тәжірибесі назар аударуға тұрарлық, онда білім беру мекемелерінің негізінде бірыңғай ақпараттық жүйе арқылы туризм индустриясының кәсіпорындарымен қосылған мамандандырылған бөлімдер (кадрлық агенттіктер) жасақталған, олар еңбек нарығының қажеттіліктерін жүйелі түрде мониторингтеумен, жас мамандарды жұмысқа орналастырумен және

бейінді мамандықтар бойынша талапкерлерді қабылдау санын реттеумен айналысады.

Францияның тәжірибесі де қызықты, онда кәсіптік даярлау жүйесінің екі басты мақсаты бар: біліктілікті арттыруға көмек көрсету және саланы дамыту проблемаларын шешу. Мұндай жүйе сапаға баса назар аударуға көмектеседі. Кәсіптік даярлаудың бұл жүйесі 2 ұйымдық процеске бөлінген: кәсіпті енгізудің қысқа мерзімді курстары және ұзақ мерзімді кәсіптік тренинг.

Қазақстандық білім беру жүйесінде кадрларды өндірістік практиканы көп өткізу арқылы даярлау техникалық және кәсіптік білім беру (бұдан әрі – ТжКБ) деңгейінде оқыту жүргізілетінін айта кету керек.

Айталық, туризм саласындағы ТжКБ мекемелерінде кадрларды даярлау мынадай мамандықтар бойынша жүзеге асырылуда: "Туризм нұсқаушысы", "Экскурсовод", "Туристік агент", "Менеджер" біліктіліктерімен туризм (салалар бойынша) және "Аудармашы", "Гид-аудармашы" біліктіліктерімен аударма ісі (түрлері бойынша). Өзге мамандықтар, оның ішінде қызмет көрсету бойынша мамандықтар (мейрамхана ісі, даяшылар және т.б.) аралас болып табылады.

Сонымен бірге қазіргі таңда ТжКБ деңгейінде мынадай жағдай байқалады. Туризм саласында 2016 – 2017 оқу жылдарында 2 718 студент оқуға түсті, оларға 721 мемлекеттік тапсырыс бөлінді, ал оқуды тәмамдаған студенттер саны 2 487 (636 білім беру грант).

Осыған байланысты туризм саласындағы мамандықтар бойынша білім беру гранттарының санын арттыру, өңірдің ерекшелігін ескере отырып, туризм саласындағы мамандарды даярлау бойынша ТжКБ бейіндерін айқындау, оқу жоспарларын жаңарту бойынша жұмыс жүргізу, сондай-ақ дуальды білім беру аясында оқушылардың санын арттыру қажет.

Қазақстанның туристік индустриясын дамытуда мемлекеттік саясаттың бірінші кезектілігін назарға ала отырып, мамандарды даярлау нарық конъюнктурасымен талап етілетін мамандықтарға бағытталуы тиіс.

Өзара байланысқан салалардағы кадрларды (меймандостық саласында орта буын персоналын) және ішкі және келу туризмінің арнайы мамандандырылған мамандарын (өлкетанушыларды, экскурсия жетекшілерін, нұсқаушыларды, жолсеріктерді) даярлауға ерекше көңіл бөлу керек.

Әртүрлі шет тілдерін білетін білікті гидтердің және экскурсия жетекшілерінің жетіспеушілігіне ерекше көңіл бөлу керек.

Гидтердің және экскурсия жетекшілері-аудармашылардың ресми тізілімінде 96 адам тіркелген, олардың басым бөлігі Алматы қаласына – 67 адам тиесілі, ал Ақмола облысында – 14 адам, Тараз қаласында – 7 адам, Ақтөбе қаласында – 3 адам, Қарағанды қаласында – 2 адам, Павлодар қаласында – 1 адам және Орал қаласында – 1 адам. Туристер қызығатын жерлердің көбі шоғырланған өңірлерде



гидтер мен экскурсия жетекшілерінің болмауы Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларынан гидтерді әкелу қажеттілігінің салдарынан туристік пакеттің өзіндік құнын ұлғайтады.

Оның үстіне, Өзбекстаннан және Қырғызстаннан туроператорлар арқылы келген шетелдік топтарға қызмет көрсету үшін көршілес елдерден гидтерді тарту фактілері орын алады, бұл Қазақстан Республикасының заңын бұзу болып саналады.

### **3.3.2. Туристік ұйымдардың қызметін мемлекеттік реттеу жүйесі**

Стандарт туристік көрсетілетін қызметтер нарығын реттеудің тиімді құралдарының бірі болып табылады, ол жосықсыз дайындаушыларға да, туристік қызметтерді ұсынушыларға да және тұтынушыларға да әсер етуге мүмкіндік береді. Стандарт өзіндік ерекшелігіне сәйкес кез келген өнімді немесе қызметті өзінің мақсатына сәйкес сенімділіктің, қауіпсіздіктің, сапаның формальді өлшемшарттары бойынша ең төменгі қажетті талаптарды белгілеуге арналған.

Қонақүй шаруашылығы саласына әлемдік стандарттарды енгізу үрдісі Қазақстан үшін тұрақты сипатқа айналып келеді. Әлемдік тәжірибені, туристік лекпен өзара іс-қимылда қонақүй кәсіпорындарының өзіндік ерекшеліктерін және олардың елдегі жай-күйін зерделеу қазақстандық практикаға стандарттарды енгізу бағыты мен жолдарын нақты түсінуге, сондай-ақ елдің қонақүй шаруашылығын қонақүй қызметтері нарығы қалыптасуының әлемдік үрдісімен теңестіру үшін параметрлерді айқындауға мүмкіндік береді.

Қонақүй бизнесі Қазақстанның азаматтарын және шетелдік қонақтарды тұрғын үймен, тамақтанумен, сондай-ақ әртүрлі қосымша көрсетілетін қызметтермен қамтамасыз ету бойынша функцияларды орындайтын қызметтер саласының маңызды элементтерінің бірі болып табылады. Қазақстанның инвестициялық тартымдылығы, халықтың өмір деңгейін жақсарту, отандық нарыққа ірі халықаралық қонақүй желілерінің келуі қонақүй қызметінің қарқынды дамуын және сапасын тиісті әлемдік стандарттарға дейін арттыру қажеттілігін тудырды.

Бәсекеге қабілеттілікті арттыру мақсатында қонақүй кәсіпорны қызмет көрсетудің тиісті сапасын қамтамасыз етуі тиіс, бұл сәйкестік сертификатымен расталады. Ол үшін қонақүйлердің қызметтерін сертификаттау рәсімі бар, ол ерікті немесе міндетті болуы мүмкін.

Қазақстандағы қонақүй қызметтері секторының ағымдағы жай-күйі

Бүгінгі күні тұру үшін жағдай жасау жөніндегі қызмет компания немесе дара кәсіпкер ретінде (кәсіпорынның көлеміне байланысты) тіркелуі мүмкін. Олар Қаржы министрлігіне жыл сайын есеп (салық) жіберуге міндетті.

"Қазақстан Республикасында туристік қызмет туралы" Заңда (2001 жылғы 13 маусымдағы) үй-жайлардың әртүрлі түрлері келтіріледі: қонақүйлер, мотельдер,

кемпингтер, туристік орталықтар, мейманханалар, саяжай кенттері/демалыс үйлері, сондай-ақ туристерді орналастыру және оларға қызмет көрсету үшін пайдаланылатын басқа да ғимараттар мен құрылыстар.

"Қазақстан Республикасында туристік қызмет туралы" Заңның 15.1-бабында мынадай жіктеу өлшемшарттары келтіріледі:

1) туристерді орналастыру орындары туристер легін және барлық туризм түрлерінен түсетін кірістерді арттыруға жәрдемдесу мақсатында жіктелуі тиіс;

2) Туристерді орналастыру орындарын жіктеу қағидалары мақсаттарды, ұйымдастыру құрылымын, ең төменгі талаптарды айқындайды және туристерді орналастыру орындарына санаттар беру тәртібін реттейді.

Алайда "Қазақстан Республикасында өнімдердің сәйкестігін міндетті түрде растау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 20 сәуірдегі № 367 қаулысының қабылдануына байланысты сертификаттауға жататын өнімдер мен көрсетілетін қызметтер тізбесін бекітуге қатысты аталған жіктеме міндетті болып табылмайды. Жіктемені Ұлттық аккредиттеу орталығында аккредиттелген субъектілер қамтамасыз етеді.

Қазіргі уақытта туристерді орналастыру орнының әрқайсысы өзінің қалауынша тіркелуге және кез келген жұлдыз санаты туралы ақпаратты ұсынуға құқылы.

Туристер тұратын әрбір объекті тізілімге енгізілуі тиіс, алайда оны сертификаттау және жіктеу міндетті болып табылмайды.

Демек туристер тұратын объектілердің басшылығы ұсынылатын тұрғын жайдың жайлылық деңгейін дербес айқындай алады және келушілерге бұл тұрғын жайлар сертификаттаудан өткені жөнінде кепілдік берілмейді.

Осылайша Қазақстанда қонақүйдің санатын айқындау жүйесі жоқ, мәлімделген жүйе халықаралық стандарттарға сәйкес келмейді (халықаралық брендтерді қоспағанда).

Осыған байланысты бұл жағдай жақсартуды талап етеді. Қазіргі уақытта Қазақстанда санаттарды айқындау қағидалары бар, бірақ негізінен, оларды қонақүйлердің орындауы міндетті деп көрсетілмеген. Одан басқа қонақүйлерді жіктеу жүйесі жоқ. Яғни қонақүй қандай да бір шынайы дәлелдер ұсынбай, өзін 5 жұлдызды қонақүй ретінде мәлімдей алады. Тиісінше келуші шетелдіктер қонақүйде тұру жағдайларының деңгейіне қатысты сенімді ақпарат ала алмайды. Кезекті бағалаулар жүйесі болмаған кезде қонақүйлер нарығы халықаралық қауымдастықтың сеніміне ие бола алмайды.

#### Халықаралық тәжірибе

Көптеген елдерде қонақүйді алдын ала жіктеу қонақүй қызметіне лицензия алған кезде міндетті шарт болып табылады. Қонақүйлердің қызметі көрсетілетін

қызметтердің қауіпсіздігіне сәйкес келетін сертификаты негізінде жүзеге асыруды көздейді.

Қазіргі уақытта туризм саласына клиенттердің келуін қамтамасыз ететін басты бәсекелік артықшылықтардың бірі ұсынылатын қызметтердің сапасы болып табылады. Еуропаның көптеген елдерінде ұсынылатын туристік қызметтердің сапасын қамтамасыз етуге мемлекет деңгейінде көңіл бөлінеді.

Туризмде сапа стандарттарын арттыру, сондай-ақ бойынша жасалған халықаралық талдаудың негізінде туристік қызметтердің сапа жүйесін қалыптастыруда Испанияның тәжірибесін атап кетуге болады, бұл елге туризмді дамыту деңгейі, сондай-ақ ел экономикасына түсетін пайда мөлшері бойынша әлемде жетекші орындардың бірін қамтамасыз етті. Испандық тәжірибе, біріншіден, мемлекеттің белсенді қолдауымен туристік қызметтер сапасының бірыңғай жүйесін енгізудің және дамытудың бастамашысы кәсіби қауымдастық болғандықтан Қазақстан үшін қызықты.

1995 жылы Испанияда туристік нарықтың отельдік секторында пилоттық жоба іске қосылды, ол отельдер мен апартаменттердің сапа жүйесіне жылдам ауысты. Осындай сәтті жобаны тек жеке сектор ғана емес, Испанияның туризм басқармасы да қолдана бастады.

Бүгінгі күні Испанияның туризм саласы біркелкілігімен ерекшеленеді, салалардың әрбіреуінің өз институттарымен меншікті сапа жүйесі бар, бұл SCTE (Испанияда туризмнің сапа жүйесі) қалыптасқан моделінің салалық сипатын айқындады. Нәтижесінде туристік саланың сапасын қамтамасыз ету саласында шоғырлану екі бағыт бойынша орындалды:

1) институционалды, туризмдегі сапа мәселелері бойынша бірыңғай басқарушы орган – Испанияда туризм сапасы институтын (ICTE) құруға әкелді;

2) жүйелі, салалық сапа нормаларының үйлестірілуінде көрінісін тапты. Осылайша, Туризм хатшылығы ICTE-мен бірлесіп, SCTE үлгісін жүзеге асыру үшін туристік сала кәсіпорындарын технологиялық қолдау жүйесін құрды.

SCTE жүйесі бәсекелік артықшылықтарды сақтау немесе ие болу үшін туристік саланың барлық қатысушыларына әдіснамалық және технологиялық қолдау көрсетуге бағдарланған.

Ол:

1) өз өнімдерінің және көрсететін қызметтерінің сапасын жақсартуда туристік нарықтың барлық ойыншылары мен мүдделі тұлғалар (кәсіпорындар) үшін бірыңғай әдіснамалық негіз құруды;

2) Испанияда туризмнің сапа белгісін ілгерілетуде институционалды қолдау көрсетуді (LaMarca Q) қамтиды.

Бұл жүйенің негізгі 2 мақсаты бар:

1) Испанияның туристік саласының кәсіпорындарына сапа менеджменті жүйесін және нарықтың жаңа сын-қатерлеріне төтеп беруге мүмкіндік жасайтын бәсекелік артықшылық беретін шараларды енгізу әдістемесін ұсыну;

2) туристік көрсетілетін қызметтердің жоғары сапасына екпін жасаумен халықаралық нарықта Испанияны ілгерілету.

Одан басқа сапа, бәсекелестік, тиімділік және тұрақты даму қағидалары жүйенің негізін құрады. SCTE жобасын іске асыру Испанияның туристік саласының түрлі қатысушылары арасында жариясыз уағдаластықтарға қол жеткізуді білдірді. Осы тұрғыда Туризм жөніндегі мемлекеттік хатшылық жеке, сондай-ақ мемлекеттік қатысушылар арасында ынтымақтастық жасаудың барабар тетігін құрды.

Жоба шеңберінде әзірленген сапа белгісін қазіргі уақытта осы елдің туристік саласында жұмыс жасайтын 2,5 мыңнан астам кәсіпорын пайдаланады. Осы жүйенің негізгі артықшылығы - оған мемлекет бастамашылық жасайды және толығымен қолдау көрсетеді, осы белгіге ие болған кәсіпорындарда көрсетілетін қызметтердің жоғары сапасын көрсетеді.

Шынында Испанияның туристік көрсетілетін қызметтері сапасының осы жүйесіне сертификаттау процесі негіз болды, Қазақстанда оны халықаралық деңгейге дейін жаңарту керек. Қазақстанда дамып келе жатқан қонақүй қызметтерінің нарығы жағдайларында Испанияның алдыңғы қатарлы халықаралық тәжірибесін пайдалану және оны отандық жағдайларға бейімдеу осы нарықтың орнықты даму бағыттарының бірі болып табылады.

Осылайша қонақүй қызметтерінің нарығындағы ағымдағы жағдайды және көрсетілетін қызметтердің сапасын қамтамасыз етуде испандық модельді талдауды ескере отырып, Туристендіру картасының ТОП-10 басым дестинациясын одан әрі масштабтауды ескере отырып, Алматы өңірінің туристік кластері негізінде пилоттық режимде Испан жүйесінің үлгісінде туристік көрсетілетін қызметтердің сапасын ерікті бағалауды енгізуге кірісу қажет.

### **3.3.3. Туроператорлар мен басқа туристік ұйымдардың көрсететін қызметтерінің цифрлық қолжетімділігі деңгейі.**

Туризм – ақпаратқа қаныққан қызмет. Күнделікті жұмыс істеу үшін ақпаратты жинаудың, өңдеудің, қолдану мен берудің маңыздылығы басқа салаларға қарағанда туристік индустрия саласында біршама жоғары.

Технологиялық прогресс туризм индустриясы бизнесін жүргізуге елеулі әсер етті. Интернет туристер үшін негізгі ақпарат көзіне айналды, олар ақпаратты тікелей дестинациялардан және туристік ұйымдар - агенттерден де, сондай-ақ сапарлар жөнінде әртүрлі пайдалы ақпарат ұсынатын әлеуметтік желілер, блогтар және веб-сайттар арқылы жеке жолаушылардан да алады. Цифрлық технологиялардың дамуы барлық әлемде, оның ішінде Қазақстанда да әлемдік

туристік индустрия нарығы дамуының негізгі үрдісін қалыптастырады. Цифрлық технологияларды пайдаланудың әлемдік тәжірибесін қарастыра отырып, 2019 жылы барлық облыстарда, оның ішінде саяхаттар мен турбизнес саласында, өсіп келе жатқан "цифрландырумен" ерекшеленетін болады. Мысалы, Түркия "туризм 4.0" дамыту бағытын жариялады, ол өзінің туристік саласының цифрлық маркетингіне қомақты қаржы салуға ниет білдірді. Әлемде туризм саласында ондаған технологиялық стартаптар жұмыс жасайды, олар салаға өздерінің бірегей идеяларын қосуға тырысады. LocalAlike Тай стартапы жергілікті туризмнің жаңа тұжырымдамасын ілгерілетеді: онлайн-платформа шеңберінде компания туристерге көрсетері бар барлық әлемнің жергілікті тұрғындарын жұмылдыруға және оларға консультация беруге үміттенеді. Көптеген туристік стартаптар туризмнің белгілі бір түріне: мысалы, гастрономиялық немесе медициналық туризмге шоғырлана отырып, өз тауашасын табуға тырысады. Tripnparty француз платформасы саяхатшыларға кез келген елде, әдетте, жергілікті тұрғындар ғана жақсы білетін ұқсас барлар мен пабтарды табуға мүмкіндік береді, деректер көптеген Еуропа қалалары үшін ұсынылған

Өзбекстан үкіметі QR – кодты енгізу жобасын іске асыруда, ол санаулы секундтарда елдің тур объектілері мен көрнекті жерлері жөнінде ақпаратты 12 тілде алуға мүмкіндік береді.

2018 жылғы 10 қаңтарда Елбасының Қазақстан халқына Жолдауының шеңберінде Мемлекет басшысы жаппай цифрландыруға ерекше көңіл бөлді. "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасының шеңберінде Қазақстан бес негізгі бағыт бойынша ақпараттық технологияларды енгізуді жоспарлайды: экономика салаларын цифрландыру, цифрлық мемлекетке көшу, цифрлық "Жібек жолын" іске асыру, адами капиталды дамыту, инновациялық экожүйені құру.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының туристік нарығында елге келушілерді, сондай-ақ ішкі туристерді барлық қажетті ақпаратпен қамтамасыз ететіндей қандай да бір біріктірілген қосымша немесе платформа жоқ. Қазіргі уақытта туроператорлар бірдей дерлік турпакеттер (ең танымал көрікті жерлерге бару) ұсынады. Сонымен бірге жасампаз инновациялық шешімдердің көмегімен ұсыныстар спектрін кеңейту және ақпараттық қолжетімділікті арттыру қажет, бұл қайта келушілер санын ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасында туристер үшін ыңғайлы ақпараттық орта құрумен байланысты мынадай проблемалар бар:

- 1) негізгі физикалық инфрақұрылымның жоқтығы немесе дамымағандығы ( белгілер, көлік қоятын орын, қосымша қызметтер, орналастыру және т.б.);
- 2) заманауи туризм технологиялары бірігуі мен цифрландырудың төмен деңгейі;

- 3) елдің шынайы туристік құралдары жөнінде хабардарлық (деректер, ақпарат және т.б.) деңгейінің нашарлығы;
- 4) барлық қолжетімді туристік сегменттерден бүтін туристік өнімнің жоқтығы (әрқайсысы оқшау түрде жұмыс жасайды);
- 5) ел туризмінің ортақ сәйкестігінің жетіспеушілігі, сондай-ақ жеке секторда біріздендірілген көрініс;
- 6) интернет инфрақұрылымының жоқтығы, сондай-ақ алыс өңірлерде интернетке қолжетімділіктің төмендігі;
- 7) цифрлық алаңды қолдануда нарық қатысушыларының кәсіби дағдыларының жоқтығы.

Жоғарыда айтылғандар Қазақстан үшін өте маңызды, атап айтқанда: маркетинг пен броньдау бойынша басты функцияларды біріктіре отырып, кәсіби ұлттық интернет-платформаны дамытуды дереу бастау және елдің ұлттық маркетингтік стратегиясы шеңберінде халықаралық нарықта ілгерілету қажет.

Испания тәжірибесіне қайта тоқталатын болсақ, сапаны бағалау жүйесінің шеңберінде туристер үшін [www.tourspain.es](http://www.tourspain.es) бірыңғай ақпараттық порталы құрылды, онда бірнеше тілде, оның ішінде орыс тілінде де ел туралы барлық туристік ақпаратты алуға болады. Одан басқа Испанияны халықаралық нарықта танытатын және Испанияның халықаралық туристік логотипі болып табылатын бірыңғай логотип әзірленді. Қолайлы туристік ортаны дамыту кезінде бір жүйеде бірден бірнеше шараның қамтылуы Қазақстан үшін қызықты мысал болып табылады.

#### **3.3.4. Туристік өнімдердің және туристік қызметтердің қолжетімділігі**

Қазақстанның туристік саласының ең маңызды проблемаларының бірі туристік өнімдердің және көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қолжетімділігінің төмендігі болып табылады, бұл өз кезегінде келуші және ішкі туристердің мұқтаждықтарын қанағаттандырмайды.

Туризм және меймандостық саласында сапаны қамтамасыз ету және арттыру проблемасы Қазақстан үшін өзекті болып табылады, өйткені қазіргі уақытта туристік сұраныстың конъюнктурасы өзгерді әрі ішкі және келуші туристер легі айтарлықтай өсті.

Ішкі туристер үшін Қазақстанда демалудың тежеуші факторларының бірі "баға-сапа" арақатынасы болып табылады. Қазақстандық туристік қызметтер нарығында бағалар тым жоғары, сервистің жеткілікті деңгейі қамтамасыз етілмеген. Осының салдарынан қазақстандықтар ел ішінде демалудан "қашқақтайды" және туристеріміз дем алуға шетелге барады. Қазақстан азаматтарының санасында "қосымша ақы төлеп, "all in inclusive" жүйесімен Түркияға немесе Мысырға демалуға барған дұрыс болады" деген стереотип қалыптасты. Бұл фактіні отандық туристік объектілерге логистиканың

күрделілігі қиындатады. Авиабилеттердің қымбаттығы, теміржол билеттерінің тапшылығы, сонымен бірге автомобиль жолдарының сапасы демалыс маусымдарында Алакөл, Балқаш, Баянауыл немесе Каспий сияқты Қазақстан қазынасына бару ниетінен айнытады.

Сыртқы экономикалық жағдайдың өзгеруі Қазақстанға туристер легінің ұлғаюын ынталандырады, алайда бүгінгі күні сала халықаралық сапа стандарттарына сәйкес келетін толыққанды туристік өнімдерді қамтамасыз етуге дайын емес.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің деректері бойынша 2018 жылдың бірінші жартыжылдығында Қазақстан Республикасына келген шетел азаматтарының саны 2017 жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 22 %-ға, ал ішкі туристердің саны 7 %-ға өсті. Бұл көрсеткіштер ЭКСПО-2017 халықаралық мамандырылған көрмесін өткізу есебінен келушілер көп болған 2017 жылғы көрсеткіштерге қарамастан өсті.

Сондықтан келуші және ішкі туристер легінің мейілінше сапалы өсуі үшін жоғарыда аталған стереотиптерді өзгерту бойынша түбегейлі өзгерістер қажет.

Осындай тиімді шаралардың бірі елде қолайлы туристік климат жасау жөніндегі іс-шаралар болуы мүмкін, олар: виза алуды жеңілдету және көлік қолжетімділігін арттыру.

### **3.4. Туристік климат**

Бүкіләлемдік экономикалық форумның рейтингіне сәйкес "қауіпсіздік жөніндегі позиция" Қазақстанның ең мықты жағы болып табылады (58-ші орын).

Аталған көрсеткіш жалпы қылмыс пен күш қолдану деңгейіне, террористік актінің болу ықтималдылығына, сондай-ақ полиция қызметтері жұмысының сапасына байланысты есептеледі. Сонымен бірге Қазақстанға келген кезде туристің алдында көптеген проблемалар туындайды, олардың арасында қызметтердің төмен деңгейін, тәжірибесіз менеджментті, туристерді алдауды және алаяқтықты атап өтуге болады. Одан басқа елде заңсыз аудармашы гидтермен байланысты проблемалар бар, олардың қызметі қазіргі уақытта бақыланбайды.

Әлемдік үрдіске сәйкес әртүрлі елдердегі террористік актілерге, толқуларға және төңкерістерге ұласып жатқан геосаяси дағдарыстарға қарамастан, адамдардың саяхатқа деген ұмтылыстары азаймайды.

Алайда саяси, сондай-ақ табиғи және техногендік сипаттағы оқиғалар туристің таңдаған сапарының бағытына бірден әсер етеді. Осылайша қолайлы туристік климатты жасау міндеттерінің бірі туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету болып табылады.

#### **3.4.1. Визалық және көші-қон режимін ырықтандыру**

Елде визалық және көші-қон режимінің деңгейі БЭФ әдістемесіне сәйкес саяхаттар мен туризмнің бәсекеге қабілеттілік рейтингінде "Халықаралық ашықтық" тарауында көрсетіледі. Өкінішке орай, бұл көрсеткіш бойынша Қазақстан әлемнің 136 елінің ішінде 113 орында қалып отыр.

Соңғы бірнеше жыл ішінде СІМ, ҰҚК, ІІМ, МСМ және басқа мемлекеттік органдар визалық және көші-қон режимін ырықтандыру бойынша бірқатар пәрменді қадам жасады.

Бұл әлемнің 64 елімен визасыз режимді енгізу, визаларды беру процесін жылдамдату, ҚХР және Үндістан азаматтары үшін транзиттік 72 сағаттық визаны енгізу, сондай-ақ ұйымдасқан топтар құрамында Ираннан және ҚХР келген туристер үшін оңайлатылған визалық режимді енгізу болып отыр.

Бірқатар елдерге қатысты визалық режимді одан әрі ырықтандыру, оның ішінде электрондық визаны енгізу бойынша жол карталары әзірленді және жүзеге асырылады.

Көші-қонды бақылау рәсімдерін оңайлату бойынша және көші-қон режимін бұзу үшін санкцияларды ізгілендіру бойынша іс-шаралар жоспарланған.

Сонымен бірге Елбасының Жолдауына сәйкес виза және көші-қон рәсімдерін ырықтандыру өзекті мәселе болып табылады.

Визалық рәсімдер

Бірқатар елдердің туристері (Қытай, Үндістан, Иран, Парсы шығанағы елдері) үшін визалық рәсімдерді одан әрі ырықтандыру және/немесе оңайлату әлеуеті бар.

Көші-қон рәсімдері де әлемнің жетекші елдерінің тәжірибесіне сәйкес келе бермейді.

Ұлттық қауіпсіздік пайымдауларын назарға алумен және оларға сөзсіз басымдылық бере отырып, нысаналы нарықтардың туристеріне ерекше көңіл аудару арқылы оның ішінде, көрші елдердің халықаралық тәжірибесін ескере отырып, визалық және көші-қон режимін одан әрі ырықтандыру және оңайлату мүмкіндіктерін зерделеу бойынша жұмысты жалғастыру қажет.

Қазақстан үшін нысаналы нарықтар мына суретте келтірілген:

5-сурет



**ҚР туристік нарығы үшін негізгі туристік нарықтар РФ, Үндістан және Қытай, Таяу Шығыс, Батыс Еуропа және Солтүстік Америка болып табылады**



Басқа мемлекеттер

ҚР МСМ ТИК

Мына суретте Қазақстанның және нысаналы нарықтары бар көршілес елдердің ағымдағы визалық режимінің схемасы ұсынылған.

6-сурет

**ҚР-да визалық режимді одан әрі ырықтандыру әлеуеті бар**



Грузия мен Әзербайжанның мысалы назар аударуға тұрарлық – соңғы 2-3 жылда бұл елдер бірқатар нысаналы нарықтан туристерді тартуда серпінді қадам жасады.

Әзербайжан жыл сайынғы туристер ағынын Таяу Шығыстан (алдымен Ираннан, БАӘ-ден, Сауд Арабиясынан және Ирактан), сондай-ақ Ресейден шамамен жылына 400 мың туристке ұлғайтты.

Грузияға үш жыл бұрын келген туристер ағынымен салыстырғанда Таяу Шығыс елдерінен, Үндістаннан, Қытайдан және Ресейден қазіргі уақытта жыл сайын келетін туристер саны 1 миллионға көп. Әрбір туристің жұмсайтын 400-500 доллар көлеміндегі шығынын есепке алсақ, мұндай туристер легі осы елдердің экономикасы үшін өте маңызды демеу болып табылады.

Салыстырып көрсек, Қазақстан осы кезең ішінде тиісінше туристер легін негізінен ресейліктер есебінен небәрі 150 мың туристке ғана арттыра алды. Бұл деректер төмендегі суретте келтірілген:

7-сурет



Грузия мен Әзербайжанның басты жетістіктерінің факторлары мынадай негізгі үш жүйелі шара болды:

- 1) барлық нысаналы нарықтар үшін визаларды оңайлату немесе алып тастау;
- 2) ілгерілету маркетингі;
- 3) бұл елдердің нысаналы нарықтардан туристерді қолжетімді авиатасымалын жылдам ұлғайту қабілеті болып отыр.

Визалық режимді жеңілдету бөлігінде Әзербайжанның батыл қадамы назар аудартады – 2015 – 2016 жылдары Ирактан келген азаматтарға ұшып келгеннен кейін визалар бере бастады, соның нәтижесінде туристік ағын бірнеше жүздеген есе өсті, бір жылда 80 000 мыңнан астам турист келді. 2017 жылы жергілікті қауіпсіздік органдарының талабымен бұл режим алып тасталды, алайда Бакуде ирактықтармен күрделі оқыс оқиғалар тіркелген жоқ. Сонымен бірге визаларды жылдам беру үшін Бағдадта Әзербайжан консулдығы ашылды, 2017 жылдың

қорытындылары бойынша Ирактан Бакуге туристер легінің төмендеуі байқалған жоқ, ол бұрынғы деңгейде қалды.

#### Көші-қон заңнамасы

Қазақстан Республикасының қолданыстағы көші-қон заңнамасы Қазақстан Республикасы аумағында шетел азаматтарын міндетті түрде тіркеуді және елде болу мерзімдерін бұзу үшін әкімшілік жауапкершілікке тартуды көздейді.

Атап айтқанда, 2018 жылғы 6 айда ішінде әкімшілік жауапкершілікке 57 414 шетел азаматы тартылды, олардың ішінде 7058 елден шығарып жіберілді, 50 356 азамат қамауға алынды немесе айыппұл салынды.

Әкімшілік жауапкершілікке тартылғандардың көбі (95%-дан астамы) Қазақстанға туристік мақсатта емес, табыс табу мақсаттарында келген ТМД елдерінің азаматтары болғандығына қарамастан, қолданыстағы көші-қон заңнамасы және құқық қолдану тәжірибесі туристерге ізгілікпен қарауға мүмкіндік бермейді.

Виза қолданылмайтын елдерден келген турист осы күнге дейін көші-қон полициясы органдарында тіркелу үшін жауапкершілікте болады және бұзушылық жасаған жағдайда елден шығарылмайды (рейстен түсіріледі), әкімшілік сотқа тартылуы және қамауға алынуы мүмкін.

#### **3.4.2. Меймандостық мәдениетін дамыту**

Қолайлы туристік климат тудыру үшін hospitality - меймандостық мәдениеті өте маңызды.

Туризм тұтас ел үшін үлкен бизнес-идеяға айналуы тиіс. Туризмге деген қатынасты тек мемлекеттік органдарға және туристік компанияларға ғана емес, сондай-ақ қоғамның да: әрбір жеке азаматтан бастап бизнес иесіне, ауыл әкімінен министрге дейін қарым-қатынасын түбегейлі өзгерту қажет.

Қазақстанды жағымсыз бейнеде көрсететін "туризмнің жабайы карталарын" жою керек. Әуежайларда және вокзалдарда сыпайы қарсы алу, мейрамханаларда және қонақүйлерде сапалы қызмет көрсету, полиция қызметкерлерінің ізгі ниеттілігі, дәретханалардың тазалығы, халықтың ағылшын тілін жаппай білуі, бүкіл елде интернеттің болуы сияқты қарапайым тұрмыстық әдеттер санаға сіңуі тиіс. Басқаша айтқанда, Қазақстанда әлемдегі ең жақсы туристік климат жасау қажет.

Туристің жолындағы барлық тосқауылдарды алып тастау керек. Турист - "құдайы қонаққа", ал "қазақстандық меймандостық" әлемдегі бірегей брендке айналуы тиіс.

Әрбір келуші турист "тосқауылсыз ортаға" енуі, өзін үйдегідей сезінуі, Қазақстанға сапарынан шынайы ләззат алуы тиіс және отандастарына Қазақстан жайлы міндетті түрде бөліскісі келетіндей тамаша сезіммен қайтуы керек.

#### **3.4.3. Туристік объектілерде туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету**

Еліміздің кез келген өңірінде, жылдың кез келген маусымында немесе күні-түні кез келген турист өзін жайлы және қауіпсіз сезінетіндей шаралар қолдану қажет.

Отандастарымыздың тарапынан кез келген теріс факті немесе тіпті аздаған жағымсыз әрекеттің өзі, мысалы, қара нәсілді шетелдікті көрген кезде таңдану, такси жүргізушілерінің алдауы немесе міндетті түрде айыппұл салу ниетімен полицейлердің қасақана тоқтатуы, шекара немесе кеден бақылауында ұзақ тексеру, даяшының ағылшын тілінде тапсырыс ала алмауы және сол сияқты жағдайлар шетелдік туристі, тіпті, бұған дейін табиғатымыз бен мәдениетімізге таң-тамаша болған туристердің өзін бездіріп жіберуі мүмкін. Еліміз туралы теріс ой тудыруға, туристердің Қазақстан саяхатынан жағымсыз пікірмен оралуына жол бермеуіміз қажет.

Сондықтан кез келген осындай құбылыс қазақстандық қоғамда төтенше оқиға ретінде қабылдануы тиіс, ал осындай олқылыққа жол берген тұлғалар мемлекетке қарсы қылық жасағандарын және ел мүддесін бұзғандарын сезінуі тиіс.

Тартымды туристік өніммен бірге туристің елімізде болуы кезінде оған бірегей оң тәжірибе қамтамасыз ететін қолайлы орта тудыруда бәсекелес елдерден озып кету өте маңызды болып табылады.

### **3.5. Ішкі және халықаралық нарықтарда елдің туристік әлеуетін ілгерілету жүйесі**

#### **3.5.1. Маркетинг пен брендингтің тиімділігі**

БЭФ Саяхаттар мен туризмнің бәсекеге қабілеттілігі индексінің маркетинг пен брендинг тиімділігі көрсеткіші бойынша Қазақстан 102 орында.

Қазақстанды туризм орны ретінде маркетинг пен ілгерілетудің төмен белсенділігін цифрлық сұраныс көрсеткіштері өте айқын көрсетеді: мәдени және ойын-сауық туризмін онлайн іздеу бойынша Қазақстан 105-ші орында (100-ден 3 балл), табиғи туризм бойынша - 118-ші орында (100-ден 2 балл).

"ЭКСПО-2017" халықаралық мамандандырылған көрмесін өткізу шеңберінде Қазақстан New York Times нұсқасы бойынша 2017 жылы баруға ұсынылатын ТОП-52 рейтингіне (26-шы орында), Huffington Post нұсқасы бойынша 2017 жылы баруға ұсынылатын ТОП-17 рейтингіне (3-ші орын) енген.

Bloom Consulting's Country Brand Ranking © 2017 Tourism Edition нұсқасы бойынша елдердің туристік брендінің рейтингі бойынша Қазақстан 2017 жылы 98-ші орын алып (өткен жылмен салыстырғанда - 3 позиция), Әзербайжан (90-шы орын), Грузия (79-шы орын) сияқты елдерінен қалып қойды.

Қазақстан тарихи-мәдени мұраға бай өлке (ЮНЕСКО бүкіләлемдік мәдени мұра тізіміне 11 объекті енді), шетел туристерінің арасында танымал экотуризмді дамыту үшін бірегей табиғи әлеуетке ие, туризм үшін жеткілікті түрде тұрақты

және қауіпсіз жер болып табылады, жаңа туристік өнімдерді дамыту әлеуетіне ие

Бұл ретте отандық мәдениет объектілері, музей-қорықтары туристер мен келушілер тарапынан үлкен қызығушылық тудыратын бірегей объектілерге ие бола отырып, объект жөнінде ақпаратты кәсіби, қолжетімді, қызықты және әдемі жеткізе алмайды.

FutureBrand нұсқасы бойынша 2012 – 2013 жылдарға арналған Country Brand Index рейтингіне сәйкес Қазақстан болашақтың алдыңғы қатарлы ел брендтерінің ТОП-15-ке енгізілген.

Саяси факторлардың арасында туризмге саяси тұрақтылық факторы ең көп әсер етеді, ол туризмнің дамуын қозғайтын күш болмаса да, оның міндетті шарты болып табылады.

Нысаналы мемлекеттік саясаттың нәтижесінде Қазақстанның сақталып келе жатқан ішкі саяси тұрақтылығы және қауіпсіздігі елдің жағымды халықаралық беделінің қалыптасуына, халықаралық аренада беделінің өсуіне ықпал етеді.

Бұл ретте ұзақ уақыт бойы мемлекеттің беделін қалыптастыру тәжірибесі міндетті емес. Айқын стратегия болса және осы мақсатта қажетті қаражат бөлінсе, онда елдің меншікті брендін қысқа мерзімде қалыптастыруға болады.

Мысалы, Хорватия, өткен ғасырдың 90-шы жылдары орын алған саяси жанжалдарының салдарынан беделінен айырылса да, туристік секторды дамытуда таңдалған стратегиясының арқасында демалыс және бизнес үшін қалаулы орынға айналып үлгерді.

### **3.5.2. Халықаралық көрмелерге қатысу**

Қазақстан елге негізгі туристер ағынын генерациялайтын елдерден келген жаңа туристер үшін жылдан жылға танымал бола бастады. Мұнда қазақстандық туроператорлардың ITB Berlin, WTM London, ITE Hong Kong, MITT Moscow және т.б. ірі халықаралық туристік жәрмеңкелерге қатысуын қамтамасыз ету бойынша мемлекеттің рөлі маңызды. 2018 жылдан бастап Қазақстан халықаралық 17 көрмеге қатысып келеді (2012 – 2017 жылдар аралығында көрмелер саны 5-тен 7-ге дейін ауытқыды), ал мысалы, Ресей шамамен халықаралық 30 жәрмеңкеге, Түркия шамамен 50 халықаралық жәрмеңкеге қатысады. Испания, Франция, АҚШ, Түркия, Мысыр сияқты бүкіл әлемге танымал туристік дестинациялар, сондай-ақ біздің жақын көршілеріміз бен бәсекелестеріміз Грузия мен Өзбекстан да ауданы 100 м<sup>2</sup> және одан көп павильондары бар көптеген көрмелерге тұрақты түрде қатысып отырады.

Әлемдегі ірі көрмелерден басқа, нақты туристік өнімге (тау туризміне, бердвотчингке, аңшылыққа және балық аулауға және т.б.) не нысаналы нарықтар тізіміндегі шекаралас өңірге бағдарланған "тауашалы" және өңірлік көрмелердің маңызы зор.

### 3.5.3. Ілгерілету жөніндегі шараларды қаржыландыру

Елде туризмнің дамуының өте маңызды көрсеткіші ішкі және, әсіресе, халықаралық нарықта туристік әлеуетті ілгерілету жөніндегі шараларды қаржыландыру болып табылады.

Аустралия, БАӘ, Израиль, Исландия, Грекия, Норвегия және Грузия сияқты елдердің мәліметтерін салыстырған кезде (UNWTO: 2016 жыл бойынша мәліметтер<sup>1</sup>, мұндай ақпарат болмаса – 2015 жылы бойынша<sup>2</sup>), бұл елдер туристік әлеуетті ілгерілетуге сырттан келетін туризмнен түскен барлық табыстың 0,2 % - 4,34 % дейін жұмсайды, ал Қазақстан болса, небәрі 0,03 % ғана жұмсайды.

Мемлекет туризмді ілгерілетуге неғұрлым көбірек қаражат жұмсаса, елге туристер соғұрлым көбірек табыс әкеледі. Олар ЖІӨ-де үлестің жоғарылауына, нөмірлік қордың жүктелуіне, келушілердің санына және олардың дестинацияға шығындарына тікелей әсер етеді.

<sup>3</sup>UNWTO (2017) Tourism Highlights. 2017 Edition.

<sup>4</sup>UNWTO (2017) Compendium of Tourism Statistics. Data 2011-2015. 2017 Edition

### Әлемнің түрлі елдеріндегі маркетингтің тиімділігі

7-кесте

Елдер	ЖІӨ-де туризмнің үлесі (тікелей/ортақ салым, %)	Келушілер саны, млн.	Кіретін туристерден түсетін табыс, млн. АҚШ долл.	Сырттан келген әрбір келушіден түскен орташа кіріс	Нөмірлік қордың жүктелуі, %	Елді ілгерілетуге арналған бюджет, млн. АҚШ долл.	Бір туристі тартудың құны, АҚШ долл./теңге
Аустралия	2,9 / 10,9	8,2	32 423	\$ 3 954	66,6	131,5	16 / 5452
БАӘ	5,2 / 12,1	14,9	19 496	\$ 1 308	77,4	40	2,6 / 912
Израиль	1,9 / 6,8	2,9	5 722	\$ 1 973	67	73	25 / 8558
Исландия	7,0 / 33,9	1,79	2 415	\$ 1 349	77,9	105	58,6 / 19944
Грузия	8,1 / 27,01	6,3	2 166	\$ 344	75,0	14	2,2 / 755
Норвегия	4,1 / 9,1	5,3	4 898	\$ 924	52,6	70	13,2 / 4490
Қазақстан	1 / 4,1	6,4 млн	1 825	\$ 285	24,5	0,6 - (256 млн.тг)	0,09 / 32

Осылайша, Қазақстанда отандық туристік әлеуетті халықаралық туристік нарықта ілгерілетуге және маркетингке арналған қаржыландыру көлемін ұлғайту мәселесі өзекті болып тұр.

### 3.5.4. Қаржыландырудың ықтимал көздері

Елді шетелде ілгерілетуді қаржыландыру көздерінің бірі "bed tax" қағидаты бойынша іске асырылатын шетелдік туристің туристік жарнасын енгізу (туристік алым) болуы мүмкін. Бұл тетік әлемде кеңінен таралған, бейрезиденттер үшін қонақүй шотына арнайы алым енгізуді болжайды. Бұл алым сыртқы нарықтарда өңірді ілгерілету бюджетін қалыптастырады.

Мысалы, АҚШ-та алым мөлшерлемелері әрбір штаттың заңдарына байланысты болады, Нью-Йоркте – 3 АҚШ доллары, басқа қалаларда шот сомасынан пайыздар алынады (5-7%). Аустрияда 2008 жылдан бастап әрбір туристен турист салығы алынады, ол күніне шамамен 1,5 еуроны құрайды, Бельгияда турист алымы тәулігіне әрбір демалушыдан 2,15 – 8,75 еуроны құрайды, Германияда – тәулігіне нөмір құнының 5%-ы, Испанияда – тұрудың әрбір тәулігі үшін әрбір тұрушыдан 0,75 – 2,50 еуро, Нидерландыда – отель үшін төлем құнының 5%-ы және т.б.

Көрші елдерден бұл тәжірибе Ресейде және Өзбекстанда енгізілген. Айталық, 2017 жылғы 30 шілдеде Ресейде "Курорттық алым туралы" Заң қабылданды, ол 4 өңірде енгізілді. Өзбекстанда туристік (қонақүй) алым 2017 жылғы 15 наурыздан бастап "Өзбекстан Республикасында туризм саласын одан әрі дамыту бойынша шаралар туралы" Қазақстан Республикасының Министрлер кабинетінің қаулысына сәйкес енгізілді.

Өзбекстанда туристік (қонақүй) алымның көлемі тұрудың әрбір күні үшін ең төменгі еңбекақы мөлшерінің 10%-ын (шамамен 2 АҚШ долл.) құрайды. Қаражат екінші деңгейдегі банктердің арнайы шоттарына жиналады және ай сайын туристік саланы қолдаудың бюджеттен тыс қорына аударылады. Қор қаражатының басқарушысы Өзбекстан Республикасының Мемлекеттік туризм комитеті болып табылады. Кейіннен осы қор қаражатының есебінен туризм саласындағы нысаналы бағдарламаларды қаржыландыру, кадрларды даярлау және қайта даярлау, жарнаманы және жарияланымдарды орналастыруды қоса алғанда, шетел туристік нарықтарында туристік әлеуетті ілгерілету, халықаралық туристік көрмелерге қатысу, БҰҰ (UNWTO) мүшелік жарна төлеу және т.б. жүзеге асырылады.

Бұдан басқа, шетел азаматтарынан туристік алым енгізу ілгерілету тиімділігін арттыру бойынша жүйелі шаралардың біріне айналуы мүмкін және маркетингтің тиімділігін тікелей бағалауға мүмкіндік береді. Қазақстанға шетел туристері неғұрлым көп келсе, соғұрлым алым да көп болады, демек, ілгерілетуге көбірек қаражат жұмсалатын болады. Басқа жағынан, ілгерілету неғұрлым тиімдірек болса, туристер соғұрлым көп келетін болады. Яғни туристік алым мен маркетингтік шаралардың тікелей байланысын байқауға болады.

### **3.5.5. Цифрлық маркетинг**

Бүгінгі таңда интернет ақпарат беру және алмасу функциясын атқарып қана қоймайды, сонымен қатар ілгерілету мен өткізудің жаңа жүйесін де қалыптастырады, ол туристік қызметтерді түпкілікті тұтынушылар мен ұсынушыларды тікелей байланыстырады.

Қазақстан қазіргі уақытта ДЭФ рейтингінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану бойынша 90-орында тұр, бұл кәсіпкерлік ортаның өз жұмысында, оның ішінде туризм саласында да (бизнестің инновациялық белсенділігі 7 %) жаңа технологияларды енгізу бойынша белсенділігінің төмендігіне де байланысты.

Осылайша технологиялық дамуда турбизнеске қатысушыларды қолдау көрсету және саланы цифрландыруға жәрдемдесу елеуетті туристердің туристік ұсыныстар мен жайлылық, броньдау мен туристік пакеті сатып алу процесінің жеңілдігі туралы хабардарлығын арттыру есебінен ішкі және келу туризмін дамытуға елеулі серпін береді.

WorldTourismBarometer — Дүниежүзілік туристік ұйымның талдау орталығы 2017 жылы 1,3 млрд. халықаралық саяхаттардың болғанын көрсетіп отыр. Бұл өткен жылға қарағанда 7 % көп. IDC халықаралық зерттеу агенттігінің болжамы бойынша 2020 жылға қарай когнитивтік технологиялар мен жасанды интеллект жүйесін өткізуден түсетін кіріс 46 млрд. АҚШ долларынан асады. Салыстыратын болсақ, 2017 жылы ол 12,5 млрд. АҚШ долларын құраған болатын. Туризм бизнесінде оларға деген сұраныс үлкен, ал пайдасы сөзсіз мол: деректер көлемі өте ауқымды және бәсекелес артықшылықтан гөрі ауыртпалыққа айналуда.

Клиенттер бұрынғыдай жеке өздері барып алуды қалайды. Саяхат индустриясында бизнес процестерді басқаратын InterGlobeTechnologies компаниясының деректері бойынша онлайн-турагенттіктердің (ОТА) сайттарындағы дербес деректер пайдаланушылардың 50 % сатып алуға итермелейді.

### **3.6. Қазақстан Республикасының туристік саласын басқару**

#### **3.6.1. Қазақстан Республикасы туристік саласын басқару жүйесі**

Қазақстанда соңғы жиырма жылда туризм саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттары айтарлықтай өзгерді: өткен ғасырдың 90-жылдарында ол мүлдем болмаса, 2000 жылдары оның көптеген проблемаларын шешуге жәрдем көрсетіліп отыр.

Саланы дамыту міндеті былайша шешілуде: 2025 жылға қарай туризм саласы елдің ЖІӨ құрылымында шамамен 8 % құрауға тиіс.

Ол үшін туризм саласын дамытуды мемлекеттік басқарудың мынадай элементтері жасалды:



1) "Қазақстан Республикасында туристік қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңы, онда туристік қызметтің құқықтық, экономикалық, әлеуметтік және ұйымдастырушылық негіздері айқындалған;

2) тиімділігі жоғары, бәсекеге қабілетті, әлемдік туристік нарық жүйесіне кіріктірілген туристік саланы құру бағыты Қазақстан Республикасы туристік саласын дамытудың 2023 жылға дейінгі тұжырымдамасында айқындалған;

3) Қазақстан Республикасын дамытудың 2025 жылға дейінгі стратегиялық жоспары аясында туризм қызметтік экспортқа бағытталған басым бағыттарының бірі ретінде айқындалған;

4) туристік саланы дамыту жұмысына орталық және жергілікті атқарушы органдар, салалық және кәсіпкерлік қауымдастықтар, қоғамдық ұйымдар, сарапшылық қоғамдастық тартылған;

5) ұлттық туристік брендті ілгерілету және ішкі және келу туризмін дамыту жөніндегі ұлттық компания құрылды.

2017 жылы қабылданған Қазақстан Республикасы туристік саласын дамытудың 2023 жылға дейінгі тұжырымдамасында (бұдан әрі – Тұжырымдама) бірыңғай институционалдық негіз қалыптастырып, Қазақстан Республикасының бәсекеге қабілетті туристік саласын одан әрі дамыту бойынша стратегиялық пайым мен негізгі басымдықтарын бекітті.

Өткен жылы Тұжырымдаманы іске асыру бойынша елеулі жұмыс атқарылды. Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің құрамында туризмді дамыту бойынша жеке ведомство құрылды, дамыған мемлекеттердің үздік тәжірибесі бойынша "KazakhTourism" ҰК" АҚ ұлттық офисі құрылды, ол ұлттық туристік имиджді арттыру және ілгерілету бойынша жұмыс жүргізуде. Қазақстан Республикасының Үкіметі Нұр-Сұлтан қаласы мен Щучинск-Бурабай курорттық аймағының инфрақұрылымын дамыту бағдарламаларын қабылдады, электрондық визалар енгізілуде шамамен 65 елдің азаматтарына туристік мақсатта Қазақстанға визасыз келу құқығы берілді, ҚХР мен Үндістан азаматтары үшін 72 сағаттық визасыз транзиттік режимі енгізілді.

Сонымен қатар бүгінгі таңда туризм индустриясы 30 астам жекелеген салалардың қиылысында тұр, ал олардың туризмді дамытуға қосатын үлестері жеткіліксіз. Осыған орай туристік саланы қалыптастыруға неғұрлым көп үлес қосатын бірқатар сабақтас салалардың қызметін шоғырландыру және қаржылық, адами, инфрақұрылымдық және институционалдық ресурстарды туризмнің ЖІӨ үлесін ұлғайтуға үйлестіруді қамтамасыз ету қажет.

Сайып келгенде туризм саласын дамытуға ықпал ететін факторлар басқа да тең жағдайларда саладағы проблемалар кешенін шешуді және Қазақстанды әлемдік туристік картада межелеуді қамтамасыз етуге тиіс.

Сонымен қатар мемлекеттік басқару деңгейіндегі негізгі проблемалар инфрақұрылымның дамымағандығы, Қазақстанды туристік дестинация ретінде ілгерілету жөніндегі кешенді маркетингтік стратегияның жоқтығы болып табылады.

### **3.6.2. Қазақстан Республикасының туристік саласын мемлекеттік қолдау**

Қазіргі уақытта кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік қолдау мәселелері Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексі аясында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Салық кодексі, "Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар туралы" Қазақстан Республикасының Заңы, "Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы" Қазақстан Республикасының Заңы сияқты жекелеген заңнамалық актілердің регламенттеледі.

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 91-бабына сәйкес жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау деп Қазақстан Республикасында жеке кәсіпкерлікті дамытуды ынталандыру, кәсіпкерлік бастаманы іске асыру үшін қолайлы құқықтық, экономикалық жағдайлар жасау жөніндегі мемлекеттік шаралар кешені түсініледі.

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 93-бабына сәйкес жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың мынадай негізгі түрлерін қамтиды:

- 1) қаржылық және мүліктік қолдау;
- 2) инфрақұрылымдық қолдау;
- 3) жеке кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың қаржы институттарын, мемлекеттік органдар жанынан жеке кәсіпкерлік проблемаларын зерделеу және оны дамыту ұсыныстарын әзірлеу жөніндегі ғылыми-зерттеу институттарын құруды және дамытуды қамтитын институционалдық қолдау;
- 4) жеке кәсіпкерлікті ақпараттық-талдамалық, оқу-әдіснамалық, ғылыми-әдістемелік қолдауды қамтитын ақпараттық қолдау.

Туризм саласы кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың жеке түрі ретінде көрсетілмегенін атап өткен жөн. Айталық Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 92-бабына сәйкес жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау мынадай негізгі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- 1) шағын және орта кәсіпкерлік;
- 2) агроөнеркәсіптік кешен және ауылдық жердегі кәсіпкерлік қызметтің ауыл шаруашылығына жатпайтын түрлері;
- 3) индустриялық-инновациялық қызмет;
- 4) арнайы экономикалық аймақтар;
- 5) инвестициялық қызмет;
- 6) отандық тауар өндірушілердің кәсіпкерлігі;
- 7) тұрғын үй құрылысы.

Осыған орай туристік қызмет субъектілері мемлекеттен қолдауды шағын және орта бизнес субъектілеріне, арнайы экономикалық аймақтарға және инвестициялық қызметке арналған шаралар аясында ғана ала алады.

Инвестициялық қызметті мемлекеттік қолдау аясында инвестициялық преференциялар беріледі.

Инвестициялық жоба (оның ішінде инвестициялық басым жоба) бойынша инвестициялық преференциялардың мынадай түрлері беріледі:

- 1) кедендік баждар және импортқа қосылған құн салығын салудан босату;
- 2) мемлекеттік заттай гранттар.

Инвестициялық басым жоба бойынша инвестициялық преференциялардың (бұдан әрі – инвестициялық басым жоба үшін инвестициялық преференциялар) мынадай түрлері беріледі:

- 1) салықтар бойынша преференциялар;  
есептелген КТС сомасын 100 % қысқарту;  
жер салығы мөлшерлемесіне 0 коэффициентін қолдану;  
мүлік салығын салық базасына 0 % мөлшерлеменен есептеу;

2) инвестициялық субсидия, инвестициялық келісімшарттың жұмыс бағдарламасында көзделген акциздер мен қосылған құн салығын ескермей жабдықтарды сатып алу мен құрылыс-монтаждау жұмыстары құнының 30 % дейін өтеу жолымен беріледі.

Туристік сала субъектілерінің инвестициялық басым жобалар үшін көзделген инвестициялық преференцияларды алуы мүмкін емес екенін атап өткен жөн. Себебі инвестициялардың мөлшерінің шекті шамасы тым жоғары, бұл қызмет көрсету саласы, атап айтқанда туризм саласы үшін қолайсыз. Преференциялар құны екі миллион еселенген мәннен асатын және жобасы басым қызмет түріне жататын инвестициялық басым жобаларға беріледі. Бұл ретте инвестициялық субсидия алу үшін инвестициялар мөлшері айлық есептік көрсеткіштің кемінде бес миллион еселенген мөлшерін құрауы тиіс. Сондай-ақ инвестициялық субсидия жаңа өндірістер құру, жұмыс істеп тұрғандарын кеңейту және (немесе) жаңарту бойынша инвестициялық басым жобаларға берілмейді.

Инвестициялық басым жобалар бойынша туристік саласы аясында жүзеге асырылған қызмет Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған 2018 жылғы шілдеде басым қызмет түрлеріне енгізілді

Арнайы экономикалық аймақтар (бұдан әрі – АЭА) режимі

АЭА – қызметтік басым түрлерін жүзеге асыру үшін арнайы экономикалық аймақ арнайы құқықтық режимі қолданылатын шекарасы нақты белгіленген, Қазақстан Республикасы аумағының бір бөлігі.

АЭА аумағында мынадай жеңілдіктер мен преференциялар беріледі:

- 1) есептелген КТС сомасын 100 % қысқарту;

- 2) жер салығы мөлшерлемесіне 0 коэффициентін қолдану;
- 3) мүлік салығын салық базасына 0 % мөлшерлеменен есептеу;
- 4) өнім берушілер үшін ҚҚС мөлшерлемесі – 0 %;
- 5) жер учаскесін пайдаланғаны үшін төлем – АЭА жұмысы кезеңіндегі коэффициент - 0;
- 6) АЭА аумағына әкелінетін шикізат пен жабдықтар кедендік баж салығынан босатылады;
- 7) жұмыс күшін артудың жеңілдетілген тәртібі.

Туризм бағытында 2008 – 2017 жылдары қызмет еткен "Бурабай" АЭА ғана жұмыс істеді (Ақмола облысы). Қазіргі уақытта "Бурабай" АЭА инфрақұрылымының құрылысы толық аяқталды.

"Бурабай" АЭА аумағында "Borovoe Tourism City" ЖШС шетелдік қатысуымен жоба іске асырылды, құны 14,1 млрд. теңге.

216 тұрақты жұмыс орны құрылды.

2012 - 2016 жылдары "Бурабай" АЭА аумағында 200 нөмірден ұратын бес жұлдызды деңгейдегі халықаралық "RixosBorovoe" отелі пайдалануға берілді. сондай-ақ аумақта "Қазақстан Лапландиясы" ойын-сауық кешені, жабық теннис корты, аспалы арқанды парк, жыл бойы жұмыс істейтін Қазақстандағы алғашқы вейк-парк, прокат пункттері, веложолдар және т.б. салынып, іске қосылды.

"Бурабай" АЭА жұмыс істеген кезеңде тартылған шетелдік инвестициялар көлемі 14,7 млрд. теңгені құрады. 2016 жылғы үшінші тоқсанға дейінгі салық түсімдерінің көлемі 0,9 млрд. теңге болды. Тауарлар мен қызметтер өндіру көлемі 24,8 млрд. теңге болды.

2017 жылдың соңында қызмет мерзімінің аяқталуына байланысты "Бурабай" АЭА таратылды, аймақ аумағы запастағы жерлер (рекреациялық мақсаттағы жерлер) санатына Ақмол облысы Бурабай ауданы жергілікті атқарушы органының қарамағына ауыстырылды.

Шетелдік инвесторлардың "Бурабай" АЭА туристік объектілерін салуға белсенді қатыспауының басты себебі жерді жеке меншікке алу мүмкіндігінің жоқтығы болды.

2018 жылы жаңа әкімшілік-аумақтық бірлік – Түркістан облысының құрылуына байланысты жаңа АЭА құрылды, оның мақсаттарының бірі Түркістан қаласының туристік әлеуетін арттыру және кейіннен оны Түркі әлемінің рухани астанасы ретінде қалыптастыру болып табылады.

Қаржылық қолдау

Бизнесті қаржылық қолдау әртүрлі бағдарламаларды іске асыру аясында "Даму" ҚДҚ" АҚ арқылы жүзеге асырылады, атап айтқанда:

- 1) 8,5-14 % мөлшерлемесімен қаражатты ЕДБ шартты орналастыру арқылы 7 жылға дейінгі мерзімге кредиттеу;
- 2) кредит бойынша сыйақы мөлшерлемесінің 50 % дейін субсидиялау;
- 3) кредиттер бойынша 50 -85 % кепілдік беру;
- 4) оқыту және консультация.

Сонымен қатар ауылдық жерлерде жеңілдікті кредит беру "ҚазАгро" ҰБХ" АҚ бағдарламалары арқылы жүзеге асырылады: 5 жылға дейін, құны 8 мың айлық есептік көрсеткіштен аспайды (19,24 млн. теңге).

8-кесте

### ШОБ мемлекеттік қолдау шаралары бойынша жобалар саны

Шаралар	Барлығы, бірлік	Туризм	Туризм үлесі
ЕДБ қаражатты шартты орналастыру	30 394	1 167	4%
Сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау	12 083	634	5%
Кредит бойынша кепілдік беру	3 729	196	5%

9-кесте

### ШОБ мемлекеттік қолдау шаралары бойынша бөлінген қаражат сомасы, млрд. теңге

Шаралар	Барлығы	Туризм	Туризм үлесі
ЕДБ қаражатты шартты орналастыру	1 671	48	3%
Сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау	1 911	101	5%
Кредит бойынша кепілдік беру	133	7	5%

Ірі жеңілдікті қаржыландыру "Қазақстан даму банкі" АҚ бағдарламалары арқылы ұсынылады, ол арқылы жобаларға жеңілдікті кредиттер 5 жылдан бастап 20 жылға дейін кемінде 7 млрд. теңге беріледі, бұл туризмнің көптеген жобалары үшін тым жоғары шек болып табылады.

Осылайша мемлекет тарапынан туристік саланы нысаналы және кешенді қолдау жүзеге асырылмай келді, ал қолданыстағы мемлекеттік қолдау шаралары туристік қызмет субъектілері үшін жарамайды және қолайсыз. Туристік бизнес субъектілері үшін ұсынылатын қаржыландыру өңірлерде жеткіліксіз, ал кредитті қайтару мерзімі қысқа деген тұжырым жасауға болады.

#### 3.6.3. Шетелде туризм саласын мемлекеттік қолдау

Халықаралық тәжірибеге сүйенсек, мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетіктері мен мемлекеттік қолдау шаралары туризм индустриясын басты серпінді дамыту факторларының бірі болып табылады.

Туристік инфрақұрылымы дамыған елдерде сала мемлекет пен жеке инвестициялардың белсенді қолдауымен дамып жатыр.

Мысалы, Испанияда мемлекет жобаның 30 % гранттық субсидиялауды жүзеге асырады, Португалияда мемлекет туризм объектілерін салуға 10 жылға дейін пайызсыз кредит береді, Малайзияда салықтан толығымен босату көзделген.

Оңтүстік Африка Республикасында Халықаралық нарыққа қолжетімділікті қолдау бағдарламасы мен Туризм саласындағы ШОБ сапасын арттыру бағдарламасында көрмелерге, шоу-румдарға қатысу, сапа белгілерін алу (НАССР, ISO) және т.б. шығыстарының 30 % - 50 % мемлекет тарапынан өтеу көзделген.



Пуэрто-Рикода туризм мен круиздік индустрияны қолдау жүйесі қызмет етеді, онда 50 % салық жеңілдіктері, 10 жыл мерзімге салықтан босату сияқты преференциялар көзделген.

Мажарстанда туризм саласында біліктілікті арттыруды мемлекеттік қолдау бағдарламасы, салықтық преференциялар, инвестицияларының көлемі 50 млн. еуродан асатын, кемінде 50 жаңа жұмыс орнын құратын инвесторлар үшін қаржылық субсидиялар көзделген.

Өзбекстанның тәжірибесі де қызықты, мұнда туризм саласын мемлекеттік қолдау 5 бағытта жүргізіледі: ШОБ қолдау, қонақүйлерді салу және жаңғырту, тікелей инвестицияларды ынталандыру, туристерге арналған көлік сатып алуды қолдау, технологиялар енгізуді ынталандыру. Мысалы, Өзбекстанның туристік компаниялары 2022 жылғы 1 қаңтарға дейін туристік кластағы әкелінетін автомобильдер үшін кедендік төлемдерді төлеуден босатылады. Тікелей шетелдік инвестицияларды тартатын және экономика салаларында туристік қызмет көрсетумен айналысатын кәсіпорындар тікелей жеке шетелдік инвестициялары 300 мың АҚШ долларынан бастап 3 млн. АҚШ доллары болса – 3 жылға, 3 млн. АҚШ долларынан бастап 10 млн. АҚШ долларына дейін болса – 5 жылға, 10 млн. АҚШ долларынан астам – 7 жылға заңды тұлғаларға табысқа салынатын салықтардан, әлеуметтік инфрақұрылымды абаттандыру және дамыту салығынан, микрофирмалар мен шағын кәсіпорындарға салынатын бірыңғай салық төлемдерінен, сондай-ақ Республикалық жол қорына төлейтін міндетті төлемдерден босатылады.

Мына суретте осы мәселе бойынша үзді әлемдік практика көрсетілген.

## Туризмді дамытудың мемлекеттік қолдаудың әлемдік тәжірибесі

Қолдау шаралары	 Түркия	 Австралия	 Грекия	 Өзбекстан	 Венгрия	 БАӘ
• Күрделі шығыстарды субсидиялау	✓	✓	✓	✓	✓	✓
• Жеңілдікті кедендік ресімдеу	✓	✓	✓	✓	✓	✓
• Мемлекеттік жерді бөлу	✓	✓	✗	✓	✗	✓
• Салықтық жеңілдіктер	✓	✓	✓	✓	✓	✓
• Оқуға арналған субсидиялар	✓	✓	✓	✓	✓	✗
• Көлікке арналған субсидиялар	✓	✓	✓	✓	✓	✓
• Суға, электр және газға жеңілдіктер	✓	✗	✗	✗	✗	✗
• Шетелдік жұмыс күштерін тартуға рұқсат беру	✓	✗	✗	✗	✗	✓

ҚР МСЭИ Туризм индустриясы институты | 1


Осы бағытта Түркияның тәжірибесі үлгі алуға тұрарлық (6 және 7-суреттер). Түркия 2017 жылы елге 32 млн. астам турист келгеніне қарамастан, 1982 жылдан бері туристік бизнеске мемлекеттік қолдау көрсетіп келеді.

Түрік Республикасының Мәдениет және туризм министрлігінің мәліметтеріне сәйкес мемлекеттік қолдау бағдарламаларының және мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетіктерінің арқасында 1982 жылдан бері туристер саны жиырма есе ұлғайды, ал туризмнен түскен табыс алпыс есе өсті.

Бұдан басқа Түркияның статистика мәліметтеріне сәйкес 1982 – 2008 жылдар аралығында орналастыру орындарының және туристер санының қатар өсуі байқалады, бұл туризмнің дамуы мемлекеттік қолдау шараларымен және мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетіктерімен тығыз байланысты екенін көрсетеді.

9-сурет


**Жылдар бойынша орын саны, Түркия**



Түрік Республикасы мемлекеттік-жекешелік әріптестік моделін қолданудың озық үлгілерінің бірі болып табылады. Мысалы, 2018 жылы Ыстамбұл қаласында мемлекеттік-жекешелік әріптестік арқылы іске асырылған үшінші әуежай ашылды (жеке инвестициялар – 10,2 млрд.АҚШ доллары). Жобаға инвестиция салған жеке компаниялар әуежайды 25 жыл пайдаланатын болады, кейін әуежай мемлекетке беріледі, бағалау бойынша күтілетін кіріс шамамен 22,2 млрд. АҚШ долларын құрайды.

10-сурет

### Жылдар бойынша шетелдік туристердің саны, Түркия



Бұдан басқа, Түркияда отельдер, туроператорлар үшін мемлекеттік қолдау көрсетудің тиімді тетіктері қолданылады, олар: кедендік баждардан босату, перспективалы туристік өңірлерде отельдер үшін коммуналдық қызметтердің ең төмен бағасын ұсыну (жарық/газ/су), халықаралық көрмелерге қатысу шығындарын өтеу, 26 нысаналы нарықтан 400 мыңнан астам турист қабылдаған



туроператорларға мемлекеттік қордың кепілдігімен төмендетілген мөлшерлеменен 25 млн. АҚШ долларына дейін кредиттер беру, авиатасымалдау шығындарын өтеу (чартерлік/рейстік әрбір ұшақ үшін 6 мың доллар) және т.б.

Түркия Денсаулық сақтау министрлігінің Денсаулық сақтау мекемелерін және медициналық туризм бойынша туристік компанияларды мемлекеттік қолдау бағдарламасы шеңберінде мынадай мемлекеттік қолдау шаралары – медициналық туризм бойынша денсаулық сақтау мекемелерінің және туристік компаниялардың шығындарын:

1) 100 мың АҚШ долларына дейінгі көлемде елдер бойынша талдамалық, зерттеу есептерді, халықаралық заңдарды алуға – 60%-ға дейін;

2) шетелдік пациенттердің жол шығындарымен байланысты шығыстарды – 50%-ға дейін;

3) жылына 300 мың АҚШ доллары шегінде шетелдегі мамандандырылған көрмелерде іс-шаралар ұйымдастыру, жарнаманы, демеушілікті, консалтингті ілгерілету және т.б. – 50%-ға дейін;

4) 15 мың АҚШ доллары сомасымен шектелетін шетелдегі мамандандырылған көрмелерге, конференцияларға қатысу шығыстары – 70%-ға дейін;

5) жылына 100 мың АҚШ доллары сомасымен шектелетін іздеу жүйелеріндегі (Google/Yahoo/Yandex/Baidu) жарнама бойынша шығындарды жабу – 50%-ға дейін;

6) 200 мың АҚШ доллары шегіндегі сомамен шектелетін төрт жылға дейін нысаналы елдердегі өкілдіктің кеңселерін жалға алу бойынша шығыстар – 60%-ға дейін;

7) жылына 50 мың АҚШ доллары сомасымен шектелетін халықаралық сертификаттарды алу, аккредиттеуден өту бойынша шығыстар – 50%-ға дейін;

8) 150 мың АҚШ доллары сомасымен шектелетін шетелдік сауда делегацияларының келуіне байланысты (HostedBuyer) тұру, көлік, жарнамалау және іс-шараларды ілгерілету бойынша шығыстар – 70%-ға дейін;

9) жылына 200 мың АҚШ доллары сомасымен шектелетін Түркия Денсаулық сақтау министрлігі мақұлдаған консалтингпен байланысты (маркетинг стратегиясы/аккредиттеу/шетелдік нарықтар) тақырыптар бойынша шығыстары 50%-ға дейін өтеу ұсынылады.

Түркия әлемдегі шетелдік пациенттердің келуі жағынан озық елдердің қатарына кіретіні белгілі (жыл сайын 500 мың шетел пациенттері), елде JCI (JointCommissionInternational) Халықаралық ұйымының аккредиттеуінен өткен 46 денсаулық сақтау мекемесі бар. Шетелден келетін пациенттердің санын ұлғайту және медициналық туризмді дамыту мақсатында Түркия Үкіметі екі бағытта жұмыс жүргізуде: медициналық туризмнің арнайы экономикалық аймақтарын

құру және Түрік Денсаулық сақтау министрлігінің медициналық туризм бойынша туристік компанияларға және денсаулық сақтау мекемелеріне мемлекеттік қолдау көрсету бағдарламасы.

Медициналық туризмнің арнайы экономикалық аймақтары Дубай қаласындағы осындай аймаққа (DubaiHealthcarecity) ұқсас құрылады. Аталған аймақтарда емханалар мен ауруханалардың қызметтерінен басқа термальдық туризмді дамыту, егде жастағы адамдарды және мүмкіндігі шектеулі адамдарды күту қызметтері, SPA, спорттық-сауықтыру, медициналық университеттер және фармацевтика мен емдеу бойынша ғылыми-зерттеу зертханаларын салу болжанады.

Медициналық туризмнің осындай арнайы экономикалық аймақтарында инвесторларға мемлекеттік қолдаудың мынадай шаралары ұсынылады:

- 1) салықтан және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерден босату;
- 2) арзан инфрақұрылым және инвестициялар салу мүмкіндігі;
- 3) бір терезе қағидаты бойынша инвесторларға қызмет көрсету;
- 4) жұмысқа шетелдік дәрігерлер мен мейіргерлерді тартуға рұқсат ету;
- 5) қысқа мерзімде шетелдік дәрігер консультанттарды тартуға рұқсат ету (жұмыс істеуге рұқсат алмай);
- 6) дәрігерлердің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті түрде сақтандыру;
- 7) міндетті түрде әуежайлардан 30 минуттық жерде орналасу.

#### **3.6.4. Статистикалық есеп жүйесі**

Тиімді шешімдер қабылдау шеңберінде сенімді статистикалық мәліметтерді жинаудың саясат әзірлеушілер үшін үлкен мәні бар. Сенімді статистикалық ақпарат қамтылған нақты және анық мәліметтерге ие болған кезде ғана туристік бизнеске әртүрлі талдау жасауға болады. Бұл туризмнің әртүрлі аспектілерін бағалау үшін, сондай-ақ шешімдерді қабылдау кезінде саясатты қолдау және жетілдіру үшін қажет.

"Өлшеуге болмайтынды басқаруға болмайды" деген пікір туризм саласы үшін өте орынды.

Маркетингтік стратегияларды әзірлеу, ұйымаралық қатынастарды нығайту, басқарушылық шешімдердің нәтижелілігі мен тиімділігін бағалау және ұлттық экономика шеңберінде туристік қызметтің көлемін өлшеу статистикалық мәліметтерді есепке алу сапасына тікелей тәуелді.

Туризмді дамытудың негізгі индикаторларының мониторингі басқару органдарының, қаржы институттарының, ғылыми және консалтингтік ұйымдардың ақпараттық қажеттіліктерін, негізінен, статистиканың мәліметтерін талдау негізінде қалыптасады. Демек белгілі бір қабылданған шараларды тиімді мониторингтеу үшін туристік қызметті статистикалық есепке алуды жетілдіру

мәселесін тұжырымдамалық тұрғыдан шешу өте маңызды, бұл дамудың белгілі бір кезеңдерінде туризмнің жай-күйі жөнінде кешенді мәліметтерді алуға мүмкіндік береді.

Туризм саласында маркетингтік стратегияларды әзірлеу, ұйымаралық қатынастарды нығайту, басқарушылық шешімдердің нәтижелілігі мен тиімділігін бағалау, ұлттық экономика шеңберінде туристік қызметтің көлемін өлшеу үшін статистикалық ақпаратты жинау талап етіледі.

Қолданыстағы ресурстар

Қазақстанның туризм статистикасы халықаралық стандарттарға сәйкес келеді және оны "Туристік статистика бойынша халықаралық ұсынымдар" халықаралық әдіснамасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті қалыптастырады, оның мақсаты туризм саласындағы статистикалық деректерді жинау кезінде пайдалануға арналған жалпы анықтамалық шектерді белгілеу болып табылады.

Мысалы, 2017 жылдан бастап әлемдік деңгейдегі қонақүйлердің заманауи инфрақұрылымы бар халықаралық танымал қонақүй бизнесі брендтерінің болуына негізделген орналастыру орындары туралы ақпарат қалыптастырылуда.

Негізгі тұрғылықты жерінен шыққанда баратын Қазақстанның облыстары мен қалалары бойынша отандық туристер легін сипаттайтын туристер легінің ішкі бағыттары туралы ақпарат жарияланады.

Орналастыру қызметтерін ұсынатын кәсіпорындар мен жеке кәсіпкерлер (негізгі және қосалқы қызмет түрлерінде "55" ЭҚЖК коды бар – қонақүйлер, демалыс үйлері, лагерьлер және т.б.) қатысатын орналастыру орындарының тоқсан сайынғы жалпы мемлекеттік статистикалық байқауы қарастырылған. Ақпарат Еуростат және ДСҰ стандарттарына сәйкес келетін орналастыру типі бойынша жалпы республикада және өңірлер бөлігінде қалыптастырылады.

Бұдан басқа, санаторийлердің қызметі бойынша жылдық жалпы мемлекеттік статистикалық байқаулар жүргізіледі.

Халықаралық стандарттарға сәйкес қонақүйде тұрмайтын келушілердің туристік легін анықтау үшін үй шаруашылықтары мен келушілердің (бейрезиденттердің) туристік шығындары бойынша ішінара зерттеулер жүргізіледі.

Сонымен қатар халықаралық әдіснаманы ескере отырып, әкімшілік дереккөздер пайдаланылады (ЕҚТА бойынша АШМ, ҚР ҰҚК ШҚ).

Осы деректердің негізінде сапар мақсатына қарай (жұмыс мақсатында келіп-кетуді есепке алмай, шетелге баратын көлік құралдарының қызмет көрсететін персоналы, тұрақты тұрғылықты жері халықаралық стандарттарға

сәйкес туризм статистикасында ескерілмеуі тиіс) келу және кету елдерін Қазақстанның облыстары мен қалалары бойынша бөле отырып, туристік лек қалыптастырылады.

Бұдан басқа Комитет келушілер қонақүй бизнесінің немесе туристік фирмалардың қызметіне жүгінбей, бос уақыттарын өздері ұйымдастыратын туризм көлемін бағалауды жүзеге асырады. Әлемдік тәжірибеде туристердің бұл санаты бағаланбайды, бірақ Қазақстан бұл бағалау түрін үй шаруашылықтары мен шетелдік қонақтарға зерттеу жүргізу негізінде жүзеге асырды, себебі бұл ақпарат елдегі пайдаланушылардың сұранысына ие.

Қосымша қажеттіліктер

Қазіргі уақытта Қазақстанда туризм бойынша деректерді толық талдау үшін қалыптасқан көрсеткіштердің тізімін кеңейту қажет.

Туризм статистикасын одан әрі жетілдіру мақсатында басқа елдердегі (мысалы, Канада немесе ЕО елдері) статистикалық кеңселерден халықаралық озық тәжірибені зерттеуді жалғастыру ұсынылады.

Перспективада әкімшілік дереккөздерді пайдалану арқылы, мысалы, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің деректері арқылы көрсеткіштер тізімін кеңейту керек.

ҚР ҰҚК ШҚ және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Көші-қон қызметі комитетінің деректерін тиімді пайдалануға назар аудару қажет.

Аталған қызметтерге МСМ Туризм индустриясы комитетімен бірлесіп, шетелдік азаматтар Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасынан өткен кезде елге кірушілердің қосымша уақыт жүктемесін жоятын процесті автоматтандыру арқылы деректерді кеңейту мүмкіндігін қарастыру қажет.

Дүниежүзілік туристік ұйым үш негізгі позицияны пайдалануды ұсынады:

1) сұраныс көзқарасы тұрғысынан: туристер мен туристік сапарлар санын мөлшерлеу, сондай-ақ туристік шығыстарды бағалау;

2) ұсыныс көзқарасы тұрғысынан: туристік қызметтерді жеткізушілердің мәліметтерін пайдалану және олардың нәтижелерін қызметте пайдалану;

3) жұмыспен қамту: ұлттық қызмет спектрінде туристік қызметтің қатыстылығын мөлшерлеу.

Осылайша, бұл бағытта туристік саладағы статистикалық көрсеткіштерді қалыптастыру бойынша тетіктерді жетілдіру жұмысын жалғастыру қажет.

### **3.7. SWOT-талдау**

Қазақстанның туризм саласына жасалған талдаудың қорытындылары бойынша саланың мынадай күшті және әлсіз жақтары, даму мүмкіндіктері мен қауіптері анықталды (SWOT-талдау):

Күшті жақтары

1) табиғи ресурстардың болуы;

2) халықаралық маңызға ие объектілермен қоса, материалдық және материалдық емес мәдени мұра ескерткіштерінің болуы;

3) тұрақты саяси және мемлекетішілік жағдай;

4) Қазақстанның тиімді геостратегиялық орналасуы;

5) Орталық Азия өңірінде дамудың жоғары деңгейі.

Әлсіз жақтары

1) туризм орындарында инженерлік-көлік инфрақұрылымының жеткіліксіз дамуы;

2) туристік объектілерге жету қиындығы;

3) туристердің демалу орындарындағы сервистің төмен деңгейі;

4) туризм саласында білікті кадрлардың жетіспеушілігі;

5) туризм саласына салынатын сыртқы инвестициялардың жеткіліксіздігі;

6) жетілмеген визалық және көші-қон режимі;

7) әуе кеңістігін реттеуде шектеудің болуы;

8) ішкі және халықаралық нарықтарда Қазақстанның туристік әлеуеті туралы ақпараттың төмен деңгейі;

9) тұру және авиатасымалдау бағасының жоғары болуы.

Мүмкіндіктер

1) сырттан келетін туризмнің жоғары әлеуетіне ие елдерге жақын орналасуы (Ресей, Қытай);

2) жергілікті бірегей туристік өнімдерді әзірлеу;

3) өңірлерді дамытуда мемлекеттің белсенді қатысуы, оның ішінде туристік және көліктік-логистикалық инфрақұрылымды орнықтыру есебінен;

4) коммуникация және өнімдерді тарату саласында заманауи технологияларды пайдалану.

Қауіптер

1) көршілес елдердің ұқсас туристік өнімдері;

2) іскерлік сапарлар көлеміне қатты тәуелділік;

3) көлік қатынасының баяу дамуы (әуе, жерүсті);

4) жаңа әлемдік және өңірлік дағдарыстар.

Туристік саланы дамытудың түйінді проблемалары коммуникациямен байланысты.

Бірінші проблема – туристік нарыққа қатысушылардың (туроператорлар, турагенттер, туристік объектілер, қызмет көрсетушілер, қауымдастықтар, орталық және жергілікті атқарушы органдар және т.б.) арасында дұрыс жолға қойылған байланыстың, үйлестірудің және тиімді өзара әрекеттесудің болмауы.

Екінші мәселе – қазақстандық туристік дестинациялардың әлсіз брендингі, маркетингі және ілгерілетуі, ішкі нарықта да Қазақстанның туристік жерлері туралы ақпараттық қамтамасыз етудің жеткіліксіздігі.

Туристік саланың тежеуші факторларына мыналарды да жатқызуға болады:

1) туристік ресурстардың қанағаттанғысыз жағдайы, туризм орындарында инженерлік және көліктік инфрақұрылымның жеткіліксіз дамуы, туристік объектілерге жету қиындығы, сапалы қонақүй, ойын-сауық және жол бойы инфрақұрылымның жеткіліксіздігі, туристер демалатын орындардағы сервистің төмен деңгейі;

2) туристке сапалы қызмет көрсетуді ұсына алатын білікті персоналдың жетіспеушілігі;

3) қызметтер сапасының жеткілікті жоғары деңгейде болмауына қарамастан, туристік өнімдерге бағаның жоғары болуы;

4) Қазақстанда жұмыс істейтін халықаралық авиатасымалдаушылар саны шектеулілігі, тікелей рейстер саны мен жиілігі, бюджеттік авиакомпаниялардың болмауы Қазақстанға сапарларды қымбаттатады және кейде кейбір өңірлерден сапар мүмкіндігін болдырмайды;

5) үлкен қалалардан тыс жерлерде туристік инфрақұрылым объектілерінің жеткілікті мөлшерде болмауы;

6) бірқатар әкімшілік тосқауылдардың болуы (визалық режим, көші-қон саясаты, рұқсат беруші құжаттар);

7) туристік қызметтер сапасын мониторингтеу және бағалау жүйесінің жоқтығы;

8) туристік саланың төмен инвестициялық тартымдылығы;

9) елге келу туризмімен салыстырғанда, шығу туризмінің басым дамуы;

10) әсіресе маусымаралық кезеңде орналастыру орындарының туристермен қамтылмауы.

Қазақстан мына бағыттар бойынша жаңа өнімдерді дамытудың жоғары әлеуетіне ие: шытырман оқиғалық, MICE, оқиғалық, ойын-сауық, аңшылық, тарихи-мәдени, медициналық, экологиялық, этнографиялық, балалар-жасөспірімдер туризмі және т.б.

Осыған орай, туристер, бизнес және инвесторлар үшін отандық туристік дестинациялардың тартымдылығын арттыру бойынша түбегейлі жүйелі және кешенді шаралар қолдану қажет.

#### 4. Бағдарламаның мақсаттары, міндеттері, нысаналы индикаторлары және іске асыру нәтижелерінің көрсеткіштері

Бағдарламаның мақсаты – 2025 жылға Қазақстан Республикасының ІЖӨ жалпы көлемінде туризмнің үлесін кем дегенде 8 % деңгейінде қамтамасыз ету.

Осы мақсатқа жету үшін мынадай нысаналы индикаторларға қол жеткізу керек:

	Нысан алы		Орынд ауға							
--	--------------	--	---------------	--	--	--	--	--	--	--









1	ралык әуе маршруттарының санын арттыру	бірлік	ИИДМ деректері	ИИДМ	98	105	110	115	120	130	135	140
2	ТОП-10-ға ішкі әуе маршруттарының санын арттыру	бірлік	ИИДМ деректері	ИИДМ	53	60	65	70	80	90	100	110
3	Қазақстанға әуе сапарларын жасайтын шетелдік әуе компанияларының саны	бірлік	ИИДМ деректері	ИИДМ	28	30	32	34	36	40	43	46
4	ТОП-10-ға автомобиль жолдарының, соның ішінде "соңғы миляның" құрылысы (мастер-жоспарлар көрсетеді)	км.	ИИДМ деректері	ИИДМ "Қазавтожол" ҰК" АҚ	-	150	300	450	500	550	600	750

### 4.3. Туристік өнімдердің және қызметтердің сапасын және қолжетімділігін арттыру

Бұл міндетті орындау нәтижелерінің көрсеткіштері:

Р/с№	Нәтижелер көрсеткіштері	Өлш. бірлік	Ақпарат көздері	Орындауға жауаптылар	2018 (бағалау)	2019 (болжам)	2020	2021	2022	2023	2024	2025
1	2	3	4	5	7	8	9	10	11	12	13	14
1	Техникалық және кәсіптік білімі бар кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысының саны	бірлік	есептік деректер	БҒМ, МСМ, ЖАО	-	500	600	700	800	900	1000	1100
2	Ауруханаға жатқызылған шетел азаматтарының саны (жоспарлы емдеу)	бірлік	МСМ-ге ақпарат	ДСМ, МСМ		2010	2250	2520	2825	3165	3500	3800
3	Санаторийлік - курорттық емделуге келген шетелдік азамат	мың адам	МСМ-ге ақпарат	ДСМ, МСМ		30,5	31,6	32,7	33,8	34,9		37





1	тынысана лы нарық елдері нің саны	бірлік	ақпара т	СІМ, МСМ	-	7	8	9	10	11	12	14
2	Нысан алы елдерд егі " Туризм елшіле рінің" саны	адам	ПМК-г е ақпара т	МСМ, СІМ, " Kazakh Touris m" ҰК " АҚ ( келісу бойын ша)	2	3	3	3	3	3	3	3
3	Шетел дік нысана лы аудито рияны жалпы қамту	млн. адам	ПМК-г е ақпара т	" Kazakh Touris m" ҰК " АҚ ( келісу бойын ша ) МСМ, СІМ	-	120	180	230	270	310	350	400
4	Қазақ тандық нысана лы аудито рияны жалпы қамту	млн. адам	ПМК-г е ақпара т	" Kazakh Touris m" ҰК " АҚ ( келісу бойын ша ) МСМ, ЖАО	-	5	7	9	11	12,8	13,4	15
5	Қазақ танны ң жарна масы бар шет елдерд егі көлік инфра құрыл ымы нысан дарын ың саны	бірлік	ПМК-г е ақпара т	" Kazakh Touris m" ҰК " АҚ ( келісу бойын ша ) МСМ, СІМ,	-	3	5	7	9	11	14	15

#### 4.6. Туризм саласын басқару және дамуын мониторингілеу жүйесін жетілдіру

Бұл міндетті орындау төмендегі нәтижелер көрсеткіштерімен өлшенеді:

Р/с№	Нәтижелер көрсеткіштері	Өлш. бірлік	Ақпарат көздері	Орындауға жауаптылар	2018 (бағалау)	2019 (болжам)	2020	2021	2022	2023	2024	2025
1	2	3	4	5	7	8	9	10	11	12	13	14
1	Өңірлердегі туризм жөніндегі бөлек құрылымдық бөлімшелердің саны	бірлік	МСМ-ге ақпарат	ЖАО	6	10	17	17	17	17	17	17
2	Басқарудың жаңанысы бар ЕҚТ А саны	бірлік	МСМ-ге ақпарат	АШМ	1	2	2	2	-	-	-	-
3	Туризмді дамыту қызметінде тиімділікті бағалаудың бекітілген жүйесі бар мақсатты		ПМК-ге	СІМ, МСМ "Kazakhstan Tourism"	0	11	14	16	18	20	25	30

туризм нарықтарындағы дипломатиялық көкілдіктер мен елшіліктердің саны	бірлік	акпарат	ҰҚ" АҚ (келісу бойынша)											
--	--------	---------	-------------------------	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

## **5. Бағдарламаның негізгі бағыттары, қойылған мақсаттарға қол жеткізу жолдары және тиісті шаралар**

### **5.1. Туристік ресурстарды дамыту**

Туристік ресурстарды дамыту үшін дестинациялардың дамуын жүйелі жоспарлау және олардың инвестициялық тартымдылығын қамтамасыз ету қажет.

Жүйелі жоспарлау дестинациялардың дамуына басымдық беруді, сондай-ақ халықаралық тәжірибенің негізінде оларды мастер-жоспарлауды бағамдайды.

Инвестициялық тартымдылыққа жер учаскелерін беру тәртібін оңайлату, қолдаудың жаңа құралдарын енгізу, инвестициялық жобалар үшін жеңілдіктер мен преференциялар енгізу, Қазақстанның туристендіру картасының объектілеріне инженерлік-техникалық инфрақұрылымды қамтамасыз ету, сондай-ақ жобалық компаниялардың капиталына тікелей бақылаусыз қатысу арқылы инвестициялық жобаларды қаржыландыру есебінен қол жеткізілетін болады.

Туристік инфрақұрылымды дамытуды қолдауға және жалпы пайдаланылатын инфрақұрылымды салуға арналған мемлекеттік шығындарды алдын-ала бағалау 2019 – 2025 жылдарға шамамен 200 млрд. теңгені құрайды.

#### **5.1.1. Дестинациялардың дамуын жүйелі жоспарлауды қамтамасыз ету**

Туристік ресурстарды дамыту туристік объектілерге басымдық беру қағидаты бойынша жүзеге асырылатын болады.

Объектілерге басымдық берудің негізгі критерийлері:

- 1) туристік магнит ретінде объектінің бірегейлігі;
- 2) туристік ағынның әлеуетті өсуі;
- 3) тарихи-мәдени маңыздылығы.

Басым туристік объектілер Туристендіру картасын қалыптастырады (осы Бағдарламаға 1 және 2-қосымшалар), ол осы Бағдарламаның ажырамас бөлігі



болып табылады. Бағдарламаны іске асыру шеңберінде орталық және жергілікті атқарушы органдардың ұсынысы бойынша Туристендіру картасына объектілерді қосу және одан алып тастау бойынша өзгерістер енгізілуі мүмкін. Туристендіру картасының барлық объектілері бейберекет дамудан бас тарта және туристік ресурстарды ұтымды (орнықты) басқару бойынша халықаралық практикаларды ендіре отырып, жүйелі жоспарлаумен қамтамасыз етілуге тиіс.

Туристендіру картасының шеңберінде республикалық деңгейдегі 10 басым туристік объект (бұдан әрі – ТОП-10) және өңірлік деңгейдегі 50 объект айқындалды.

ТОП-10 дамуын пайымдау және оларды іске асыру кезеңділігі, инженерлік-көлік инфрақұрылымына қажеттілік, инвестициялардың қажетті көлемі және қайтарылуы, келесі 10 жылға туристік ағынның әлеуетін егжей-тегжейлі талдау "McKinsey & Company" халықаралық консалтингтік компаниясы әзірлеген Мастер-жоспарларда айқындалған.

Туристік инфрақұрылымды үдемелі дамыту үшін Туристендіру картасының республикалық деңгейдегі ТОП-10 объектісі таңдап алынды, олар басым туристік аумақтар (бұдан әрі – БТА) режимінде жұмыс істейтін болады.

Бұл аумақ бюджет қаражаты есебінен қажетті коммуникациялармен – электр энергиясымен, жылумен, сумен, кәріздік суағарлармен, қоқысты шығарумен және оны кәдеге жаратумен (полигондар), жолдармен, жағалық сызықтарды нығайтумен және т.с.с. қамтамасыз етілетін болады.

БТА дамытуды Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын заңды тұлғалар (бұдан әрі – Басқарушы компаниялар) жүзеге асыратын болады.

Бірінші кезеңде Басқарушы компаниялар үш БТА-да құрылады: Алакөл, Алматы тау кластерінің, Маңғыстау облысының аумағында.

БТА-да қызметті жүзеге асыру үшін Басқарушы компаниялармен шарт жасасқан Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылатын және резидент емес жеке және заңды тұлғалары БТА-ны дамытуға тартылуы мүмкін.

БТА аумақтарында объектілерді салуға және жер учаскелеріне құқықтарды тіркеуге рұқсаттарды келісу және беру кезінде ескерілетін БТА-да туристік саланы дамытуға бағытталған қызмет түрлері жүзеге асырылады.

БТА аумағындағы жер учаскелері бөлінетін жер учаскелерінің мақсатты тағайындалуын есепке ала отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен БТА дамытуға тартылатын заңды және жеке тұлғалар арасында бөлінеді.

Туристендіру картасының өңірлік деңгейдегі объектілері үшін жергілікті атқарушы органдар бекітетін мастер-жоспарлар (Туристендіру картасының объектілерін дамытудың жол карталары) әзірленетін болады.

Осылайша, Туристендіру картасының объектілерін дамытудың мастер-жоспарларының және жол карталарының саны жүйелі жоспарлау көрсеткішіне айналады.

Туристендіру картасының барлық объектілері бойынша тұрақты негізде жоспарларының іске асырылуын мониторингтеу жүргізілетін болады, оны өткізу кезеңділігі мастер-жоспарларда (Туристендіру картасының объектілерін дамытудың жол карталарында) көрініс табады.

ЕҚТА-да туризмді дамыту

ЕҚТА-да орнықты туризмді дамыту бойынша мақсаттарға қол жеткізу үшін АҚШ-тың, Аустралияның, Грузияның Ұлттық парктер агенттіктерінің қызметінде пайдаланылатын МҰТП басқару саласындағы тиімді әлемдік тәжірибені ескеретін мынадай шаралар қабылданатын болады.

Ол мынадай шаралар:

1) туризм инфрақұрылымы бөлігінде МҰТП дамытудың бас жоспарларын қайта қарау;

2) МҰТП үшін рекреациялық жүктемені анықтау әдістемесін әзірлеу;

3) экожүйелік көрсетілетін қызметтерді экономикалық бағалау әдістемесін әзірлеу;

4) халықаралық тәжірибені есепке ала отырып, ЕҚТА-да бизнестің жауапты жұмысының жүйесін ("EcoPass" жүйесі) әзірлеу.

Сонымен қатар, МҰТП басқарудың жаңа моделі әзірленіп, пилоттық режимде сыналды. Бұл модель осы аумақтарда туристік дестинацияларды дамыту арқылы елдің маңызды табиғи объектілерінің сақталуын қамтамасыз етуге тиіс болады.

Сондай-ақ, экологиялық туризмді дамыту және ЕҚТА-да рекреациялау мәселелерінде туристік әлеуетті пайдалану мен арттыру бөлігінде уәкілетті органның қатысуының құзыреттерін және өкілеттіктерін бекітетін нормативтік құқықтық база құрылатын болады.

5.1.2. Туризм индустриясының инвестициялық тартымдылығын арттыру

Туризм индустриясының бизнес құруға инвестициялық тартымдылығын арттыру мақсатында мынадай шаралар көзделеді:

1) туризм саласындағы басым инвестициялық жобалар (бұдан әрі – БИЖ) бойынша инвестициялық преференциялар беру;

2) жеңілдікпен ұзақ мерзімді кредиттеуді/қаржылық лизингті беру;

3) шағын және орта бизнестің жобаларына ішінара кепілдік бере отырып, банктердің/лизингтік компаниялардың кредиттер/қаржылық лизинг шарттары бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау;

4) объектілердің энергия тиімділігін енгізуге арналған кредиттердің пайыздық мөлшерлемелерін субсидиялау (тұру, демалу, ойын-сауық орындары, санаторийлер, балалар-жасөспірімдер лагерлері және т.б.);

5) жобалау компанияларының капиталына тікелей бақылаусыз қатысу.

Туризм саласындағы БИЖ бойынша инвестициялық преференциялар беру

БТА инвестициялық тартымдылығын арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының резиденттері болып табылатын және туризм саласындағы БИЖ іске асыратын заңды тұлғалар болып табылатын қатысушылар үшін инвестициялық преференциялар берілетін болады.

Туризм саласындағы БИЖ-ге БТА-да іске асырылатын, жаңасын салуды не қолданыстағы туристік объектілерді (тұру орындары, ойын-сауық және демалыс орындары, аумақтың кешенді құрылысы) жаңғыртуды көздейтін, мынадай критерийлерге сәйкес келетін инвестициялық жобалар жататын болады:

1) жоба БТА шекараларының шегінде іске асырылуға тиіс;

2) жоба Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған қызметтің басым түрлері бойынша бизнес құруды көздеуге тиіс;

3) жоба құны 200 мың айлық есептік көрсеткіштен кем болмауға тиіс.

Инвестициялық преференцияларды ұсыну БТА-ға қатысушы мен Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің Инвестиция комитеті арасында жасалатын шарт негізінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Аталған жобалар бойынша БТА үшін инвестициялық қызметті мемлекеттік қолдау аясында көзделген инвестициялық преференциялар ұсынылатын болады, атап айтқанда:

1) жаңа объектілер салуды көздейтін БИЖ үшін:

- ЕҚТА-ны қоспағанда, мемлекеттік заттай гранттар (жер учаскелері);
- мыналарды қамтитын салықтар бойынша преференциялар:
- есептелген корпоративтік табыс салығының сомасын 100%-ға азайту;
- жер салығының мөлшерлемелеріне 0 коэффициентін қолдану;
- мүлік салығын салықтық базаға 0 % мөлшерлемесі бойынша есептеу;

2) қолданыстағы объектілерді жаңғыртуды көздейтін БИЖ үшін:

- есептелген корпоративтік табыс салығының сомасын 100%-ға төмендетуді қамтитын салықтар бойынша преференциялар;

Жеңілдікпен ұзақ мерзімді кредиттеу/қаржылық лизинг беру

Бағдарламаны іске асыру кезеңінде жеңілдікпен кредит беру Елбасының 2018 жылғы 5 қазандағы "Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен өмір сапасын жақсарту" Жолдауының аясында ұзақ мерзімді теңгелік өтімділікті беру арқылы басым жобаларға кредит беру міндеттерін шешу бойынша іске асырылып жатқан шаралар шеңберінде жүзеге асырылатын болады.

Осы шараның шеңберінде жеңілдікпен кредит беру тұру орындарын (қонақүйлер, туристік лагерьлер мен базалар, демалыс үйлері, отельдер, мотельдер мен кемпингтер), тау шаңғысы курорттарын және санаторий-курорттық мекемелерді салу үшін ұсынылатын болады.

Осы кредиттер бойынша іске асырылып жатқан кәсіпкерлікті қолдау шараларының шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен 7 жыл ішінде пайыздық мөлшерлемені субсидиялау жүзеге асырылатын болады.

Ойын-сауық және спорттық көрсетілетін қызметтер, демалыс және ойын-сауық парктерін, шаңғы, жағажайлар мен клубтық үлгідегі мәдениет мекемелерін ұйымдастыру, кәдесыйлар (қолөнершілер) өндірісі сияқты басқа да туристік жобалар Кәсіпкерлікті қолдау бағдарламасының шеңберінде қолдау табатын болады.

## **5.2. Туристік дестинациялар мен объектілердің көліктік қолжетімділігін қамтамасыз ету**

Көліктік қолжетімділікті арттыру Қазақстанның туристендіру картасына сәйкес туристік қызығушылықтың басты объектілеріне автомобиль жолдарын салу және реконструкциялау, жол маңындағы сервисті, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында өткізу пункттерінің инфрақұрылымын, автовокзалдарды және автобекеттерді, теміржол вокзалдарын және станцияларды, сондай-ақ әуежайларды дамыту, сондай-ақ авиаұшулардың, автомобиль және теміржол тасымалдарының қолжетімділігін арттыру арқылы қамтамасыз етілетін болады.

Ағымдағы жай-күйді бағалау, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағындағы санитариялық-гигиеналық учаскелерге (бұдан әрі – СГУ) қажеттілікті бағалау мақсатында "ҚазАвтоЖол" ҰК" АҚ жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, қалалардағы, жақын туристік көрікті жерлердегі СГУ-ге, автомобиль жолдарына және т.б. түгендеу жүргізетін болады.

Жергілікті атқарушы органдар бизнеспен бірлесе отырып, СГУ салу, жаңғырту және ұстау жобаларын іске асырудың мемлекеттік-жекешелік әріптестігінің тетіктерін пысықтайды.

СГУ салу және көрсетілетін қызметтерін ұсыну сапасының саласын дамытуға және жақсартуға бағытталған, оның ішінде тартымдылығын арттыру жөніндегі шаралар қабылдауға туристік дестинацияларды ынталандыру мақсатында іс-шаралар кешені (жыл сайын) өткізілетін болады.

Сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың туризмді дамыту жөніндегі қызметін бағалау критерийлеріне "Қоғамдық СГУ жай-күйі" көрсеткішін енгізу қажет.

### **5.2.1 Әуежай инфрақұрылымын дамыту және сервистің сапасын арттыру**

Әуежайлар инфрақұрылымын дамыту үшін әуежайлардың ұшу-кону жолақтарын (ҰҚЖ), терминалдарын және материалдық-техникалық инфрақұрылымды одан әрі реконструкциялау бойынша жұмыс жүргізілетін болады.

Сервистің сапасын арттыру үшін әуежайлар персоналының құзыреттілік және біліктілік деңгейі жетілдіріледі.

Әуежайлар инфрақұрылымын одан әрі дамыту:

1) әуежайлардағы мамандандырылған жабдықтардың техникалық жарақталуын жаңғырту және жаңарту;

2) жолаушылардың жайлы болу деңгейін арттыру (ішкі инфрақұрылымды дамыту, ұсынылатын қосымша көрсетілетін қызметтердің спектрін ұлғайту, рейстерді күту залдарында қосымша жолаушылар орындықтарын орналастыру, жүк арбаларымен, балалар бөлмелерімен қамтамасыз ету және т.с.с.);

3) жолаушылардың тексеріп-қараудан өту уақытын, сондай-ақ кедендік және шекара рәсімдері мен жолжүкті күту уақытын қысқарту;

4) тіркеу орындарында және тексеріп-қарау қызметтерінде жолаушыларға қызметтер көрсетуге тікелей тартылған әуежай қызметкерлерінің біліктілігін арттыру арқылы жүзеге асырылады.

Халықаралық авиатасымалдардың бәсекеге қабілетті нарығын дамыту үшін Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуына, оның ішінде көліктің қолжетімділігін, отандық тасымалдаушылардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға және туристер санының көбеюіне ауа бостандығының 5-дәрежесін қолданудың ықпалы туралы зерттеу жүргізіледі.

Бұл ретте Қазақстанды басқа дестинациялармен байланыстыратын авиамаршруттар желісін одан әрі дамыту үшін шетел мемлекеттерінің авиациялық билігімен жаңа авиарейстер ашу мәселелері бойынша келіссөздер тұрақты негізде жүргізілетін болады.

Ішкі авиатасымалдардың географиясын кеңейту және құнын төмендету үшін ел өңірлері арасында ішкі авиатасымалдары бағыттарының саны ұлғайтылады. Негізгі шаралар:

1) қажеттілікті қанағаттандыру мақсатында Қазақстан Республикасының аумағында Jet A-1 авиаотынын өндіруге және пайдалануға көшу мәселесін пысықтау;

2) "KIDS GO FREE" қағидаты бойынша балалардың тегін авиаұшуын субсидиялау тетігін одан әзірлеу және бекіту арқылы ТОП-10 объектілеріне авиамаршруттарды субсидиялау.

"KIDS GO FREE"-ді ТОП-10-ды дамыту шеңберінде іске асыру ұсынылады. Субсидиялау "1+2" схемасы бойынша (бір ата-анаға екі бала) растайтын құжатты (ТОП-10 туристік объектісінің тұратын жерінен жолдама немесе ваучер) ұсынған жағдайда болжамдалады.

"KIDS GO FREE" шарасының тиімділігін мына мысалдан көруге болады:

## «KIDS GO FREE» МЕХАНИЗМІН ЕНГІЗУ



### БАЛАЛАРДЫҢ АВИА ҰШУЫН СУБСИДИЯЛАУ:

Шетелде демалуға үлкен қаржы жұмсауға қарағанда, қазақстандықтарды Қазақстан ішінде саяхаттауға ынталандыру.

Ішкі авиа жолаушылар ағынын арттыру, бұл авиатасымалдарды дамытуға қызмет етеді

Бұл мысалда бір отбасыдан Қазақстан экономикасының дамуына **276 мың тт** қосылады.

Егер бұл механизмді 100 мың отбасы қолдана, мемлекет 7,6 млрд тт жұмсайды, ал Қазақстан экономикасында басқа салаларға мультипликативтік әсерді ескерсез 35,2 млрд тт қалады.

**1 теңге субсидиясы арқылы экономикаға 4,6 теңге түседі**

"KIDS GO FREE" практикасы кең халықаралық практикаға ие. Айталық, БАӘ әуекомпаниялары (FlyDubai, Air Arabia) және отандық "ЭйрАстана" компаниясы БАӘ-ге жазғы маусымда ұшу үшін қолданады. Сондай-ақ әлемнің көптеген дамыған елдерінде: Ұлыбритания (British Airways), Катар (Qatar Airways), Тайити (Air Tahiti Nui), Скандинавия елдерінде (Skandinavian Airlines) де пайдаланылады. Көпшілігінде акция 15 жасқа дейінгілерді қоса алғандағы балаларға қолданылады және бір ата-анаға екі тегін балалар билетін көздейді.

British Airways балаларға 1 маусымнан бастап 31 қазанға дейін жол жүру үшін тегін рейстер ұсынады, ата-аналар 15 жастағы екі балаға тегін алып жүре алады. Балаларға арналған тегін ұсыныс мынадай: Хитроу мен Белфаст, Эдинбург, Ивернесс, Лидс және Ньюкасл арасындағы рейстерге қолданылады.

Qatar Airways ата-ананың біреуіне өзімен бірге 0-ден 12 жас аралығындағы екі балаға дейін тегін алуды ұсына отырып, "Kids fly free" акциясын ұсынады.

Air Tahiti Nui қазіргі уақытта 15 жасқа дейінгі екі балаға дейін Лос-Анджелестен Таитиге дейінгі рейстерге тасымалдауға рұқсат береді. Жолаушылар мемлекеттік салықтарды ғана төлеуге тиіс.

Scandinavian Airlines 2-ден 14 жасқа дейінгі балаларға тегін базалық билеттер ұсынады.

Қазақстандық әуекомпаниялар өз шығыстары есебінен мұндай шараларды жүргізуге әзірше дайын емес. Сондықтан бұл шараны бастапқыда республикалық бюджет есебінен іске асыру ұсынылады.

"KIDS GO FREE" тетігінің тәртібі туристік қызмет саласындағы уәкілетті орган бекітетін Балалардың авиаұшуларын субсидиялау қағидаларымен регламенттелетін болады.

Сондай-ақ, авиаұшулардың құнын төмендету мақсатында "AirAstana" АҚ базасында төмен бюджетті әуе компаниясы (Lowcoaster) – "FlyArystan" АҚ құрылды.

### 5.2.2 Туристік дестинацияларға апаратын автожолдардың сапасын арттыру.

Туристік дестинацияларға апаратын автожолдардың сапасын арттыру үшін республикалық және жергілікті жолды, оның ішінде туристендіру картасының объектілеріне "соңғы миля" автожолдарын салуға және реконструкциялауға мониторинг жүргізілетін болады. Сондай-ақ республикалық және жергілікті жолдардың бойында жедел құтқару қызметімен байланысу бекеттерін орнату көзделеді.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында өткізу пункттерін дамыту үшін мемлекеттік саясатты жетілдіру және ведомстволық жұмысты жетілдіру жөніндегі шаралар көзделеді. Осы мақсаттарда мынадай іс-шаралар пысықталады:

1) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерін жаңғырту және реконструкциялау жөніндегі стратегия мен іс-шаралар жоспары;

2) объектілердің тізбесін, қажетті жұмыс көлемі мен іс-шараларды іске асыру мерзімдерін айқындай отырып, әрбір шекара маңындағы облыс үшін өткізу пункттерін жаңғырту жөніндегі жол карталары;

3) өткізу пункттерінің инфрақұрылымы мен жолаушылар терминалдарын, оның ішінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетіктерін қолдана отырып, салу және реконструкциялау жөніндегі жұмыс.

### 5.2.3. Автомобиль көлігі мен тасымалдар инфрақұрылымын дамыту

Автомобиль көлігі мен тасымалдар инфрақұрылымын дамыту үшін автовокзалдар мен автостанцияларды ұлттық стандарттардың талаптарына сәйкестендіру, сондай-ақ ТОП-10 орналасқан елді мекендерге жаңа халықаралық және облысаралық тұрақты маршруттар ашу бойынша жұмыс жалғастырылатын болады.

Автокөлік құралдарының паркін жаңарту мақсатында 2019-2025 жылдары автобустарды сатып алуға жеңілдікті лизингтік қаржыландыруды ұсыну бойынша жұмыс жалғастырылады, бұл да автобустарды отандық өндірушілерге нақты қолдау көрсететін болады.

Өз кезегінде, жергілікті атқарушы органдардың тарапынан тиісті субсидиялау қамтамасыз етілген кезде өзге қаржыландыруды тарту есебінен автопарктердің өздерінің қосымша жаңартылуы күтілуде.

Қалаларда туризмді дамыту мақсатында туристік автобустардың "Bus Line" арнайы бөлінген қозғалыс жолақтары бойымен жүруін көздеу қажет. Сондай-ақ туристік қызығушылық объектілерінде туристік көлік тұрақтарына арналған орындарды көздеу қажет.

Балалар-жасөспірімдер туризмін дамыту үшін автокөлік құралдарын жалға алуды субсидиялау не өңірлердегі туристік-ақпараттық орталықтарға автокөлік құралдарын орталықтандырылған сатып алу мәселесін қарастыру қажет.

Бұдан басқа, жазғы демалыстар кезінде мектеп автобустарын пайдалану қажет. Ол үшін жергілікті атқарушы органдар білім беру объектілері мен туристік-ақпараттық орталықтардың (бұдан әрі – ТАО) өзара іс-қимыл жасауының нақты тетігін (тәртібін) әзірлеуі қажет.

#### 5.2.4. Теміржол көлігі және тасымалдар инфрақұрылымын дамыту

Теміржол көлігін және тасымалдар инфрақұрылымын дамыту үшін мынадай шаралар іске асырылатын болады:

1) ТОП-10-ға теміржол вокзалдарын және станцияларын салу және реконструкциялау жұмыстарын жалғастыру;

2) жазғы кезеңде ішкі және халықаралық маршруттарға, оның ішінде оларды қосымша субсидиялау арқылы қосымша пойыздар бөлу;

3) 150 жолаушылар вагонын (купе) сатып алу, оның ішінде пайыздық мөлшерлемені субсидиялай және бюджет қаражаты есебінен қорландыра отырып, лизинг тетігін пайдалану арқылы жоғары маусымда жолаушылар вагондарын жылжымалы құраммен қамтамасыз ету.

### **5.3. Туристік өнімдердің және көрсетілетін қызметтердің сапасын және қолжетімділігін арттыру**

5.1.3. Туризмнің басым бағыттары бойынша туристік өнімдерді және көрсетілетін қызметтерді қалыптастыру

#### Агротуризм

Агротуризм (ауыл туризмі) саласында мынадай шаралар қабылданатын болады:

1) "агротуристік қызмет" және "ауыл туризмі" ұғымдарын енгізу;

2) агротуризмді көпшілікке тарату және насихаттау;

3) жергілікті атқарушы органдардың ауылдық жерлерде агротуристік объектілерді: мейманханаларды, "агротуристік ауылдар", "балықшылар және аңшылық ауылдары" нысанында мамандандырылған жеке отельдерді дамыту және т.с.с.

#### Аңшылық-олжалық туризм

Аңшылық туризмді дамыту бірінші кезекте олжалық аңшылықты дамыту арқылы қарастырылады.

Осыған байланысты бұл бағытта мынадай шаралар ұсынылады:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына аңшылық туризмді және аңшылық шаруашылықтардың қызметін реттеуді жетілдіруге бағытталған, оның ішінде мыналарды көздейтін өзгерістер мен толықтырулар енгізу:



- жануарлардың сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген жекеленген түрлерін табиғи ортадан алып қою рәсімін енгізу нормалары;
  - аңшылық алқаптардың мәртебесін айқындау;
  - шетелдік азаматтардың аңшылық атыс қаруын әкелуін, оны жалға алуға шейін, оңайлату мүмкіндігін қарасу, сондай-ақ лақтырылатын аңшылық қаруды (жебе) пайдалану;
  - құжаттардың ең аз пакеті негізінде аң аулаушыға олжаларды Қазақстан Республикасының шегінен шығару мүмкіндігі;
  - жануарлардың жойылып бара жатқан және сирек кездесетін түрлерін қолдан өсіруді көтермелеу үшін жағдайлар жасау;
  - шекара маңындағы аймақтардың инженерлік құрылыстары желілерінен тыс жерлерде әуесқой аңшылықты өткізу мүмкіндігі;
  - жануарлар биологиясына сәйкес олжалық аңшылықты өткізу мерзімдерін белгілеу;
  - браконьерлік үшін әкімшілік жауапкершілікті күшейту (шартты мерзімдерге тартудың орнына бас бостандығынан шынайы айыру) және басқалар;
- 2) аңшылық және балық аулау туризмін көпшілікке тарату үшін:
- шетелдік аудиторияны тарта отырып, "Facebook" немесе басқа да танымал интернет-ресурстар арқылы экстрим демалысқа (аңшылық, балық аулау) әуесқойлар үшін диалогтық алаң құру;
  - Қазақстан Республикасының биологиялық әртүрлілігі мен аңшылық шаруашылығы туралы деректі фильмдер сериясын жасау және оларды орталық отандық телеарналарда көрсету, сондай-ақ танымал шетелдік телеарналарда (National Geographic, BBC және т.б.) трансляциялау.

#### Экологиялық туризм

Экологиялық туризмді дамытуға басқарудың орнықты нысандарын енгізу қолдау мақсатында мынадай шаралар көзделеді:

1) қолданыстағы практикаларға және туризмді дамытудың заңнамаларына, оның ішінде ЕҚТА-да БҰҰДБ-ны (UNDP) тарта отырып, әмбебап стандарттарға сәйкес келу тұрғысынан жүйелі талдау жүргізу, оның нәтижесі Қазақстанда экологиялық туризмді дамытудың тиімділігі көрсеткіштерін қамтитын Жол картасын жасау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынымдар болып табылады;

2) орнықты және экологиялық туризмді дамыту мәселелері бойынша әкімдіктер мен ТОП-10-дағы бизнес үшін БҰҰДБ семинарларын және тренингтерін өткізу;

3) ТОП-10-дағы экологиялық туризмнің тиімділігі көрсеткіштерінің орындалуы бойынша UNDP-ның талдауы.

Орнықты дамудың нысандары мен стандарттары жүйелі негізде ТОП-10-да енгізілетін және табиғатқа ұқыпты қарау бойынша ақпараттық науқан шеңберінде бүкіл ел бойынша ілгерітелетін болады.

Бұдан басқа, жемқорлыққа алғышарттарды болдырмау мақсатында жеке тұлғалардың қолма-қол ақша арқылы төлем жасауын алып тастай отырып, салық заңнамасына автоматты қол жеткізу жүйелері арқылы ЕҚТА-ға автокөліктің кіру құқығы үшін қолма-қол ақшасыз алымды көздейтін өзгерістер енгізу мәселесі зерделенетін болады.

#### Кемпингтік туризм және автокеруен

Кемпингтік туризмді және автокеруенді дамыту үшін мынадай іс-шаралар іске асырылады:

1) дамыған елдердің халықаралық стандарттары негізінде санатына байланысты кемпингтерді жобалау және олардың қызмет ету стандарттарын (көрсетілетін қызметтердің тізбесін және сервис деңгейін) әзірлеу;

2) неғұрлым танымал автомаршруттар бойында, оның ішінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетіктерін пайдалана отырып, кемпингтер, трейлер парктері, глэмпингтер, этноауылдар желісін құруға жәрдемдесу;

3) Қазақстан өңірлерінде туристік көлікті (автоүйлер, туристік тұрғын тіркемелер) жалға беруді және сатуды ұйымдастыру кезінде қолдау көрсету, сондай-ақ кемпингтер әкімшілерін, туристік көліктерге (автоүйлер, туристік тұрғын тіркемелер) қызмет көрсететін мамандарды оқыту;

4) танымал автомаршруттарды (брендтік автотурларды) Қазақстанның туристік өнімдерін шетелде ілгерілету жөніндегі стратегиялық жоспарға қосу.

#### Балалар-жасөспірімдер туризмі (бұдан әрі – БЖТ)

БЖТ-ны ынталандыру мақсатында мынадай шараларды іске асыру көзделеді:

1) ҚР Үкіметі жанынан БЖТ-ны жүйелі дамыту және тиісті инфрақұрылым мәселелері жөніндегі комиссия құру. Комиссияның негізгі мақсаты инфрақұрылымдық, заңнамалық кедергілерді еңсеру, балалардың қауіпсіздігі шараларымен қамтамасыз ету, өскелең ұрпақты дамыту және тәрбиелеу мақсатында балаларды барынша тарта отырып, жазғы лагерьлер мен БЖТ-ның басқа субъектілері үшін тиісті кадрлар дайындау жөніндегі нақты шараларды әзірлеуге негізделетін болады;

2) республикалық, жергілікті бюджеттер, сондай-ақ жеке инвесторлар қаражаты есебінен қаржыландыруды қамтамасыз ете отырып, жоғарыда көрсетілген шараларды қамтитын БЖТ-ны дамытудың жол картасын әзірлеу.

#### Медициналық және санаторий-курорттық туризм

Медициналық туризмді табысты дамыту мақсатында мынадай шаралар іске асырылатын болады:

1) медициналық туристік өнімдерді қалыптастыру (клиникалардың менеджерлерін туристік өнімдерді қалыптастыру қағидаларына, туристік өнімдердің құрамдастарын түсінуге оқыту);

2) медициналық ұйымдардың және санаторийлердің тuroператорларымен ынтымақтастық жасаудың тәртібін айқындау және оны дамыту;

3) корпоративтік секторды және бизнес-құрылымдарды, оның ішінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетіктерін пайдалана отырып, сауықтыру туризмін дамытуға тарту;

4) медициналық ұйымдарда сервисті және менеджментті дамыту;

5) сервис стандарттарын енгізу, медициналық көрсетілетін қызметтер және процедуралар стандарттарында "сервистік қабықшаны" қалыптастыру, оқыту, тәжірибе алмасу, медициналық туризмнің шетелдік көшбасшы сарапшыларын тарту;

6) санаторий-курорттық емдеуді дамытуды, медициналық көрсетілетін қызметтер, маркетинг сапасының халықаралық стандарттарын енгізуді және ішкі және халықаралық нарықтарда медициналық туризмді ілгерілетуді жүйелеу мақсатында "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы кодекске", сондай-ақ "Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет" туралы заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу;

7) Қазақстанның бәсекеге қабілетті медициналық туристік өнімдерінің тізбесін айқындай отырып, маркетингтік талдау жасау;

8) бәсекелік артықшылықтардың негізінде маркетингтік стратегиясын әзірлеу ;

9) Қазақстанның медициналық көрсетілетін қызметтерін шетел нарығында ілгерілету.

#### MICE (іскерлік) туризм

Нұр-Сұлтан қаласында іскерлік туризмді табысты дамыту мақсатында биддинг процесін жүйелеу (Нұр-Сұлтан қаласында іс-шаралар өткізуге өтінім беру), халықаралық іс-шараларды өткізу регламентін әзірлеуді қамтитын іскерлік іс-шараларды қолдау жөніндегі шаралар көзделетін болады.

Бұдан басқа, MICE дестинация ретінде елорданың имиджін нығайтуға бағытталып өткізілетін іс-шаралардың саны ұлғайтылатын болады.

Сонымен қатар, Нұр-Сұлтан қаласында MICE (іскерлік) іс-шараларды өткізу жөніндегі негізгі үйлестіруші ретінде "Нұр-Сұлтан Конвеншн Бюро" ЖШС жайғастыру бойынша жұмыс жүргізіледі.

#### 5.1.4. Туризм индустриясында адам ресурстарын дамыту

Адам ресурстарын дамыту туристік саланың кадрларын даярлау жүйесін жетілдіру және туристік сала кадрларының құзіретін арттыру арқылы жүзеге асырылатын болады.

Туристік сала кадрларын даярлау жүйесін жетілдіру шеңберінде мынадай шаралар жүзеге асырылады:

1) "Туризм" мамандығы бойынша магистратура мен PhD арналған білім беруді гранттарын бөлу;

2) ЖОО-ларда туризм бағыты бойынша жаңа білім беру бағдарламаларын енгізу (отель менеджменті, дестинацияларды басқару, ұлттық парктерді басқару, оқиғалық менеджмент және басқалар);

3) халықаралық сарапшыларды тарта отырып, туризм бойынша білім беретін оқыту бағдарламаларын қалыптастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар әзірлеу;

4) туристік сала үшін кадрлар дайындау жөніндегі білім беру бағдарламаларында ағылшын тіліндегі пәндердің үлесін арттыру;

5) дестинациялық менеджмент пен маркетинг, Food and Beverage management және басқа пәндерді қосу мен ескірген пәндерді алып тастау арқылы білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңарту;

6) білім беру бағдарламалары мен оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеуге бизнес өкілдері мен мүдделі тараптарды тарту;

7) бизнес өкілдерін, оның ішінде отель менеджерлерін, туроператорларды, "Болашақ" бағдарламасының түлектерін пәндерді оқытуға және дипломдық жұмыстарға жетекшілікке тарту;

8) ЖОО-ның алмастыру бағдарламаларына, Erasmus, Mevlana және басқа да бірлескен жобаларға белсенді қатысуы;

9) шетелдік ЖОО-мен бірлесе отырып, қосдипломды білім беру бағдарламаларын енгізу;

Сондай-ақ туристік сала үшін кадрлық әлеуетті дамыту үшін Нұр-Сұлтан қаласында әлемдік университеттердің базасында Халықаралық туризм және меймандостық университеті құрылды. Бұл университет туризм мен Меймандостықтың халықаралық мектептері үлгісінде туристік кәсіптер мамандарын даярлау бойынша алғашқы Орта Азиялық бейінді оқу орнына айналады.

Туристік сала кадрларының құзыретін мыналар арқылы арттыру ұсынылады:

1) жаңа білім мен дағдыларға оқыту мақсатында гидтер, экскурсия жетекшілері, қонақүй бизнесінің жұмыскерлері және т.б. үшін семинарлар және мастер-кластар өткізу;

2) гидтер, аудармашы гидтер үшін міндетті сертификаттауды енгізу;

3) "Болашақ" бағдарламасы бойынша тағылымдамалар бағдарламасына туризм бойынша мамандарды қосу.

5.3.3. Туристік өнімдер мен көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру

Туристік өнімдер мен көрсетілетін қызметтердің сервис сапасы мен қолжетімділігін арттыру мақсатында:

1) туризм саласындағы стандарттарды, атап айтқанда, ҚР МС 28681.4-95 "Туристтік-экскурсиялық қызмет көрсету. Қонақүйлер жіктемесі" мемлекеттік стандартын, ҚР МС ISO 18513-2013 "Туристтік көрсетілетін қызметтер. Қонақүйлер және туристерді орналастырудың басқа орындары. Терминдер мен анықтамалар", көрсетілетін қызметтер нарығының ағымдағы талаптарына сәйкес өзектілендіру;

2) Алматы өңірінде (Алматы қ. және Алматы облысы) пилоттық режимде туристік көрсетілетін қызметтер сапасын ерікті бағалау жүйесін испандық Q жүйесі үлгісінде енгізу;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасына санаттарды алу бойынша орналастыру орындарына қойылатын талаптар бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу арқылы орналастыру орындарының міндетті санаттылық (жұлдыздық) жүйесін енгізу жөніндегі шаралар қабылданады.

Сондай-ақ, көрсетілетін қызметтер сапасын арттыру кәсіпорындардың мамандары мен топ-менеджерлерінің біліктілігін арттыруға байланысты болады. Бұл шара:

1) шағын және орта кәсіпкерліктің топ-менеджментін оқытуды;

2) басқарудың жаңа әдістерін, өндіріс технологияларын, жабдықтарды және персоналдарды оқыту мәселелері бойынша біліктілігі жоғары шетел мамандарын тартуды қамтиды.

5.3.4. Туроператорлар мен басқа туристік ұйымдардың көрсетілетін қызметінің цифрлық қолжетімділігін арттыру

Өңірге келушілерді барлық қажетті, оның ішінде туристік объектілердің орналасуы, қызмет сипаттамасы және орындарда ұсынылатын көрсетілетін қызметтердің тізбесі туралы ақпаратпен қамтамасыз ету үшін цифрлық платформа (онлайн қосымшалар) түріндегі ақпараттық инфрақұрылым құрылып, іске қосылатын болады.

Бұл платформа тілді таңдау, бару орындарында аудиогидті таңдау, қандай да бір ақпаратты алу үшін QR-кодты сканерлеу, билеттер сатып алу, виртуалдық тур мүмкіндіктерін пайдалану және т.с.с. сияқты мүмкіндіктерді ескере отырып, халықаралық стандарттарға сәйкес келетін болады.

Ол үшін сондай-ақ туристік қызығушылық объектілерін (отельдер, музейлер, МҰТП және т.с.с.) интернет ортаға тарту қажет, бұл аталған объектілердің қолжетімділігін қамтамасыз етеді. Бизнес үшін типтік туристік сайттар мен мобильді қосымшалар әзірленеді.

Бағдарламаны іске асыру шеңберінде қолданыстағы Ұлттық туристік порталдың жұмысы функционалын кеңейте отырып, оның жұмыс істеу тиімділігін арттыру арқылы түбегейлі қайта форматталады, оның ішінде онлайн-брондауды, талдамалық базаларды және т.с.с. енгізу.

Бұл бастама туристік саланы цифрландыру жөніндегі міндетті шешуде ілгері басуға мүмкіндік беретін "е-Туризм" бірыңғай ақпараттық-коммуникациялық порталын әзірлеу арқылы іске асырылады.

"Е-Туризм" порталы шетелдік және ішкі туристер арасында қазақстандық туристік өнімнің танымалдығы мен оған бейілділікті арттыруға бағытталған мобильді қосымшалар мен веб-порталдардың бірыңғай жүйесіне айналады. Жүйе сондай-ақ туристік бизнес иелері үшін жекелеген бизнес-процестерді автоматтандыруға, бағалау мен рейтингтер жүйесі арқылы нарықты мониторингтеуге бағытталатын болады.

Туристердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, туристік ағындар қозғалысын есепке алу, мониторингтеу және талдау міндеттерін шешу үшін шешімдер кешені ұсынылады:

1) шетелдік туристерге SIM-карталар мен MiFi (MobileWiFi) модемдерді беру, туристердің әрқашан онлайнда болуына және роумингте үнемдеуге, сондай-ақ геолокация және ұялы желілерді беру мұнараларынан түсетін деректер бойынша туристердің орналасуын, қосымша қауіпсіздікті қамтамасыз ете отырып мониторингтеуге мүмкіндік береді. Модемдер SOS сигналын жіберуге арналған арнайы батырмамен жабдықталуы мүмкін;

2) ТОП-10 WiFi желілерімен және Интернетке қолжетімділікпен, оның ішінде спутниктік жүйелердің жабдығы есебінен толығымен жабдықталады, ол ұялы байланыс сигналдарына қолжетімділікті және/немесе жоғары жылдамдықты байланыс арналарына (оптикалық желі) қолжетімділікті ұсынуға мүмкіндік береді;

3) саяхаттау кезінде жолаушылар пойыздарында Интернетке қолжетімділік қамтамасыз етіледі, өйткені теміржол жолдарының үлкен аумақтарында телефон байланысы жоқ.

Осылайша, клиенттер үшін туристік өнімдер мен көрсетілетін қызметтердің барынша қолжетімділігі қамтамасыз етіледі.

5.3.5. Түпкілікті тұтынушы үшін туристік өнімдер мен туристік көрсетілетін қызметтер құнының төмендеуін қамтамасыз ету

Көліктік құрамдастан басқа туристер шығынында тұруға жұмсалатын шығындардың үлесі едәуір болады. Бағдарлама шеңберінде объектілерді құру құнының төмендеуін қамтамасыз ететін ынталандырушы шаралардан басқа мынадай шаралар іске асырылады:

1) жұмыс берушілерге бір қызметкерге 100 айлық есептік көрсеткіш шегінде Қазақстан аумағында көрсетілген туристік қызметтер үшін көрсетуге жұмыскердің шығыстарын өтеу құқығы беріледі. Бұл ретте, бұл шығыстарға жеке табыс салығы салынбайтын болады;

2) 18 жасқа дейінгі балаларға, сондай-ақ ЕҚТА шекараларындағы туристік қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалардың, стационарлық емдеу мекемелерінің, балалар және жасөспірімдер демалыс ұйымдарының, спорттық-сауықтыру мекемелерінің жұмыскерлеріне ЕҚТА-ны пайдаланғаны үшін төлемді алып тастау мәселесі зерделенетін болады;

3) алыс шетелден туристік ағынды арттыру және туристік сатып алу мүмкіндігін жоғарылатуды ынталандыру мақсатында 2022 жылдан бастап шетелдік туристер үшін (ЕЭО азаматтары болып табылмайтын) "Taxfree" құралы енгізілетін болады.

#### **5.4. Қолайлы туристік климатты құру**

##### **5.4.1. Визалық және көші-қон режимін ырықтандыру**

Визалық саясатты одан әрі ырықтандыруға шетелдік келушілердің уақытша тұратын орындары ("e-hotel") туралы ақпаратты жинаудың, өңдеудің және талдаудың электрондық жүйесін енгізу және мынадай шаралар қабылдау есебінен қол жеткізілетін болады:

1) нысаналы нарық елдеріне қатысты (Таяу Шығыс және Оңтүстік-Шығыс Азия елдері, сондай-ақ Үндістан, Қытай, Иран):

- электрондық визалар – "e-visa" жүйесі бойынша елдер тізбесін кеңейту;
- шақыру туралы талапты алып тастау;
- зейнеткерлік жастағы (65 жастан асқан) және кәмелетке толмаған (16 жастан кіші) балаларға қатысты визасыз режим енгізу мүмкіндігін қарау;
- мынадай елдер үшін туристік мақсатта 15 күнге визасыз режим ұсыну мүмкіндігін қарау: Сауд Арабиясы, Бахрейн, Кувейт, Оман, Катар, Таиланд, Филиппин, Индонезия, Вьетнам;

2) Үндістанға, Қытайға, Индонезияға қатысты:

- 120 сағатқа транзиттік визасыз режимді енгізу мәселесін зерделеу.

Көші-қон саясаты саласында "e-hotel" және мобильді қосымшаларды енгізу Қазақстан Республикасында болу кезеңінде шетелдіктердің тиісті көші-қон бақылауын жасауға, сондай-ақ шетелдіктерді шақыруларды, көші-қон карточкасын талап етуден бас тартуға және шетелдіктерді міндетті тіркеуден босатуға мүмкіндік береді.

Туристердің көші-қон заңнамасын бұзғаны үшін жазалау жүйесін ізгілендіру жұмысын мынадай тәртіпті енгізу арқылы жалғастыру: бірінші бұзушылық 5 күннен артық емес – ескерту, қайталанған бұзушылық – рейстен қалдырусыз айыппұл, үшінші бұзушылық – толық көлемдегі санкциялар.

Визалық-көші-қон саясатын ырықтандыру жағдайларында тәуекелдерді басқару

Виза-көші-қон саясатын ырықтандыру жағдайларында тәуекелдерді басқару үшін мынадай шараларды қабылдау көзделеді:

1) ҰҚК-не, ПМ-не барлық Қонақүйлер мен басқа орналастыру орындарына келушілерді тіркеудің ақпараттық жүйелеріне қолжетімділік ұсыну;

2) ҰҚК-не, ПМ-не авиажолдар мәселелері мен автобус тасымалдары жолаушылары туралы ақпарат ұсыну.

Тәуекелдерді басқару мәселелері визалық-көші-қон саясатын ырықтандыру шеңберінде шешілетін болады.

#### 5.4.2. Меймандостық мәдениетін дамыту

Меймандостық мәдениетін дамыту шеңберінде жүйелі, ең алдымен, халық арасында түсіндіру сипатындағы шаралар қатарын іске асыру көзделеді:

1) халықтың туризмнің ел экономикасындағы рөлі, туристердің жұмыс орындарын құрудағы экономикалық пайдасы, шетелдік қонақтарға сыпайылық пен төзімділік танытудың маңыздылығы, қазақстандықтардың қоғамдық орындарда жүріп-тұру мәдениеті туралы хабардар етілуін арттыруға бағытталған іс-шаралар мен әлеуметтік жарнама акцияларын тұрақты түрде өткізу;

2) елдің көшелерін, ескерткіштері мен мәдени объектілерін қорлауға, дәретханаларда және т.с.с. тазалық пен гигиенаны сақтамауға бағытталған ұсақ бұзақылыққа мүлдем төзбеушілікті енгізу;

3) шетелдік турист үшін кедергісіз, оның ішінде тілден басталатын кедергісіз орта жасау. Ол үшін туристермен тікелей байланысатын ел халқын: елге кіру кезінде шекарашыларды, такси жүргізушілерін немесе қонақүйлердегі әкімшілерді, мейрамханалардағы даяшыларды, дүкендердегі сатушыларды және т.с.с. жаппай ағылшын тіліне оқыту көзделеді.

Этнографиялық туризмді (қолөнершілікті) дамыту

Этнографиялық туризмді дамыту:

1) атты жорық элементтерін пайдалана отырып, "Туған жерім – Қазақстан" республикалық экспедициялары мен жас туристердің жорықтарын, оның ішінде Шыңғысханның ізімен ұйымдастыру;

2) елдің бірегей туристік өнімі ретінде аталған туризм түрін ілгерілету мақсатында халықаралық этнографиялық фотокөрмелер мен гастрономиялық турлар өткізу;

3) Қазақстанның гастрономиялық картасын жасау;

4) бүркіт аңшылығы, ұлттық ойындар (көкпар, бәйге) және салт-дәстүрлер элементтерімен ұлттық және халықаралық ауқымдағы көрмелер өткізу арқылы жүзеге асырылатын болады.

Турист үшін мәдени ортаға бойлаудағы маңызды фактор қолөнершілікті дамыту болып табылады. Қолөнер саласының жүйелі проблемаларын еңсеру үшін мынадай шаралар ұсынылады:



1) заңнамалық деңгейде қолөнершілік мәртебесі, сондай-ақ туристік қызмет саласындағы уәкілетті органның және жергілікті атқарушы органдардың құзыреттері бекітіледі;

2) қолөнер түрлері мен өндіріс көлемі бойынша Қазақстан қолөнершілерінің тізілімі қалыптастырылады;

3) БТА-да қолөнер шеберханалары желісін құра отырып, қолөнершілік орталықтар ашу жоспарлануда;

4) күмістен жасалатын бұйымдар құнын төмендету және оларды мемлекеттік апробациялау рәсімін жеңілдету;

5) мынадай бірқатар міндеттерді шешу кезінде мемлекеттік органның міндеттемелерін қолөнершілердің қоғамдық бірлестіктеріне берудің халықаралық моделін пайдалану:

- Сарапшылық-консультациялық кеңес құру;
- қолөнершілік бойынша статистикалық және талдамалық жұмыстар жүргізу;
- авторлық құқыққа куәлік беру;
- фестивальдар, көрмелер және басқа да іс-шаралар өткізу;

6) қолөнер бойынша білім беру бағдарламаларын, қолөнершілерді бейіндеу және қайта бейіндеу бағдарламаларын әзірлеу және енгізу;

7) ұлттық қолөнер өнімінің стандарттарын әзірлеу (кәдесый өнімдері).

5.4.3. Туристердің туристік объектілерде болу қауіпсіздігін қамтамасыз ету

Қазақстан саяхат үшін қолайлы және қауіпсіз бағыттағы имиджді ұстап тұруға тиіс. Осыған байланысты әлемдік тәжірибеге (Испания, Түркия) және көрші елдердің (Ресей Федерациясы, Өзбекстан) тәжірибесіне сүйене отырып, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент, Түркістан қалаларында, Алакөл және ЩБКА аумағында туристік полиция құрылды.

Туристік полиция қызметкері турист үшін өзіндік медиатор болады.

Туристік полиция қызметкерлері бірнеше тілді және жоғары коммуникативтік дағдыларды меңгеруге, туристік аймақтар аумағында және сәулет ескерткіштерінің объектілерінде (туристер мен туристік топтар әрдайым болатын) жұмыс істеуге тиіс.

Басқа елдердің халықаралық тәжірибесі көрсеткендей, туристік полиция қызметкерлері халық арасында қылмыстардың профилактикасын, шетел азаматтарының қауіпсіздігін және құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді, Қазақстанға келетін туристер үшін сенім аймағын құрады және нәтижесінде демалыс үшін қауіпсіз орын ретінде елдің имиджін қалыптастырады.

Балалардың каникул уақытындағы қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің тиісті бұйрығының негізінде

елді мекендерден тыс/басқа елді мекендерде орналасқан демалыс және бос уақытты өткізу орталықтарына дейін патрульдік полицияның арнайы патрульдік көлігімен міндетті алып жүруді жүзеге асырылады.

## **5.5. Елдің туристік әлеуетін ішкі және халықаралық нарықтарда ілгерілетудің тиімді жүйесін қалыптастыру**

### 5.5.1. Елдік туристік брендті қалыптастыру және ілгерілету

Қазақстанның елдік туристік брендін қалыптастыру және оның оң имиджін жасау – бұл елдің туристік әлеуетінің тартымдылығын арттырудың күшті құралы. Бренді бар ел туристерді тартып қана қоймайды, оның ұлттық бизнесі мен тауарлары бәсекелес күресте күшті қолдауға ие болады. Осыған байланысты, Қазақстанның халықаралық нарықта жағымды туристік имиджін қалыптастыру оның бәсекеге қабілеттілігін арттырудың маңызды элементі болып табылады.

#### 5.5.1.1. Қазақстанның шетелдегі оң бейнесін қалыптастыру

Саймон Анхольт жасаған бәсекелік сәйкестілік тұжырымдамасына сәйкес ел бренді немесе дестинациялар алты элементтен тұрады: туризм, экспорттық брендтер, сыртқы және ішкі саясат, бизнес пен инвестициялар, мәдениет, адамдар.

Элементтердің әрқайсысы басқасын ілгерілетуге жәрдемдеседі және керісінше, біреуінің әлсіз ілгерілеуі басқаның дамуын тежейді.

Осыған байланысты, Қазақстанның туристік әлеуетін ашу және ілгерілету:

- 1) сыртқы саясатты іске асыру;
- 2) инвестициялық саясатты іске асыру;
- 3) экспорттық брендтер;
- 4) кинематограф және әдебиет;
- 5) мәдениет және спорт арқылы да көзделеді.

Бұл ретте осы ілгерілету арналары арқылы елдің тарихи бірегейлігі, оның табиғи байлықтары, көп ұлттылығы, Қазақстан халқының өзіндік ерекшелігі мен ынтымақшылдығы, әлемдік ауқымдағы, оның ішінде саясаттағы, спорттағы, ғылымдағы және т.с.с. заманауи жетістіктері трансляцияланады.

Халықаралық тәжірибеге ұқсас дестинацияны мәдениет, тарихи мұра және табиғат элементтерімен ұқсастыру бойынша жұмыс жүргізіледі: Жапония – сакура, Фудзияма – шай салтанаты; Қытай – Ұлы Қытай қорғаны, панда, Қытай тағамы; Аустралия – кенгуру, маржан кедертастары, Египет – пирамидалар және т.б.

Қазақстанның әлемнің саяси аренасындағы, сол сияқты халықаралық туризм нарығындағы өзіндік бірегей бейнесі жасалады.

Осыған байланысты, ықтимал туристердің Қазақстанға қызығушылығы:

1) Қазақстан және оның суб-брендтері туралы ғылыми-танымдық мақалалар: "Алмалар отаны", "Қызғалдақтар отаны", "Жылқылар қолға үйретілген жер", "Алтай – "Өркениеттер бесігі" және "Қазақстан – Жібек жолындағы ел";

2) Қазақстанның жетістіктерін БАҚ-та жариялау (имидждік мақалалар, оқиғаларды баяндау және т.с.с.);

3) Қазақстандағы тарихи оқиғалармен және орындармен байланысты, оның ішінде елдің туристік әлеуетін (мәдениет, пейзаждар) дамытуға назар аударылатын фильмдер шығару. Ол үшін елдің туристік әлеуетін ілгерілетуге бағытталған фильмдер шығару субсидияланады;

4) танымал отандық әдеби және көркем туындыларды халықаралық тілдерге аудару және оларды, оның ішінде "Рухани жаңғыру" бағдарламасы шеңберінде ілгерілетуді қамтамасыз ету;

5) шетелдік көрермендердің Қазақстанға саяхаттау қызығушылығын арттыру мақсатында және Голливуд, Болливуд өкілдерін шақыру және елді фильмдер түсіруге арналған орын ретінде ілгерілету (фильмдерде Қазақстанның пейзаждарын көпшілікке тарату);

6) шетелдік телеарналарда Қазақстандағы туризм және саяхат туралы бағдарламалар циклын шығару;

7) тарихи орындарды (Отырар, Сауран, Сарайшық, Ақыртас, Тамғалы және т.с.с.) көпшілікке тарату, археологиялық ашылулар мен олжа заттарды сапалы ақпараттық сүйемелдеу (оның ішінде шетелдік БАҚ-та және интернет-ресурстарда);

8) этникалық құрауыштары бар оқиғалы іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу (фестивальдер, спорттық сайыстар, жорықтар және т.с.с.);

9) шетелде қазақстандық тағамды ілгерілету;

10) шетелде ұлттық спорт түрлерін ілгерілету;

11) ұлттық қолөнершілік өнерін ілгерілету;

12) мақсатты елдердің студенттері үшін елдің жоғарғы оқу орындарында білім беру гранттарын ұсынуға квоталарды ұлғайту арқылы арттырылады.

Танымал тұлғалар мен олардың пікірлері шешім қабылдауда үлкен рөл атқарады. Этникалық туризмді ілгерілету элементтерінің бірі 23 елдегі саны 4 млн. адамнан асатын шетелдегі қазақ диаспорасы болуы мүмкін. ҚР СІМ алқасы шеңберінде туризм саласындағы туристік өнімдерді, жобаларды шетелде одан әрі ілгерілету мақсатында таныстыру үшін жыл сайынғы негізде шетелдерде Қазақстан Республикасының елшілерімен туризм индустриясы өкілдерінің кеңейтілген кездесулері өткізілетін болады.

Қазақстандағы кіру туризмін дамыту мақсатында мақсатты елдерде Қазақстанның елшіліктері мен өкілдіктерінің қызметін бағалау критерийлерінің

бірі осы елдерден Қазақстанға келетін туристік ағынның ұлғаю көрсеткіші болады.

Осылайша, туристік брендті ілгерілетуде тиімді ілгерілетудің арналарын қалыптастыру және дамыту үшін мыналар жүзеге асырылады:

1) көпшілікке танымал тұлғаларды, салалық ықпал ету агенттерін және пікір көшбасшыларын (селебрити, блогерлер, белгілі спортшылар, актерлер, әншілер және т.б.) тарту;

2) Қазақстандағы мақсатты нарық елдерінің елшіліктерімен және өкілдіктерімен қазақстандық туризмді көпшілікке тарату мәселелері бойынша жұмысты жандандыру;

3) қазақстандық туризмді ілгерілету үшін шетелдегі қазақ диаспорасы мен қазақстандық студенттер ресурстарын пайдалану;

4) мақсатты нарық елдерінде хабар тарату арналарын ашу;

5) кәсіби аудитория, әлеуетті шетел инвесторлары және серіктестері арасында (Дүниежүзілік туристік ұйым (UNWTO), Туристік агенттіктер қауымдастығының біріккен федерациясы (UFTAA), Халықаралық Қонақүйлер мен мейрамханалар қауымдастығы (IH&RA), Туризм және саяхат жөніндегі дүниежүзілік кеңес (WTTC), Туристік агенттіктердің дүниежүзілік қауымдастығы (WATA), Азия және Тынық мұхиты елдерінің туристік қауымдастығы (PATA), Дүниежүзілік туристік форум (WTF) және т.с.с.) туристік брендті ілгерілету мақсатында ірі салалық қауымдастықтардағы ынтымақтастық пен мүшелікті жандандыру;

6) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасында өткізу пункттерінде шетелдіктердің қолданыстағы ағынын пайдалану (ақпараттық флаерлер, буклеттер, брошюралар, лотореялар, кәдесыйлар және т.с.с.).

5.5.1.2. Ұлттық туристік брендті бейнелі жайғастыруды және ілгерілетуді қамтамасыз ету

Бүгінгі күні әлемдегі 195 елдің 146 елі елдің ерекшелігін, ұлттық дәстүрлерді, тарихи бірегейлікті, идеологиялар мен тағы басқаларын сипаттайтын өзіндік туристік брендке ие, ол тұтас бейне жасауды, оның негізінде бүкіл әлемдік қоғамдастық арасында нақты ел сәйкестендіріледі.

Халықаралық нарықта елдің жиынтық бейматериалдық бағасын арттыру үшін Қазақстанның елдік туристік брендті және оны ілгерілетудің кешенді әрі орталықтандырылған жүйесі жасалады.

Қазақстанның туристік брендті Қазақстан халқының ынтымақшылдығы мен қонақжайлылығында, ұлттық ерекшеліктері мен өзіндік мәдениетінде қалыптастырылады.

Бірыңғай елдік бренд-менеджер ретінде ел ішінде және шетелде елдің туристік брендін ілгерілетуге бағытталған жарнама науқандары мен акцияларды жүргізетін "KazakhTourism" ҰК" АҚ болады.

Бұл ретте, елдік туристік брендті ілгерілетуде бірқатар мүдделі мемлекеттік органдар мен ұйымдар қатысады:

1) шетелде ілгерілету – Мәдениет және спорт, Сыртқы істер министрліктері, Қазақстан халқы ассамблеясы, "Air Astana" АҚ; "Kazakh Invest" ҰК" АҚ, "KazakhExport" ҰК" АҚ, АХҚО, "Нұр-Сұлтан ЭКСПО-2017" ҰК" АҚ, Қазақстанның сыртқы сауда палатасы, қалалар мен облыстардың әкімдіктері;

2) ел ішінде ілгерілету бойынша – Ақпарат және қоғамдық даму, Білім және ғылым министрліктері, Қазақстан Республикасының "Атамекен" ұлттық кәсіпкерлер палатасы, "ҚТЖ" ҰК" АҚ, "Qazaq Air" АҚ, "ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ, "ҚазАвтоЖол" ҰК" АҚ, қалалар мен облыстардың әкімдіктері.

Осылайша, шетелде елдік туристік брендті кешенді ілгерілету үшін мыналар жүзеге асырылады:

– мақсатты шетел нарықтарында жергілікті туристік сарапшылар қатарынан бір шетел маманын тарту;

– сыртқы саяси қызмет саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша шетелдегі мекемелерде негізгі туристік өнімдерді көрсетумен, баспа, фото және бейне материалдармен турист бұрышын жасау;

– мақсатты нарықтарда уәкілетті органдармен келісім бойынша Қазақстан Республикасының шетелдегі мекемелерінің елдің туристік брендін ілгерілетуі бойынша шараларды өткізуі;

– қазақ мәдениетін ілгерілету және көпшілікке тарату үшін шетелдегі қазақ диаспораларын және бұрынғы отандастарды тарту;

– инвестициялық әлеуетті, экспорттық брендтерді, АХҚО көрсетілетін қызметтерін, шетел нарығына бағдарланған ұлттық авиатасымалдаушының көрсетілетін қызметтерін ілгерілету шеңберінде елдік туристік брендті ілгерілету ;

– Қазақстанның көркем туристік орындарында Дүниежүзілік Қазақтар Құрылтайын өткізу;

– шетелде мақсатты нарықтарға және басқаларға мән бере отырып, қазақстандық телеарналар таратылатын елдерді арттыру.

Ішкі нарықта брендті ілгерілету бөлігінде:

1) қазақстандық телевизияда, баспа БАҚ-Та және интернетте туризм бойынша контентті арттыру;

2) телевизияда, баспа және интернет БАҚ-да, сыртқы тасығыштарда және басқаларында ішкі туризм бойынша әлеуметтік жарнама;

3) жалпы білім беретін мектептердегі оқыту бағдарламаларына өлкетану және елдің туристік ұсынымдарын тану бойынша сабақтарды қосу;

4) білім беру ұйымдарының жанында негізгі туристік көрікті жерлерді көрсете отырып бұрыштар (қабырғалар) жасау;

- 5) туризм бойынша семинарлар, ашық сабақтар өткізу;
- 6) балалардың жазғы лагерьлерге баруын ұйымдастыру;
- 7) "Болашақ" бағдарламасы бойынша оқып жатқан студенттер арқылы елдің туристік брендті ілгерілету;
- 8) студенттермен алмасу бойынша (ел ішінде) бағдарламаны іске қосу;
- 9) барлық әуежайларда, теміржол вокзалдарында және құрамдарында, жол бойындағы сервис объектілерінде, ұшақ борттарында туристер үшін бірдей ақпаратты орналастыра отырып, елдік туристік брендті ілгерілету;
- 10) борт журналында және үлестірме материалдарда жарнама материалдарын орналастыру;
- 11) туризмнің әлеуметтік маңыздылығын ілгерілету;
- 12) бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі шеңберінде туризмді ілгерілету;
- 13) туризмнің салалық қауымдастықтарымен ынтымақтастық жасау шеңберінде елдік туристік брендті ілгерілету;
- 14) бизнеске және басқаларға арналған тұрақты дайджесттерді, буклеттерді және басқаларын шығару.

Бағдарламаны іске асыру кезеңінде шетелде ілгерілету үшін бірыңғай елдік туристік бренд пайдаланылуға тиіс. Өз кезегінде, өңірлік брендтерді ішкі туристер арасында өңірлерді ілгерілету үшін пайдалануға болады.

Нұр-Сұлтан-Ақмола облысын, Алматы-Алматы облысын, Шымкент-Түркістан облысын шетелде Қазақстанның негізгі туристік дестинациялары ретінде де ілгерілетуге болады.

Бұл ретте, шетелде қалалар мен өңірлерді ілгерілетудің стратегиясы мен жоспарлары уәкілетті органмен келісуге тиіс.

5.5.2. Туристік өнімдер мен көрсетілетін қызметтерді насихаттау бойынша маркетингтік коммуникациялардың тиімділігін арттыру

Ел ішінде, сол сияқты халықаралық нарықта да қазақстандық туризмді көпшілікке таратуда мемлекет қаражаты мен ресурстарын салу тиімділігін қамтамасыз ету және арттыру туристік өнімдер мен көрсетілетін қызметтерді ілгерілету бойынша маркетингтік коммуникациялардың қалыптасқан тиімді жүйесі есебінен болады.

Маркетингтік күш-жігер жалпы мыналардың шеңберінде мақсатты нарықтарда туристік өнімдерді ілгерілетуге шоғырландырылады:

- 1) алты мәдени-туристік кластер (Қазақстан Республикасының Мәдени саясаты тұжырымдамасы мен Қазақстан Республикасының туристік саласын дамыту тұжырымдамасының басымдықтары);

- 2) ТОП-10 тарту нүктелері (Қазақстанның туристендіру картасы).

Елдік туристік брендті, ұлттық туристік өнімдерді ірі дестинациялар және тауашалы бағыттар (медициналық, аңшылық, орнитологиялық, гастрономиялық

туризмдер және т.с.с.) бойынша ілгерілету республикалық бюджет есебінен орталықтандырылып жүзеге асырылады.

Туристік өнімдер мен көрсетілетін қызметтердің маркетингіне және оларды ілгерілетуге жұмсалатын шығындар бөлігінде мемлекеттік бюджетке түсетін қаржы жүктемесін төмендету үшін 2021 жылдан бастап Египет, БАӘ, Австрия, Германия, Италия, Мальдив, Чехия, Вьетнам және т.б. бірқатар елдердің бағыттары бойынша жүзеге асырылатын шетелдік туристердің "bed tax" қағидаттары бойынша жүзеге асырылатын туристік жарнасын енгізу жоспарлануда: шетелдік туристердің жарналары орналастыру жөніндегі көрсетілетін қызметтерді ұсынатын субъектілер арқылы жиналып, мемлекеттік бюджетке аударылатын болады.

Туристік алым мөлшерін шетелдік туристердің әрбір тұрған күні үшін АЕК-тің 30%-ы (800 теңгеге жуық) мөлшерінде айқындау ұсынылады. Бұл ретте 16 жасқа дейінгі балалар ата-аналарымен бір бөлмеде тұрған жағдайда, осы алымды төлеуден босатылады.

Шетелдік туристердің туристік жарнасын 2021 жылдан бастап кезең-кезеңімен, алдымен Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында пилоттық режимде пысықтай отырып, енгізу жоспарлануда. Хостелдер мен мейманханалар аталған алымды төлеуден босатылады.

Шетелдік туристердің туристік жарналары жүйесін әкімшілендіру шетелдік азаматтардың көші-қонын тіркеуді және статистикалық деректер мен есептерді автоматты түрде қалыптастыруды интеграциялайтын мамандандырылған IT-бағдарламаны қолдана отырып жүзеге асырылатын болады.

Маркетингтік коммуникацияларды басқару мыналар арқылы жүзеге асырылады:

1) Қазақстанның туристік дестинацияларын/өнімдерін/объектілерін туристік нарықта жайғастыру және қазақстандық туристік суб-брендтердің бірегей бәсекелес артықшылықтарын, құндылықтарын мен идеяларын тиянақтау;

2) мақсатты аудиторияларды айқындау;

3) мақсатты нарық туристерінің қызығушылықтары мен қажеттіліктеріне қарай тауашаларды іздеу және туризм түрлерін дамыту;

4) әлемдік нарықта ілгерілету үшін неғұрлым бәсекеге қабілетті қазақстандық туристік өнімдерді айқындау;

5) бәсекелі нарықтарды тұрақты мониторингтеуді және елдің маркетингтік стратегиясын өзектілендіруді (қажет болса) жүзеге асыру;

6) мақсатты нарықтардың медиатұтынуын ескере отырып, туристік өнімдерді ілгерілету бойынша арналарды кеңейту, оның ішінде дәстүрлі және цифрлық түрде ілгерілету, шетелдік журналистермен және блогерлермен тығыз ынтымақтастық, бейнероликтерді жасау және ілгерілету;

7) интернет желісінде Қазақстанның туристік брендінің/өнімінің болуын арттыру.

5.5.2.1. Негізгі туристік дестинациялар мен объектілер туралы бәсекеге қабілетті ақпараттық контентті қалыптастыру

Елдің туристік әлеуетін ашатын, бәсекеге қабілетті ақпараттық контентті қалыптастыру мақсатында мынадай шаралар қабылданады:

1) жарнамалық мақсаттарда және интернет-ресурстарда пайдалану үшін өзекті және "сатылатын" визуалды контент (фото, бейне) базасын қалыптастыру;

2) туристік ресурстар мен өнімдер туралы бірегей, өзекті, құнды және тұрақты жаңартылатын ақпаратты баспа және электрондық тасығыштарда қалыптастыру;

3) ел халқының арасында туризм саласындағы жыл сайынғы ұлттық фото және бейнеконкурстар ұйымдастыру және өткізу;

4) ақпараттық контентті қалыптастыру кезінде "сторителлинг" элементтерін, оның ішінде бастауыш және орта білім берудің оқу материалдары мен бағдарламаларында (география, Қазақстан тарихы) пайдалану;

5) ақпараттық контентті мақсатты нарықтар елдерінің тіліне аударуды қамтамасыз ету;

6) ықтимал туристер мен серіктестер арасында тарату үшін түпнұсқалық брендтелген кәдесый өнімін жасау.

Бірыңғай елдік бренд-менеджері рөліндегі "Kazakh Tourism" ҰК" АҚ жыл сайын елдің негізгі туристік өнімдері, мақсатты топтар, сол сияқты маркетингтік коммуникациялардың барлық тәсілдері көзделетін Қазақстанды халықаралық туристік нарықта ілгерілету бойынша медиа-жоспарды қалыптастырады:

1) PR (имидждік мақалалар, оқиғаларды баяндау);

2) сыртқы жарнама;

3) БАҚ мен телевизиядағы жарнама;

4) цифрлық маркетинг;

5) көрмелер, роуд-шоу және өзге іс-шаралар;

6) көпшілікке танымал тұлғаларды, салалық ықпал ету агенттерін және пікір көшбасшыларын (селебрити, блогерлер, белгілі спортшылар, актерлер, әншілер және т.б.);

7) өңірде өзіндік бірегей оқиғаны жасау немесе халықаралық ауқымдағы оқиғаны тарту (ірі спорттық іс-шаралар, көрмелер, фестивальдер және т.с.с.).

Отельдердің жүктемесін (әсіресе, маусымнан тыс) арттыру мақсатында маңызды шара дестинациялардың оқиғалық күнтізбесін әзірлеу болып табылады. Осыған байланысты Қазақстанның туристендіру картасының басым өңірлері жылына айрықша 2-3 іс-шараны өткізуді қамтамасыз етулері қажет.



#### 5.5.2.2. Сыртқы маркетингтік коммуникацияларды қалыптастыру және дамыту

Қазақстандық туристік өнімдерді табысты ілгерілету үшін ресурстар отандық дестинацияларға туристік ағындар көлемін айтарлықтай арттыруды қамтамасыз ете алатын, перспективалық географиялық нарықтарда неғұрлым тартымды ұлттық туристік өнімдерді жылжытуға шоғырландырылатын болады.

Аумақтық жақындыққа, тікелей ұшып өтулердің, визасыз режимнің, сондай-ақ қазақстандық туристік өнімдерге ұқсас туристік өнімдерге қызығушылықтың болуына негізделе отырып, Қазақстанды ілгерілету үшін басым ел топтары мыналар болып табылады:

1) 1-топ – Ресей мен Қытай (елдерге аумақтық жақындық; 6 сағатқа жуық ұшу радиусындағы тікелей рейстер, Қазақстанда 72 сағаттық визасыз болу);

2) 2-топ – Германия, Нидерланды, Польша, Үндістан, Парсы шығанағы елдері, Оңтүстік Корея (жылына 20 млн. астам шығатын туристер), Украина, Беларусь (жиынтығында халық –1,5 млрд. астам адам; тікелей рейстер);

3) 3-топ – Жапония (перспективалық нарық – жылына 12 млн. жуыққа шығатын туристер басқа шетелдік туристерге қарағанда орташа 2-3 есе көп жұмсайды), Түркия, Оңтүстік-Шығыс Азия елдері, АҚШ.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасын 2025 жылға дейін дамытудың Стратегиялық жоспарына сәйкес бірінші басымдықты елдер үшін жеке ақпараттық-жарнамалық стратегиялар әзірленеді.

Мақсатты аудиториялардың медиа тұтыну қызығушылықтары мен ерекшеліктеріне байланысты ықтимал туристермен тікелей коммуникацияға (Pull-стратегия), кемінде мақсатты нарықтардың туроператорларымен және турагенттерімен өзара іс-қимылға (Push-стратегия) бағытталған әртүрлі ілгерілету стратегиялары мен құралдары қолданылады.

Мақсатты аудиториясы түпкілікті тұтынушылар болатын Pull-стратегия кезінде дестинацияларды ілгерілету бойынша жарнамалық және өзге хабарламаларды қамту бүкіл әлемде кемінде 310 млн. адамды құрауға тиіс. Қазақстанда қамту елдің барлық ересек халқын (71%), яғни 12,8 млн. адамды құрауға тиіс.

Бірінші кезең үшін (2019-2021 жж.) аудиторияны жоспарланып отырған әлемдік қамту мақсатты нарықтарға сәйкес былайша, кейіннен перспективалық нарықтарды қамтуды ұлғайта отырып бөлінген:

1) аудиторияның 60%-ын бірінші мақсатты топтағы елдерде (Ресей мен Қытай) қамту жоспарлануда;

2) 25%-ы – екінші мақсатты топ елдерінде;

3) 15%-ы – перспективалық нарықтарда.

Қазақстанды туристік бағыт ретінде ілгерілету "KazakhInvest" ҰК" АҚ, "Қазақстан темір жолы" АҚ, "AirAstana" АҚ және т.с.с. ірі отандық компаниялар арқылы да жүзеге асырылады. Бұл – жарнамалық баспа материалдарын немесе өзге брендтелген өнімді (кәдесыйлар, ел логосы және ұраны бар ашықхаттар) тарату, бірлескен жарнамалық акциялар және т.б. ұйымдастыру және өткізу.

2020 жылға қарай Қазақстан ауқымды жарнамалық науқанды халықаралық деңгейде өткізу шеңберінде мақсатты шет елдердің ірі қалаларында сыртқы жарнаманың болуымен қамтамасыз етіледі. Сыртқы жарнама адамдар көп жиналатын орындарда, мысалы, әуежайлар мен теміржол вокзалдары, сауда және бизнес орталықтары, орталық алаңдар, метро және т.б., сондай-ақ халықаралық әуежайларда (Франкфурт, Шереметьево, Дубай, Схипхол, Шоуду, Хитроу, Шарль-де-Голль, Мехрабад) және "Lufthansa", "Aeroflot", "EtihadAirways", "TurkishAirlines", "LOT" және т.б. сияқты әлемнің озық әуе компанияларының борт журналдарында орналастырылады.

Республикалық арналар мен ірі баспа БАҚ-ты қоса алғанда, Қазақстанның озық БАҚ-на PressFeed және HARO сервистеріне белсенді тарту көзделеді, онда журналистер өздерін қызықтыратын тақырыптарға түсінік беру үшін сарапшыларға сауалдар жариялай алады. Осы сервистер мақсатты нарық болып табылатын елдерде мақалалар мен репортаждарға өз түсіндірмелерін қосуға қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Жыл сайын Қазақстан таныстырылатын халықаралық туристік іс-шаралар тізімі кеңейтіледі (Moscow MICE Forum, IBTM China, New York Times Travel Show, IBTM World Barcelona, ITB Berlin, MITT, CITM, ITE, MATKA, KOTFA және т.б.). Сондай-ақ Қазақстанның бірыңғай стенді астында отандық туристік бизнестің түрлі субъектілерін (отельдер, авто және авиатасымалдаушылар, туроператорлар және т.б.) орналастыруды көздейтін, Қазақстанның көрмелерге қатысу тұжырымдамасы өзгертілетін болады.

Шетелдік көрмелерге қатысумен қатар, шетелдік серіктестердің қатысуымен шетелдік туроператорлар және "ITBAsia" немесе "PATATravelMart" типі бойынша туристік бизнес субъектілері үшін Қазақстанда жыл сайынғы көрмелер өткізілетін болады.

Жыл сайын мақсатты топ елдерінде Қазақстанның туризм жылдары және тиісінше Қазақстанда осы елдердің туризм жылдары айқындалып өткізілетін болады.

"Kazakh Tourism" ҰК" АҚ "бір терезе" қағидасы бойынша отандық туристік бизнес пен туристік операторлар және мақсатты нарықтар елдерінің агенттіктері арасында ынтымақтастықты жолға қою үшін алаңды қамтамасыз етіп, сондай-ақ олар үшін Қазақстан бойынша ақпараттық турлар өткізілетін болады.

5.5.2.3. Ішкі маркетингтік коммуникацияларды қалыптастыру және дамыту

Қазақстандағы ішкі туризмді дамыту бойынша маркетингтік күш-жігерді жүйелеу және үйлестіру мақсатында:

1) республикалық арналардың бірінде елдің туристік әлеуетін ашуға бағытталатын және туристік дестинациялар мен объектілерді дамытудың ағымдағы проблемалары мен перспективаларын талқылау бойынша диалогтық алаңға айналатын "Туристік Қазақстан" телевизиялық хабары іске қосылады;

2) "Kazakh Tourism" ҰК" АҚ-на ішкі маркетингтің іс-шараларды дамытуды жалпы үйлестіру мақсатында, өңірлердегі ТАО-мен тығыз өзара іс-қимыл жасау жөніндегі ақпараттық және әдістемелік сүйемелдеу міндеті жүктеледі.

Аталған шара:

- ТАО жұмыс істеу және басқару моделін стандарттауға;

- ТАО-ның сапалы туристік контентпен үйлестірілген түрде толығына;

- ТАО қызметін цифрландыруға;

- ТАО желісі арқылы бүкіл ел бойынша кәдесый (оның ішінде қолөнершілердің өнімін) ілгерілетуге;

- барлық ірі отандық дестинациялардан кері байланыс алуға жәрдемдеседі;

3) Қазақстан бойынша қалалық, музейлік және киелі экскурсиялар мобильді қосымша түрінде БҰҰ-ның 6 тілінде цифрланады, ол туристердің қалалар бойынша жолбелгілерсіз, аудармашыларсыз және жолнұсқаушыларсыз навигациясын, көптілді гидтердің проблемаларын шешуді, виртуалды экскурсиялардың қолжетімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

4) 3D технологияларды пайдалана отырып, ақпараттық буклеттерді, жолнұсқауларды, афишаларды, флаерлерді, тақырыптық каталогтарды шығару және тарату арқылы тарихи-мәдени мұра объектілерін сапалы ақпараттық сүйемелдеу қамтамасыз етіледі (мысалы, "Ұлы жібек жолының керуен жолдары", "Оңтүстік Қазақстанның киелі жерлері", "Сақ жауынгерлерінің іздерімен", "Бозоқ – көшпелі өркениет жүрегі" атауларымен және т.б.);

5) басым дестинациялар бойынша, оның ішінде ұлттық парктер бойынша жүктелетін электрондық жолнұсқалар жасалады;

6) елде ішкі туризмді ілгерілету мақсаттары үшін қалалық жарнамалық баннерлерге мақсатты квоталар бөлінеді;

7) елдің ірі қалаларында, оның ішінде адамдар көп жиналатын орындарда, мысалы, әуежайларда және теміржол вокзалдарында, сауда және бизнес орталықтарында, орталық алаңдарда және т.б., сондай-ақ әуежайларда, теміржолдарда және автомобиль вокзалдарында сыртқы жарнаманың болуы қамтамасыз етіледі.

5.5.2.4. Интернет ортада туристік өнімдер мен көрсетілетін қызметтерді ілгерілету (цифрлық маркетинг)

Цифрлық маркетинг әртүрлі маркетингтік мақсаттарға қол жеткізу үшін интернет желісінде елдің туристік брендінің болуын қамтамасыз етуді қамтиды. Цифрлық маркетингтің негізгі артықшылықтары аудиторияны интерактивті тарту, ықтимал туристермен сөйлесу мүмкіндігі, таргеттеу арқылы ақылы жарнама үшін мүдделі аудиторияны нақты таңдау, сондай-ақ жарнама нәтижелерін айқын қадағалау болып табылады.

Интернетте қазақстандық туризмді цифрлық ілгерілету және жарнамалау туристің шешім қабылдауының барлық кезеңін қамтуды болжайды: дестинацияға баруға деген шабыттан бастап турды сатып алуға немесе отельді брондауға дейін және дестинацияға бару және пост-саяхат кезеңіне дейін.

Бірінші кезеңде (2019-2021 жылдар) турист шабытына ерекше көңіл аударылады. Екінші кезеңде (2021-2023 жылдар) мемлекеттік деңгейде туристік бизнестің (консультациялар, брондау, сату, виртуалдық турлар және т.б.) онлайнға көшуін ынталандыру шаралары ендіріледі.

Әлеуметтік желілердегі аккаунттар жазылушылар базасын жинауға мүмкіндік береді, кейіннен олар негізгі хабарламаларды алатын аудитория ретінде ғана емес, сондай-ақ біздің "хабарламаларды" өз аудиториясы арасында тарататын елшілер ретінде пайдаланылады. Бұл ретте әлеуметтік желілер басқа цифрлық арналардан тәуелсіз, ақпаратты ілгерілету мен таратудың еркін құралы ретінде әрекет етеді.

Мынадай мақсатты аудиториялар үшін елдік парақшаларды іске қосу қажет:

1) Facebook – Қазақстан, Ресей, Еуропа елдері мен басқа елдер үшін орыс және ағылшын тілдерінде;

2) VK, Одноклассники, Telegram – Қазақстан мен Ресей үшін орыс тілінде;

3) Instagram – ағылшын тілінде, мақсатты аудитория бойынша шектеусіз – Қазақстан, Қытай, Ресей және басқа елдер;

4) Weibo және Wechat – Қытай үшін қытай тілінде, өйткені Қытайда көптеген көпшілікке танымал әлеуметтік желілер жұмыс істемейді.

Ақпарат беруден және дестинацияның негізгі хабарламаларын таратудан басқа, әлеуметтік желілердегі барлық парақшалар туристермен коммуникация жасау арнасы ретінде пайдаланылады.

Booking.com, TripAdvisor, LonelyPlanet, STRIP және т.б. сияқты туристік сайттармен және порталдармен, сондай-ақ мақсатты аудиториялардағы көпшілікке танымал интернет-ресурстармен, бірінші кезекте, контентті жаңарту, ко-брендинг және жарнама бойынша ынтымақтастыққа ерекше көңіл бөлінеді.

Қазақстанның ресми туристік сайты шетелдік туристерді тарту мен туристік өнімді ілгерілетудің негізгі құралы ретінде трансформациялау, жүргізу және сүйемелдеу бойынша жұмыс жалғастырылатын болады (қазіргі уақытта Kazakhstan.travel сайты). Ресурс туристік сала үшін бірыңғай

ақпараттық-коммуникациялық алаңға айналады, сондай-ақ барлық заманауи құралдармен (жүру карталары/схемалары, фотосуреттер, бейнероликтер, виртуалды турлар және т.б.) жарақталады. Қазақстанның туристік порталының тиімділігін арттыру шеңберінде мақсатты нарықтарды ескере отырып, оның көптілділігін қамтамасыз ету қажет.

## 5.6. Туристік саланың дамуын басқару және мониторингтеу жүйесін жетілдіру


### 5.6.1. Басқару жүйесінің жалпы схемасы

Бағдарламаны іске асыру шеңберінде елдің туристік әлеуетін тиімді ілгерітетін және сала дамуында туындайтын мәселелердің шешімін қамтамасыз ететін туристік саланы басқару жүйесі қалыптастырылады.

Саланы басқару туризмнің бағыттары және бизнесті өңірдің туристік әлеуетін дамытуға тарту бойынша жүзеге асырылатын болады. Туризмді бағыттар/түрлері бойынша дамыту туризм саласындағы уәкілетті органның өкілеттіктерін, оның ішінде медициналық туризм, ЕҚТА-да туризмді дамыту, кадрлар дайындау, туристік объектілерді инфрақұрылымдық қамтамасыз ету мәселелерін үйлестіру, бизнеспен өзара іс-қимыл жасау мәселелерінде және т.б. кеңейтуді және қайта қарауды талап етеді.

12-сурет

### Қазақстанның туристік саласын басқару схемасы



Басқару тиімділігін арттыру және жаңа сын-тегеуріндер мен әлемдік конъюнктураның өзгеруіне жедел ден қою үшін саланы басқаруға және оны дамытуға қатысты икемді тәсілдерді пайдалану қажет.

Аталған жүйенің негізгі элементі "KazakhTourism" ҰК" АҚ болады.

Осыған байланысты "KazakhTourism" ҰК" АҚ мынадай өкілеттіктер беріле отырып, Туристік саланың ұлттық операторы болып айқындалады:

1) инвестициялық жобалардың іске асырылуына қатысуға тарту мақсатында әлеуетті инвесторларды іздеуді жүзеге асыру және олармен келіссөздер жүргізу;

2) жаңадан құрылатын жобалау компанияларының капиталына және мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларына бақылаусыз қатысу арқылы инвестициялық жобаларға инвестицияларды жүзеге асыру (10-кесте);

3) туристік саланы дамытуды ынталандыру үшін ақпараттық, білім беру және қаржы ресурстарын тарту мақсатында халықаралық және шетелдік ұйымдармен ынтымақтастық жасау;

4) халықаралық және отандық туристік нарықтарда елдік туристік бренд пен туристік өнімдерді пайдалану және ілгерілету;

5) туристік қызмет саласындағы мамандарды оқыту және олардың біліктілігін арттыру;

6) өзге заңды тұлғаларды құруға және олардың қызметіне қатысу;

7) басым туристік аумақтарды басқаруға қатысу.

10-кесте

### Туристік сала жобаларына тікелей инвестициялар көлемі, млрд.тг.

КРІ	Өлшем бірл.	Әдіснама, есептеу	2020 жыл	2021 жыл	2022 жыл	2023 жыл	2024 жыл	2025 жыл	Жиыны
"Kazakh Tourism" ҰК " АҚ-ның		"Kazakh Tourism" ҰК " АҚ-ның жобаға инвестициялар көлемі, Есептеу формуласы: $Ekt = (C_e - D) - E_i$ Ekt – " Kazakhstan							

инвестициялық жобаларға а қатысуы	млрд. теңге	Tourism" ҰК" АҚ салымы С е – жобаның құны D – борыштық қаржыландыру Е і – инвесторлар мен өзге де қатысушылардың салымы	2,1	2,0	1,8	1,8	1,8	1,8	11,5
Туристік сала жобаларына инвестициялар тарту	млрд. теңге	"Kazakh Tourism" ҰК " АҚ-мен бірлесіп іске асырылатын жобаға тартылған инвестициялар көлемі. Есептеу формуласы: $E_i = (C_e - D) - E_{kt}$ Е і – инвесторлар мен өзге қатысушылардың салымы Ekt – "Kazakh Tourism" ҰК" АҚ салымы С е – инвестиц	4,9	4,8	4,4	4,2	4,2		26,9

		иялық жобаның құны D – борышты к қаржыла ндыру						4,2	
--	--	---	--	--	--	--	--	-----	--

Бұдан басқа, республикалық деңгейдегі (ТОП-10) БТА-ның дамуын басқаруды "KazakhTourism" ҰК" АҚ-ны, ЖАО-ны, "KazakhInvest" ҰК-ны және халықаралық консультанттарды тарта отырып, Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған арнайы басқарушы компаниялар жүзеге асырады. Басқарушы компанияларға жер учаскелерін резервтеу және үлестіру құқығы беріледі. Ол үшін Қазақстан Республикасының туристік қызмет саласындағы заңнамасына өзгерістер енгізу жөніндегі шаралар пысықталады.

Сондай-ақ ЕҚТА туристік әлеуетін арттыру мақсатында іске асыру шеңберінде туризм бөлігіндегі басқарушы компанияға (Топ-10 БТА шеңберінде) беруді көздейтін ұлттық парктерді басқарудың жаңа моделі пилоттық режимде енгізіледі.

Елдің туристік әлеуетін арттырудың және ішкі, сол сияқты шетелдік туристерді тартудың негізгі факторы туристік объектілер мен өнімдерді сапалы әрі жан-жақты ілгерілету болып табылады. Туристік объектілерді халықаралық деңгейде ілгерілетуді және елдік брэндінгіті басқаруды "KazakhTourism" ҰК" АҚ жүзеге асыратын болады.

Өңірлік туристік әлеуетті және туристік объектілерді ілгерілетуді дамыту үшін бизнес өкілдерін DMO (Destination management organization) және DMC (Destination Management Company) тетігін енгізу арқылы саланы басқару процесіне интеграциялау маңызды.

DMO – бұл маркетингке, ілгерілетуге, кейде инфрақұрылымды дамытуға және дестинацияны басқаруға жауапты компания. Оның басқарушы органдарының құрамына мемлекеттік органның өкілдері ғана емес, бизнесмендер де – отельерлер, тасымалдаушылар, рестораторлар, тиісті нарықта жұмыс істейтін туроператорлар да кіреді.

Бизнестің дестинацияны ілгерілету және дамыту бойынша, оның ішінде бюджет қаражатына иелік етуде дауыс беру құқығына ие бола отырып, шешімдер қабылдау процесіне тікелей қатысуы негізгі болып табылады. DMO қызметін қаржыландыру бюджет қаражаты, нарық қатысушыларының мақсатты жарналары, маркетингтік қызметтерді көрсету есебінен жүзеге асырылады.

#### 5.6.2. Есепке алу және мониторингтеу жүйесі



Бағдарламаның іске асырылуын, саланың ағымдағы жай-күйін және дамуын сапалы мониторингтеуді қамтамасыз ету үшін статистикалық деректерді толыққанды пайдалану мақсатында мынадай шаралар қабылданатын болады:

1) туризм бойынша жарияланатын деректердің тізбесіне барлық қажетті статистикалық көрсеткіштер енгізіледі (қазіргі уақытта олардың барлығы жарияланбайды):

- шетелден келушілердің саны;
- санаттар мен облыстар бөлінісіндегі төсек-орын саны;
- ұсынылған төсек-тәулік саны;
- қонақүйлердің толуы;
- орналасқан орындары қызмет көрсеткен шетелдік және ішкі туристер саны;
- елдер бойынша бөлуде транзиттік келушілердің саны;
- шетелдік туристерден түскен кірістер;
- елдер бойынша бөлуде шетелдік туристерден түскен кірістер;
- сапардың мақсаттары бойынша бөлуде шетелдік туристердің келуі;
  - елдер бойынша бөлуде шетелдік туристің Қазақстан Республикасында орташа болу ұзақтығы;
  - елдер бойынша бөлуде шетелдік туристердің Қазақстан Республикасындағы орташа күн сайынғы шығыстары;
  - Қазақстан Республикасының аумағында 24 сағаттан кем болған келушілер;
    - елдер бойынша және сапардың мақсаттары бойынша бөлуде шетелдік туристердің Қазақстан Республикасындағы шығыстарының құрылымы;
    - жасы мен әлеуметтік-экономикалық жағдайы және елдер бойынша бөлуде шетелдік туристер;
    - шетелдік келушілерді Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттері бойынша бөлу.

2) өзекті статистикалық деректерді алу мақсатында туристердің мінез-құлқына және мобильді қосымшаларды пайдаланушылардың сұраныстарына талдау жүргізу арқылы деректерді жинау және цифрлау тетігін енгізу мүмкіндігі қаралатын болады. Бұл туристік саланың ойыншыларын өңірдің туристік өнімдеріне деген қолданыстағы сұраныс және туристердің профилі туралы (демографиялық ақпарат, жасы, ұлты немесе азаматтығы – бұл көбінесе туристердің мінез-құлық ерекшеліктерін айқындайды) ақпараттық қолдаумен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді;

3) ЖБТ бойынша ресми статистиканы жетілдіру үшін ҚР БҒМ/ҰЭМ жанындағы БСО-на орналастыру және бару объектілері бойынша ресми статистика енгізіледі;

4) халықаралық тәжірибені зерделеуді ескере отырып, статистикалық есепке алу жүйесіне үздік практикалар ендіріледі.

Бұдан басқа, Бағдарлама көрсеткіштерінің жүйесі/жиыны және мемлекеттік органдар мен ұлттық компаниялар арасында оларға қол жеткізу үшін жауапкершілікті бөлу қалыптастырылады.

Қазақстан Республикасының елшіліктер мен консулдықтарының өкілдері үшін туристерді тарту және оларға қызмет көрсету бойынша мыналар сияқты КРІ енгізіледі:

- 1) негізгі нарықтар бөлінісінде 14-күндік визаны ресімдеуге жұмсалған орташа уақыт;
- 2) негізгі нарықтар бөлінісінде виза беруден бас тарту %-ы;
- 3) негізгі нарықтардан келуші туристердің өсімі.

Министрліктер мен ведомстволардың, сондай-ақ облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана әкімдіктерінің туризмді дамыту мәселелері бойынша қызметінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау жүргізілетін болады.


### 5.6.3. Бағдарламаның іске асырылуын басқаруды ұйымдастыру

Бағдарламаны іске асыру жобалық басқару негізінде ұйымдастырылады, оған сәйкес мәселелерді шешу және іс-шараларды іске асыру жобалар түріндегі нысанға айналады.

Бағдарламаны іске асырудың ұйымдық құрылымы Бағдарламаның басқарушы кеңесін, Бағдарламаның басқару кеңсесін, Жобалық жұмыс топтарын, Бағдарламаны басқарудың өңірлік кеңселерін құруды көздейді.

13-сурет

### Бағдарламаның іске асырылуын мониторингтеу жөніндегі жобалық кеңсе\*



\* "ЕҚТА мен санаторийлерді дамыту" бөлігінде Бағдарламаны басқару Қазақстан Республикасының Президенті Іс басқармасының қатысуымен жүзеге асырылатын болады.

Бағдарламаның басқарушы кеңесі функцияларына Бағдарламаны іске асыру нәтижелері мен статутын бағалау, Бағдарламаны іске асыруды ведомствоаралық үйлестіру, стратегиялық мәселелер мен туындайтын қайшылықтар бойынша шешімдер қабылдау, жобалардың басқарушы құжаттамалары мен жұмыс регламенттерін бекіту, Бағдарламаны түзету қажеттілігі туралы шешімді шығару кіретін басқарушы орган болып табылады. Бағдарламаның басқарушы кеңесінің құрамына мүдделі орталық және жергілікті атқарушы органдардың, туризм жөніндегі ұлттық оператордың, "Атамекен" ҰКП бірінші басшылары кіреді. Сондай-ақ Туризм жөніндегі кеңестің негізінде қажетті өкілеттіктер беріле отырып, Бағдарламаның басқарушы кеңесін қалыптастыруға болады.

Бағдарламаны іске асырудың атқарушы органы жобалардың іске асырылуын сүйемелдеуді, оларды мониторингтеу мен бақылауды, әдістемелік қамтамасыз ету мен Бағдарламаны іске асырудың нәтижелері мен барысы туралы тиісті есептер дайындауды жүзеге асыратын Бағдарламаны басқару кеңесі болып табылады. Бағдарламаны басқару кеңесін Туризм жөніндегі ұлттық оператор базасында ұйымдастыру көзделеді.

Жобаларды тікелей іске асыруды құрамын тағайындау мен бекітуді Бағдарламаның басқарушы кеңесі жүзеге асыратын Жобалық топтар не Атқарушы ұйымдар жүзеге асыратын болады.

Жергілікті атқарушы органның бірінші басшысы жетекшілік ететін және Бағдарламаны басқару кеңесіне есеп беретін Бағдарламаны басқарудың өңірлік кеңселері арқылы нақты өңір (облыс, республикалық маңызы бар қала) шеңберінде туындайтын бағдарламаны іске асыру мәселелерін шешуді үйлестіру және өңірлік деңгейде өңірлік жобалардың іске асырылуын басқару көзделеді.

Бағдарламаны іске асыруға қатысатын әрбір жауапты орындаушы үшін ( жобалардың жетекшілері, орталық және жергілікті атқарушы органдардың басшылары) КРІ белгіленеді, ол бойынша олардың Бағдарламаны іске асыруға тартылуы мен жұмысының тиімділігін бағалау жүргізілетін болады.

## 6. Қажетті ресурстар

Жылдар бойынша	Барлығы, млн. теңге	Республикалық бюджет, млн. теңге	Жергілікті бюджет, млн. теңге	Басқа көздер, млн. теңге
2019	58 748,7	49639,1	3 403,6	5 706,0
2020	216 890,2	37 142,6	17 783,2	161 964,4,
2021	293 248,6	54 830,3	45 556,7	192 861,6
2022	325 273,6	51 637,7	37 863,7	235 772,2

2023	240 787,5	33 609,0	28 635,3	178 543,2
2024	157 236,6	22 115,4	19 939,6	115 181,6
2025	93 510,6	19 317,6	18 985,8	55 207,2
<b>ЖИЫНЫ</b>	<b>1 385 695,8</b>	<b>268 291,8</b>	<b>172 167,9</b>	<b>945 236,2</b>

Қазақстан Республикасының  
туристік саласын дамытудың  
2019 – 2025 жылдарға арналған  
мемлекеттік бағдарламасына  
1-қосымша

### Республикалық деңгейдегі Туристендіру картасы объектілерінің тізбесі (ТОП-10)

Р/с№	Туристік объектінің атауы (тақырыптық саябақ, санаторий, отель, кесене, музей және т.б.)	Өңір	Объектінің бірегейлігі (объектіге "туристік магнит" болуға мүмкіндік беретін себептердің қысқаша сипаттамасы)	Туристік ағым, жылына адам	
				Қолда бар	Әлеуетті
1	2	3	4	5	6
1.	АЛАКӨЛ КӨЛІНІҢ ЖАҒАЛАУЫ			772 000	2 500 000
1.1.	Алакөл – Алматы бөлігі	Алматы облысы	Алакөл көлі – Қазақстанның ішкі су айдыны арасындағы көлемі бойынша екінші және республиканың ағынсыз көлдері арасындағы жалғыз терең сулы көл. Алакөл көлінің суы ащы, теңіз суы. Тұзды құрамы хлорид-натрийлі сипатқа ие, ол Қара теңіз суымен салыстырылады және Менделеевтің барлық дерлік кестесін қамтиды. Ол емдік суымен ғана емес, ауасымен,		1 500 000

			күкіртеутекті балшығымен танымал	372 000	
1.2.	Алакөл – ШҚО бөлігі	Шығыс Қазақстан облысы	Химиялық құрамы бойынша Қара теңіз суымен салыстырылады және Менделеевтің барлық дерлік кестесін қамтиды, бұл көптеген ауруларды емдеуге көмектеседі. Көлде кейбір ауруларды емдеуге көмектесетін минералдық балшық көздері бар	400 000	1 000 000
АЛМАТЫ ӨҢІРІНІҢ ТАУ (ТАУ ШАҢҒЫСЫ) КЛАСТЕРІ				500 000	3 000 000
	2.1. Түрген	Алматы облысы	Ең заманауи талаптарға жауап беретін, барлық маусымға арналған туристік-спорттық курорт аймағы		
	2.2. Шымбұлақ	Алматы облысы	Курорт қонақтарға әртүрлі қызметтер мен белсенді демалыс ұсына отырып, жыл бойы жұмыс істейді Жазда ол таудан велосипедпен түсу, парапланда ұшу, баггиде сырғанау, шыңға шығу және кәсіби гидпен экскурсия	502 226	

		сияқты экстремалды ойын-сауық ұсынады		
2.3. Табаған	Алматы облысы	Барлық заманауи талаптарға жауап беретін барлық маусымға арналған ірі халықаралық туристік орталық		
2.4. Ақбұлақ	Алматы облысы	Барлық заманауи талаптарға жауап беретін барлық маусымға арналған ірі халықаралық туристік орталық		
2.5. "Үлкен Алматы арнасы"	Алматы облысы	Белсенді туризмге, агротуризмге арналған аймақ		
2.6. Шарын шатқалы	Алматы облысы	Шатқалдың назар аударарлық орындарының бірі – Қорғандар алаңы болып саналады, бұл көзге көрінбейтін алпауыттар құрастырған тәрізді мұнаралар түріндегі жартас түзілімдері. Қақпа аңғары ұзындығы 2 км асады, әртүрлі жерлерде ені 20-дан 80 м дейін жетеді. Туристер үшін жайлы демалысқа барлық жағдай жасалған.		

			<p>М Ұ Т П аумағында 1500-ден астам өсімдік түрі өседі, олардың 17-сі Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген және сүтқоректілердің 62 түрі, ұя салатын құстардың 103 түрі, рептилиялардың 25 түрі мекендейді. Жасы: шамамен 12 миллион жыл</p>		
	2.7. "Тәңірі" курорт қаласы	Алматы облысы	<p>Курорт қаланың инфрақұрылымына 6000 фешенебельді нөмірі бар 5 жұлдызды отель, ірі өндірушілердің сауда орындары бар сауда орталығы, мейрамханалар, 500 ойын үстелі бар қонақтардың мол санын қабылдауға арналған ойын кешені мен 12 000 ойын автоматы және "Тенгри" халықаралық аэропорт кіреді</p>		1 000 000
	ЩУЧИНСК-БУРАБАЙ КУРОРТТЫҚ АЙМАҒЫ			750 000	2 000 000
			<p>Курорттың позициялануы: белсенді, отбасылық жыл бойғы демалысқа бағдарланған 4* + курорттық кешен. 800</p>		

3

	"Ақ Бура" курорттық аймағы (233 га)	Ақмола облысы	нөмірде және жеке иеліктегі 425 үйде тұрудың жайлы жағдайларымен қатар ойын-сауық пен демалыстың кең спектрі. Құрылыс ауданы 162 000 м <sup>2</sup> , бұл курорт ауданының 25 % -ын құрайды, осылайша курорт тығыз емес құрылыс санатына жататын болады		
	"Бурабай" тау шаңғысы кешені		Қазақстандағы шаңғы спортын дамыту және дәріптеу, қосымша жұмыс орындарын құру, әлемдік деңгейде құзғашығу чемпионатын өткізу үшін құзғашығушыларды тарту		
	Бурабай кентіндегі конгресс-холл		Ақмола облысындағы қуаты 1500 отыратын орны бар ірі концерттік-көрме алаңы		
	<b>"МАҢҒЫСТАУ" ТУРИСТІК АЙМАҒЫ</b>		50 000	750 000	
			"Маңғыстау" инфрақұрылымдық-рекреациялық кешені жобасы өңір экономикасын әртараптандыру үшін туризмге, ауыл шаруашылығын және көлік		



4	"Маңғыстау" туристік аймағы	Маңғыстау облысы	<p>логистикасына каталитикалық инвестицияларды қамтамасыз етуі мүмкін. ЖІӨ үшін жылына 194 млрд. теңгеге дейін нәтиже алу және 488-769 млрд. теңге мөлшерінде жалпы инвестициялар кезінде 21 мыңға дейін тұрақты жұмыс орындарын құру болжанады. Мемлекетке қаржы жүктемесін жобаны – 3 сатыда іске асыру есебінен уақытқа бөлуге болады. Бірінші сатыда жалпы инвестициялар 46-77 млрд. теңгені құрайды, олардың ішінен 16 млрд. теңгесі мемлекеттен беріледі.</p>		
			<p>Түркістан қаласы – ғасырлар бойы қазақ халқының тарихында үлкен рөл атқарған Қазақстанның көне қалаларының бірі. XII ғасырда ойшыл ақын Қожа Ахмет Яссауи өмір сүріп, осы жерде жерленген. 1396-1398 жж. Қожа Ахмет Яссауи ескі кесенесінің</p>		

5	К ө н е Түркістанның тарихи ортасын калпына келтіру	Түркістан облысы	көнерген орнында Әмір Темірдің бұйрығы бойынша орасан з о р мемориалдық жаңа кешеннің кұрылысы басталды. XVI – XVIII ғасырларда қала Қ а з а қ хандығының астанасы болды. Мұнда көптеген атақты қазақ хандарының резиденциялары болған.	500 000	1 500 000
6	MICE туризмді дамыту	Нұр-Сұлтан қаласы	Нұр-Сұлтан қаласының әлеуметтік-экон омикалық өміріндегі өзгерістер MICE-туризмді дамыту үшін м о л мүмкіндіктер береді. Замануи көрінісі және инфрақұрылым ы бар біздің мемлекетіміздің жас астанасы ретінде қалаға қызығушылықт ың артуы көптеген экономикалық көрсеткіштерме н расталады. Қаржыландыруд ың айтарлықтай көлемін тарту астананың жоғары инвестициялық тартымдылығын растайды. Нұр-Сұлтан қаласының халықаралық		1 500 000

			рейтингі Еуропа мен әлемнің ең ірі қалаларымен теңестірілді. Нұр-Сұлтанда астананың қалалық туризм кластерін дамыту үшін барлық қажетті мүмкіндіктер бар	500 000	
7	Балқаш көлі жағалауы	Қарағанды облысы	Көл бірегейлігі – ол судың әртүрлі химиялық сипаттамаларымен жіңішке бұғазбен екі бөлікке бөлінген, батыс бөлігі – тұщы, ал шығысы – ащы. Көлемі жағынан Орталық Азия мен ТМД бойынша екінші орында. Көлдің рекреациялық әлеуеті мен маңайдағы көрікті жерлері көптеген туристерді қызықтырады (Бектау-Ата шатқалы, тоғайлы орман)	130 000	400 000
8	Баянауыл курорт аймағы	Павлодар облысы	Баянауыл курорт аймағының аумағы, бірегей таулы алабымен "Баянауыл" ұлттық саябағына кіретін 4 көлді: Жасыбай, Сабындыкөл, Торайғыр, Біржанкөл көлдерін қамтитын		450 000

			Қазақстан даласының оазисі болып табылады.	200 000	
9	Имантау-Шалқар курорт аймағы	Солтүстік Қазақстан облысы	<p>Бұл аумақта жағажай туризмі үшін әдемі көлдері және белсенді демалыстың қысқы түрлері бар Шалқар мен Имантау ең танымал көлдері .</p> <p>Қызық мүсінделген жұрнақ-таулары бар белес-бөктерлі үстірттен және көлдердің шұңқырларынан тұратын, орманды дала өсімдіктері мен қарағайлы орманмен үйлескен көркем табиғат бұл аймақты туризм үшін тартымды етеді.</p> <p>Ауданда тарих пен мәдениет ескерткіштер бар: Айғаным мекені, Ш.Уәлихановтың Сырымбет тарихи-этнографиялық музейі, Қарасай-Ағынтай батырлардың мемориалдық кешені, Ботай қонысы, Ақан серінің мүсіндік композициясы және туристер үшін өзге де тартымды объектілер.</p>	130 000	400 000

10	"Байқоңыр" туристік аймағы	Қызылорда облысы	Байқоңыр ғарыш айлағы әлемдегі алғашқы әрі ең ірі, халықаралық маңыздағы ғарыш айлағының аса күрделі техникалық құрылыстарына н тұратын бірегей кешен болып табылады	50 000	250 000 – 500 000
----	-------------------------------	---------------------	---	--------	----------------------

Қазақстан Республикасының  
туристік саласын дамытудың  
2019 – 2025 жылдарға арналған  
мемлекеттік бағдарламасына  
2-қосымша

### Өңірлік деңгейдегі туристендіру картасы объектілерінің тізбесі (ТОП-50)

Ескерту. 2-қосымшаға өзгеріс енгізілді – ҚР Үкіметінің 04.02.2020 № 34  
қаулысымен.

Жобаның №	Объектінің №	Атауы	Туристік объектінің атауы	Объектінің бірегейлігі (объектіге "туристік магнит" атауына ие болуға мүмкіндік беретін себептің қысқаша сипаттамасы)	Туристік ағым, жылына адам	
					колда бар	әлеуетті
1	2	3	4	5	6	7
Нұр-Сұлтан қаласы – 8 объект						
Қолданыстағы жобалар: 5						
	1		Бәйтерек монументі	Металдан, әйнектен және бетоннан жасалған бірегей сәулет құрылысы. Биіктігі – 105 м, салмағы – 1000 тоннадан артық 500 қадада тұр және соларға тірелген. 1997 жылды – Нұр-Сұлтанды мемлекеттің жаңа астанасы деп жариялаған жылды бейнелейді.	584 400	600 000
	3		Бейбітшілік және келісім	Пирамида түріндегі бірегей сәулет құрылысы – достық, бірлік пен Қазақстан жеріндегі		200 000

1			сарайы (Пирамид а)	бейбітшіліктің белгісі болып табылады.	189 000		
	4	Нұр-Сұлт а н қаласын ың сәулет-мәдениет объектіле рі	"Астана Опера" мемлекет тік опера және балет театры	Әлемдік сәулетшіліктің үздік классикалық дәстүрлерін ескере отырып салынған, театр сәулетінде қазақ ұлттық колориті көрінеді.	117 593	125 000	
	5		"Хан Шатыр" СОСО	Әлемдегі ең ірі шатыр: шпиль бойынша биіктігі – 150 метр, жалпы ауданы – 127 мың шаршы метр ForbesStyle журналының нұсқасы бойынша үздік әлемдік экоғимараттардың ондығына кірді	күніне орта есеппен 40 000 - 50 000 адам		
	6		"Қазақста н " орталық концерт залы	3500 орынға арналған сәулеттік және акустикалық сипаттамалары бойынша бірегей кешен, қашықтан бір пульттен басқарылатын көп функционалды сахнасы ( ауданы 274 шаршы м.) бар	150 000	170 000	
	7		"Тәуелсіздік сарайы"	Сәулеттік ерекшелігі – тірек қабырғалары қазақтың керегесі , киіз үй күмбезі пішінінде. Ғимараттардың сыйымдылығы , техникалық жабдықталуы және жайлылығы барлық халықаралық оқиғаларды өткізуге және жария етуге мүмкіндік береді	250 000	300 000	
	2	8		АЛЖИР саяси репрессия және тоталитаризм құрбандарының музей-мемориалдық кешені	"АЛЖИР" посткеңестік кеңестік аумағындағы 62 ұлттың тұтқындалған әйелдерінің, өткен жүз жылдықтың тоталитарлық жүйесі құрбандарының естелігіне арналған жалғыз объекті болып табылады	26 000	30 000
	3	9	"Нұр Әлем" сферасы	"Нұр Әлем" сферасы "Болашақ энергияс	Төбесінде шусыз екі жел генераторы орнатылған, диаметрі 80 метр сфера пішініндегі бірегей ғимарат.	ЭКСПО өткізген жылы –	500 000

		"Болашақ энергиясы" музейі	"Болашақ энергиясы" музейі	"Нұр Әлем" республикадағы болашақ энергиясының алғашқы технологиялық музейі болып табылады және ол 8-қабаттан тұрады	3,5 млн. астам келуші	
4	10	Нұр-Сұлтанның медициналық кластері	1) "Республикалық диагностикалық орталық" АҚ 2) "Ұлттық балаларды оңалту орталығы" АҚ 3) "Ұлттық ана мен бала ғылыми орталығы" АҚ 4) "Ұлттық онкология және трансплантология ғылыми орталығы" АҚ 5) "Ұлттық кардиохирургия ғылыми орталығы" КеАҚ 6) "Ұлттық нейрохирургия орталығы" АҚ 7) ҚР Президентінің Іс басқармасы Медицина	1) Қуаты бір ауысымда – 500 келуші. Ядролық медицина әдістерімен консультациялар мен диагностика 2) Қуаты – 306 орын. Психоневрологиялық патологиясы бар балаларға реабилитациялық көмек. 3) Қуаты – 500 орын. Неонатология, акушерлік-гинекология, және экстракорпоралдық ұрықтандыру. 4) Қуаты – 220 орын. Онкогематология, трансплантология, ортопедия. 5) Қуаты – 200 орын. Орта Азиядағы Озық кардиохирургиялық клиника 6) Орта Азияда дәл диагностика бойынша теңдесі жоқ. 7) Медициналық көрсетілетін қызметтердің 1444 түрі бар, емдік-диагностикалық және қосалқы аппаратураның 900-ден астам атауы қолданылады	3 391	

			алық орталығының ауруханасы			10 000
5	11	Нұр-Сұлтанның білім беру кластері	"Назарбаев Университет" ДБҰ; Л. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті; С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті; "Астана" медициналық университеті; ҚазМЗА	2010 жылы Елбасының бастамасы бойынша құрылған Назарбаев Университеті халықаралық деңгейдегі зерттеу университеті болуға бағдарланған, елдегі жоғары білімнің флагманы болып табылады. Университетте 446 профессор және оқытушы сабақ береді, олардың 78%-ы шетелдіктер. Магистратураның 25 бағдарламасы және PhD-дің 3 бағдарламасы бар.	"Назарбаев Университет" ДБҰ-да 4234 студент білім алуда	500
Жаңа жобалар: 3						
6	12	Ғарыш музейі	Ғарыш музейі (жоба бастамашысы "Қазақстан Ғарыш Сапары" ҰК АҚ)	Ғарыш тарихына негізделген бірегей туристік өнімді, әлемдік деңгейдегі ойын-сауық орталығын, ғылыми-зерттеу және оқу орталығын құру		400 000
7	13	Жабық аквапарк	Әлемдік деңгейдегі жабық аквапарк (Базис-А)	Әлемдік деңгейдегі рекреациялық орталық құру, ТМД елдерінен туристерді тарту		300 000
				Қолданбалы сипаттағы туризм		



8	14	Халықаралық туризм университеті	Халықаралық туризм университеті	саласындағы мамандарды даярлау бойынша Орта Азия өңіріндегі тұңғыш салалық университетке айналады		2 000
Ақмола облысы – 2 объект						
9	4	Зеренді курорт аймағы	Зеренді курорт аймағы	Зеренді – тектоникалық тектес үлкен көл. Зеренді көлі теңіз деңгейінен жоғары орналасқан (370 м), аз кескінделген жағалау сызығы бар. Көлдің ұзындығы 7 км, тереңдігі 6 м. Көлдің суы тұщы, мөлдір, жазда судың температурасы Цельсий бойынша 24 градусқа дейін жетеді. Зеренді осы аймақтың ең әдемі көлдерінің бірі болып есептеледі. Зеренді тек табиғаттың сәні ғана емес, сонымен қатар туристердің сүйікті жері болып табылады	40 000	70 000
